



ЖАРИЯ ОФЕРТА

GYLYM MEKTEBI білім беру қызметтерін, қосымша білім беру қызметтерін, тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді және өзге де ілеспе қызметтерді көрсету туралы

ПУБЛИЧНАЯ ОФЕРТА

об оказании образовательных услуг, дополнительных образовательных услуг, услуг по организации питания и иных сопутствующих услуг GYLYM MEKTEBI

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
Екібастұз қаласы. Редакция: 2026 жылғы «18» маусым	г. Екибастуз. Редакция: «18» июня 2026 года
Бұдан әрі «Мектеп» деп аталатын «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 221040010748, Жарғы және 2026 жылғы 22 қаңтардағы бұйрық негізінде әрекет ететін мектептің атқарушы директоры Дмитрачков Владимир Сергеевич атынан осы арқылы кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдеріне осы жария оффертада баяндалған талаптармен білім беру қызметтерін, қосымша білім беру қызметтерін, тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді және өзге де ілеспе қызметтерді көрсету туралы шарт жасасуды ұсынады.	Товарищество с ограниченной ответственностью «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі», БИН 221040010748, именуемое в дальнейшем «Школа», в лице исполнительного директора школы Дмитрачкова Владимира Сергеевича, действующего на основании Устава и приказа от 22 января 2026 года, настоящим предлагает родителям и иным законным представителям несовершеннолетних детей заключить договор об оказании образовательных услуг, дополнительных образовательных услуг, услуг по организации питания и иных сопутствующих услуг на условиях, изложенных в настоящей публичной оффере.
Осы жария офферта Мектептің ресми ұсынысы болып табылады және Мектепке оқуға түсетін, Мектепте оқитын не оқуын жалғастыратын балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдеріне арналған.	Настоящая публичная офферта является официальным предложением Школы и адресована родителям и иным законным представителям детей, поступающих, обучающихся либо продолжающих обучение в Школе.
Осы жария оффертаның талаптарын қағаз жеткізгіштегі акцепт-өтінішке қол қою арқылы не ЭЦК, SMS-растау, LMS, egov.kz порталы, жеке кабинет немесе Мектеп қолданатын электрондық сәйкестендірудің өзге тәсілі арқылы қабылдаған тұлға бұдан әрі «Ата-ана» немесе «Заңды өкіл» деп аталады. Таңдалған ақылы қызметке ақы төлеу, жеке кабинетте қызметті таңдау немесе қызметке арналған өтінішке қол қою акцептті тек тиісті қызметке қатысты растайды. Оқуға қабылдау мәселесін қарау үшін құжаттарды ұсыну өздігінен оффертаның акцепті болып табылмайды және Мектептің Білім алушыны оқуға қабылдау міндетін туғызбайды.	Лицо, принявшее условия настоящей публичной офферты путем подписания заявления-акцепта на бумажном носителе либо посредством ЭЦП, SMS-подтверждения, LMS, портала egov.kz, личного кабинета или иного способа электронной идентификации, применяемого Школой, именуется в дальнейшем «Родитель» или «Законный представитель». Оплата выбранной платной услуги, выбор услуги в личном кабинете или подписание заявления на услугу подтверждают акцепт только в отношении соответствующей услуги. Предоставление документов для рассмотрения вопроса о зачислении само по себе не является акцептом офферты и не порождает обязанности Школы зачислить Учащегося.
Осы офферта оның талаптарын қабылдаған әрбір тұлғаға қатысты акцептке қол қойылған сәттен бастап, бірақ 2026 жылғы 01 қыркүйектен ерте емес, қолданылады.	Настоящая офферта действует в отношении каждого лица, принявшего ее условия, с момента подписания акцепта, но не ранее 01 сентября 2026 года.
Ата-ана оның мүддесі үшін осы жария оффертаның талаптарын қабылдайтын, Мектепке оқуға түсетін, Мектепте оқитын не Мектепте оқуын жалғастыратын бала бұдан әрі «Білім алушы» деп аталады.	Ребенок, в интересах которого Родитель принимает условия настоящей публичной офферты, поступает в Школу, обучается в Школе либо продолжает обучение в Школе, именуется в дальнейшем «Учащийся».
Мектеп, Ата-ана және Білім алушы бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталады.	Школа, Родитель и Учащийся далее совместно именуются «Стороны», а по отдельности – «Сторона».
Осы жария офферта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының отбасы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ «Мемлекеттік және жеке меншік білім беру ұйымдарында орта білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыру бойынша білім беру саласындағы пилоттық жоба туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 10 ақпандағы № 34-НҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 10 ақпандағы № 92 бірлескен бұйрығын және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана	Настоящая публичная офферта разработана в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об образовании», законодательством Республики Казахстан о персональных данных и их защите, законодательством Республики Казахстан о правах ребенка, семейным законодательством Республики Казахстан, а также с учетом совместного приказа Министра просвещения Республики Казахстан от 10 февраля 2026 года № 34-НК, Министра финансов Республики Казахстан от 10 февраля 2026 года № 92 и соответствующих постановлений акиматов областей, городов республиканского значения и столицы «О пилотном проекте в области образования по финансированию государственного образовательного заказа на среднее образование в государственных и частных

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
әкімдіктерінің тиісті қаулыларын, аталған пилоттық жобаны жүргізудің бекітілген тетігін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және Мектептің ішкі актілерін ескере отырып әзірленді.	организациях образования», включая утвержденный механизм проведения указанного пилотного проекта, иных нормативных правовых актов Республики Казахстан и внутренних актов Школы.
1-параграф. Жалпы ережелер	Параграф 1. Общие положения
Тараптар адал, парасатты және Білім алушының құқықтары мен заңды мүдделерінің басымдығын ескере отырып әрекет етуге міндеттенеді. Осы офертада көзделген Мектептің құқықтары Қазақстан Республикасы заңнамасының шегінде, нақты жағдайдың сипатын, Білім алушының жасын, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету қажеттігін, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің құқықтарын және Ата-ананың заңды мүдделерін ескере отырып жүзеге асырылады.	Стороны обязуются действовать добросовестно, разумно и с учетом приоритета прав и законных интересов Учащегося. Права Школы, предусмотренные настоящей офертой, реализуются в пределах законодательства Республики Казахстан, с учетом характера конкретной ситуации, возраста Учащегося, необходимости обеспечения безопасной образовательной среды, прав других учащихся, работников Школы и законных интересов Родителя.
Мектептің белгілі бір шешім қабылдау құқығының болуы мұндай құқықтың озбырлықпен қолданылуын білдірмейді. Ата-ананың немесе Білім алушының елеулі құқықтарын қозғайтын Мектеп шешімдері нақты жағдайдың мән-жайларын ескере отырып қабылданады және Ата-анаға өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы жеткізіледі.	Наличие у Школы права принять определенное решение не означает произвольного применения такого права. Решения Школы, затрагивающие существенные права Родителя или Учащегося, принимаются с учетом обстоятельств конкретного случая и доводятся до Родителя через официальные каналы взаимодействия.
1.1. Осы жария оферта Мектептің білім беру қызметтерін, қосымша білім беру қызметтерін, тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді, үйірмелерді, секцияларды, қызметтер пакеттерін, тұру қызметін, сондай-ақ Білім алушыны оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға және оның Мектепте болуына байланысты өзге де ілеспе қызметтерді көрсетуінің жалпы талаптарын айқындайды.	1.1. Настоящая публичная оферта определяет общие условия оказания Школой образовательных услуг, дополнительных образовательных услуг, услуг по организации питания, кружков, секций, пакетов услуг, проживания, а также иных сопутствующих услуг, связанных с обучением, воспитанием, развитием и пребыванием Учащегося в Школе.
1.2. Осы жария оферта, Ата-ана осы офертаның талаптарын қабылдаған жағдайда, Мектептің барлық Білім алушыларына, оның ішінде жаңадан оқуға түсетін Білім алушыларға, бұрын оқуға қабылданған Білім алушыларға, сондай-ақ келесі оқу жылдарында оқуын жалғастыратын Білім алушыларға қолданылады.	1.2. Настоящая публичная оферта применяется ко всем Учащимся Школы, включая вновь поступающих Учащихся, ранее зачисленных Учащихся, а также Учащихся, продолжающих обучение в последующие учебные годы, при условии принятия Родителем условий настоящей оферты.
1.3. Мектепте оқыту бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, оқу жоспарларына, жұмыс оқу жоспарларына, сабақ кестесіне, Мектептің ішкі актілеріне және осы офертаның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.	1.3. Обучение в Школе осуществляется по образовательным программам начального образования, основного среднего образования и общего среднего образования в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования Республики Казахстан, учебными планами, рабочими учебными планами, расписанием занятий, внутренними актами Школы и условиями настоящей оферты.
1.4. Мектепте оқыту орыс және/немесе қазақ тілінде жүзеге асырылуы мүмкін. Нақты оқыту тілі, сынып, оқу жылы және Білім алушы туралы өзге де жеке мәліметтер Ата-ананың акцепт-өтінішінде және/немесе осы офертаның өзге де қосымшаларында көрсетіледі.	1.4. Обучение в Школе может осуществляться на русском и/или казахском языке обучения. Конкретный язык обучения, класс, учебный год и иные индивидуальные сведения об Учащемся указываются в заявлении-акцепте Родителя и/или иных приложениях к настоящей оферте.
1.5. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберіндегі білім беру бағдарламасы бойынша негізгі оқыту мынадай түрде жүзеге асырылуы мүмкін:	1.5. Основное обучение по образовательной программе в рамках государственного общеобязательного стандарта образования может осуществляться:
1.5.1) білім беру ваучері есебінен;	1.5.1) за счет образовательного ваучера;
1.5.2) мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен;	1.5.2) за счет государственного образовательного заказа;
1.5.3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мемлекеттік қаржыландырудың өзге тетігі есебінен;	1.5.3) за счет иного механизма государственного финансирования, предусмотренного законодательством Республики Казахстан;
1.5.4) білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге тетігі болмаған, расталмаған, тоқтатыла тұрған, тоқтатылған не оқытудың тиісті кезеңін жаппаған	1.5.4) на платной основе за счет средств Родителя или иных законных источников, если образовательный ваучер, государственный образовательный заказ или иной механизм государственного

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
жағдайда – Ата-ананың қаражаты немесе өзге де заңды көздер есебінен ақылы негізде.	финансирования отсутствует, не подтвержден, приостановлен, прекращен либо не покрывает соответствующий период обучения.
1.6. Рассталған білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де рассталған тетігі болған кезде Мектеп Ата-анадан Білім алушыны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберіндегі білім беру бағдарламасы бойынша негізгі оқытқаны үшін ақыны тиісті қаржыландырумен жабылатын бөлікте және сол кезеңде алмайды.	1.6. При наличии подтвержденного образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного подтвержденного механизма государственного финансирования Школа не взимает с Родителя оплату за основное обучение Учащегося по образовательной программе в рамках государственного общеобязательного стандарта образования в той части и за тот период, которые покрываются соответствующим финансированием.
1.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, білім беру ваучерінде, мемлекеттік білім беру тапсырысында, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасында немесе өзге де қаржыландыру тетігінде өзгеше тікелей көзделмесе, тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, жеке сабақтар, ұзартылған күн, қызметтер пакеттері, тұру қызметі, буфетке арналған баланс, қосымша курстар, шығармашылық, технологиялық, спорттық бағыттар және МЖМБС бойынша негізгі оқытудың міндетті көлеміне кірмейтін өзге де қызметтер жеке көрсетіледі және оларға Ата-ана осы офертада, қызметтер каталогында және тиісті қосымшаларда көзделген тәртіппен ақы төлейді.	1.7. Питание, дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, индивидуальные занятия, продленный день, пакеты услуг, проживание, баланс на буфет, дополнительные курсы, творческие, технологические, спортивные направления и иные услуги, не входящие в обязательный объем основного обучения по ГОСО, оказываются отдельно и оплачиваются Родителем в порядке, предусмотренном настоящей офертой, каталогом услуг и соответствующими приложениями, если иное прямо не предусмотрено законодательством Республики Казахстан, образовательным ваучером, государственным образовательным заказом, программой финансирования дополнительных услуг или иным механизмом финансирования.
1.8. Жекелеген қызметтер заңнамада, санитариялық, білім беру немесе өзге де міндетті талаптарда, Мектептің ішкі актілерінде не Ата-ана таңдаған қызметтер пакетінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Ата-ананың қосымша қызметтерді таңдауы Білім алушының МЖМБС бойынша негізгі білім алушының міндетті шарты болып табылмайды.	1.8. Выбор Родителем дополнительных услуг не является обязательным условием получения Учащимся основного образования по ГОСО, за исключением случаев, когда отдельные услуги прямо предусмотрены законодательством, санитарными, образовательными или иными обязательными требованиями, внутренними актами Школы либо выбранным Родителем пакетом услуг.
1.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, мемлекеттік білім беру тапсырысында, білім беру ваучерінде, санитариялық талаптарда, Білім алушының жас санатына байланысты, Ата-ана таңдаған қызметтер пакетінде немесе Мектептің жеке шешімінде өзгеше тікелей көзделмесе, Білім алушыны тамақтандыру МЖМБС бойынша негізгі оқытудың құрамына кірмейді. Тамақтандыруды ұйымдастыру талаптары, оның құны, төлем, қайта есептеу және тамақтандырудан бас тарту тәртібі, тамақтандыру қызметтерін іс жүзінде көрсететін тұлға туралы мәліметтер, сондай-ақ Ата-ананың Білім алушының аллергиялары, қарсы көрсетілімдері және денсаулық ерекшеліктері туралы мәліметтерді ұсынуы үшін жауапкершілігі жеке қосымшамен және/немесе тамақтандыруға арналған жеке шартпен айқындалады.	1.9. Питание Учащегося не входит в состав основного обучения по ГОСО, если иное прямо не предусмотрено законодательством Республики Казахстан, государственным образовательным заказом, образовательным ваучером, санитарными требованиями, возрастной категорией Учащегося, выбранным Родителем пакетом услуг или отдельным решением Школы. Условия организации питания, его стоимость, порядок оплаты, перерасчета, отказа от питания, сведения о лице, фактически оказывающем услуги питания, а также ответственность Родителя за предоставление сведений об аллергиях, противопоказаниях и особенностях здоровья Учащегося определяются отдельным приложением и/или отдельным договором на питание.
1.10. Қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар және өзге де сабақтар Ата-ананың нақты қызметке не қызметтер пакетіне арналған жеке өтініші бойынша, Мектеп бекіткен қызметтер каталогына, кестеге, құнға және қатысу қағидаларына сәйкес ұсынылады.	1.10. Дополнительные образовательные услуги, кружки, секции и иные занятия предоставляются по отдельному заявлению Родителя на конкретную услугу либо пакет услуг, согласно утвержденному Школой каталогу услуг, расписанию, стоимости и правилам посещения.
1.11. Мектеп қызметтер каталогын, үйірмелердің, секциялардың, қосымша сабақтардың, қызметтер пакеттерінің тізбесін, қызметтер құнын, төлем кестелерін, жеңілдіктерді, қатысу қағидаларын және қызмет көрсетудің өзге де талаптарын Мектептің ішкі актілерін, директордың бұйрықтарын, осы офертаға қосымшаларды қабылдау және тиісті ақпаратты Мектептің ресми арналары арқылы орналастыру жолымен бекітуге, өзгертуге және толықтыруға құқылы; мұндай өзгерістер Ата-анаға осы офертада көзделген тәртіппен қолданылады.	1.11. Школа вправе утверждать, изменять и дополнять каталог услуг, перечень кружков, секций, дополнительных занятий, пакетов услуг, стоимость услуг, графики оплаты, скидки, правила посещения и иные условия оказания услуг путем принятия внутренних актов Школы, приказов директора, приложений к настоящей оферте и размещения соответствующей информации через официальные каналы Школы; такие изменения применяются к Родителю в порядке, предусмотренном настоящей офертой.
Мұндай өзгерістер Ата-анаға тек олар өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы Ата-анаға жеткізілгеннен кейін ғана және тек болашақ кезеңдерге, жаңа қызметтерге не тиісті өзгерістер күшіне енгеннен кейін Ата-ана қосылған қызметтерге қатысты ғана	Такие изменения применяются к Родителю только после их доведения до Родителя через официальные каналы взаимодействия и только в отношении будущих периодов, новых услуг либо услуг, к которым Родитель присоединился после вступления соответствующих

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
қолданылады. Ақылы қызметтер құнын өзгерту осы офертада көзделген хабарлау тәртібі мен мерзімдерін сақтай отырып жүзеге асырылады.	изменений в силу. Изменение стоимости платных услуг осуществляется с соблюдением порядка и сроков уведомления, предусмотренных настоящей офертой.
1.12. Егер Тараптардың жеке келісімінде немесе тиісті қосымшада өзгеше көзделмесе, ақылы қызметтер құнының өзгеруі Ата-ана төлеп қойған кезеңге қолданылмайды.	1.12. Изменение стоимости платных услуг не распространяется на уже оплаченный Родителем период, если иное не предусмотрено отдельным соглашением Сторон или соответствующим приложением.
1.13. Жаңа оқу жылына арналған қызметтер құны Мектеп директорының бұйрығымен белгіленеді және жаңа оқу жылы басталғанға дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы Ата-анаға жеткізіледі. Оқу жылы ішінде құнды өзгертуге тек Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда, Ата-анаға кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлана отырып жол беріледі. Төленіп қойған қызметтің ағымдағы төленген кезеңдегі құны өзгертілмейді.	1.13. Стоимость услуг на новый учебный год устанавливается приказом директора Школы и доводится до Родителя через официальные каналы взаимодействия не позднее чем за 30 (тридцать) календарных дней до начала нового учебного года. Изменение стоимости в течение учебного года допускается только в случаях, прямо предусмотренных законодательством Республики Казахстан, с уведомлением Родителя не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней. Стоимость уже оплаченной услуги за текущий оплаченный период не изменяется.
1.14. Мектеп Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті органдардың актілерінде, Мектептің ішкі актілерінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ күндізгі оқытуды өткізу мүмкіндігіне әсер ететін санитариялық-эпидемиологиялық, төтенше, ұйымдастырушылық немесе өзге де объективті мән-жайларға байланысты қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытуды жүзеге асыруға құқылы.	1.14. Школа вправе осуществлять обучение с применением дистанционных образовательных технологий в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, актами уполномоченных органов, внутренними актами Школы, а также в связи с санитарно-эпидемиологическими, чрезвычайными, организационными или иными объективными обстоятельствами, влияющими на возможность проведения очного обучения.
1.15. Мектеп Білім алушының білім алуына, тәрбиеленуіне, дамуына және әлеуметтенуіне жағдай жасайды, алайда Білім алушының нақты академиялық, спорттық, шығармашылық, олимпиадалық, конкурстық, психологиялық немесе өзге де жеке нәтижелеріне кепілдік бермейді, өйткені мұндай нәтижелер Білім алушының жеке уәжіне, тәртібіне, денсаулық жағдайына, сабаққа қатысуына және атсалысуына, Ата-ананың қолдауына, сондай-ақ Мектептің толық бақылауында болмайтын өзге де мән-жайларға да байланысты.	1.15. Школа предоставляет условия для получения образования, воспитания, развития и социализации Учащегося, однако не гарантирует конкретные академические, спортивные, творческие, олимпиадные, конкурсные, психологические или иные индивидуальные результаты Учащегося, поскольку такие результаты зависят также от личной мотивации, дисциплины, состояния здоровья, посещаемости, участия Учащегося, поддержки Родителя и иных обстоятельств, не находящихся под полным контролем Школы.
1.16. Ата-ана осы офертаны қабылдағанға дейін оған оқыту талаптарымен, осы офертамен, қызметтер каталогымен, төлем тәртібімен, ішкі тәртіптеме қағидаларымен, Мектепке келу қағидаларымен, тамақтандыру туралы ережемен, қосымша білім беру қызметтері туралы ережемен, Мектеп мүлкін пайдалану қағидаларымен, дербес деректерді өңдеу талаптарымен және Мектептің өзге де ішкі актілерімен танысу мүмкіндігі берілгенін растайды. Ата-ана танысқан негізгі құжаттардың тізбесі акцепт-өтініште, танысу белгісінде, электрондық жүйеде не өзге де расталатын тәсілмен тіркеледі.	1.16. Родитель подтверждает, что до принятия настоящей оферты ему предоставлена возможность ознакомиться с условиями обучения, настоящей офертой, каталогом услуг, порядком оплаты, правилами внутреннего распорядка, правилами посещения Школы, положением о питании, положением о дополнительных образовательных услугах, правилами пользования имуществом Школы, условиями обработки персональных данных и иными внутренними актами Школы. Перечень ключевых документов, с которыми Родитель ознакомлен, фиксируется в заявлении-акцепте, отметке об ознакомлении, электронной системе либо иным подтверждаемым способом.
1.17. Осы офертаны қабылдау Ата-ананың осы офертаның талаптарымен, акцепт-өтінішпен, Ата-ана қол қойған қосымшалармен және келісімдермен, сондай-ақ Ата-ана қол қоя отырып не өзге де тіркелетін тәсілмен танысқан Мектептің ішкі актілерімен келісетінін білдіреді. Ішкі актілердің өзгерістері Ата-анаға олар өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы осы офертада көзделген тәртіппен жеткізілгеннен кейін қолданылады.	1.17. Принятие настоящей оферты означает согласие Родителя с условиями настоящей оферты, заявлением-акцептом, подписанными Родителем приложениями и соглашениями, а также с внутренними актами Школы, с которыми Родитель ознакомлен под подпись либо иным фиксируемым способом. Изменения внутренних актов применяются к Родителю после их доведения через официальные каналы взаимодействия в порядке, предусмотренном настоящей офертой.
1.18. Білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге тетігі есебінен тегін негізгі оқыту талаптарын қолдануға негіз тек Ата-ананың өтініші ғана емес, сонымен қатар Білім алушының расталған мәртебесінің және LMS-те, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімінде, цифрлық жүйеде, веб-порталда және/немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде пайдаланылатын өзге де ақпараттық жүйелерде тиісті мәліметтердің болуы да болып табылады.	1.18. Основанием для применения условий бесплатного основного обучения за счет образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма государственного финансирования является не только заявление Родителя, но и наличие подтвержденного статуса Учащегося, соответствующих сведений в LMS, государственном электронном реестре образовательных ваучеров, цифровой системе, веб-портале и/или иных информационных системах, используемых в рамках государственного образовательного заказа.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
1.19. Тиісті қаржыландыру расталғанға дейін Мектеп тегін оқыту талаптарын қолдануды тиісті ақпараттық жүйе, оператор, тіркеуші, эмитент немесе өзге де уәкілетті тетік арқылы растау алынған сәтке дейін кейінге қалдыруға құқылы. Қаржыландыру расталғанға дейінгі кезең үшін ақылы негізде оқытуға тек Ата-ананың кезеңді, төлем мөлшерін және қаржыландыру кейіннен расталған кезде төлемдерді есепке жатқызу не қайтару тәртібін көрсете отырып берілген жеке жазбаша келісімі болған кезде ғана жол беріледі.	1.19. До подтверждения соответствующего финансирования Школа вправе отложить применение условий бесплатного обучения до момента получения подтверждения через соответствующую информационную систему, оператора, регистратора, эмитента или иной уполномоченный механизм. Обучение на платной основе за период до подтверждения финансирования допускается только при наличии отдельного письменного согласия Родителя с указанием периода, размера платы и порядка зачета либо возврата платежей при последующем подтверждении финансирования.
1.20. Білім беру ваучері жойылған, тоқтатыла тұрған, тоқтатылған, расталмаған, бұғатталған, оны броньдау, есептен шығару немесе өтеу мүмкін болмаған не қаржыландыру тоқтатылған жағдайда Мектеп Ата-анаға Білім алушының оқуын ақылы негізде жалғастыруды, тиісті қосымшаға қол қоюды, іс жүзінде көрсетілген қызметтер бойынша қайта есептеу жүргізуді ұсынуға не белгіленген тәртіппен шарттық қатынастарды тоқтатуға құқылы. Қаржыландыру расталғанға дейінгі кезең үшін негізгі оқыту ақысы Ата-анаға тек оның жеке жазбаша келісімі болған кезде не қаржыландырудың расталмауы/тоқтатылуы Ата-анаға байланысты мән-жайлардан туындаған жағдайда ғана жүктелуі мүмкін.	1.20. В случае аннулирования, приостановления, прекращения, неподтверждения, блокирования, невозможности бронирования, невозможности списания, невозможности погашения образовательного ваучера либо прекращения финансирования Школа вправе предложить Родителю продолжить обучение Учащегося на платной основе, подписать соответствующее приложение, произвести перерасчет фактически оказанных услуг либо прекратить договорные отношения в установленном порядке. Плата за основное обучение за период до подтверждения финансирования может быть возложена на Родителя только при наличии его отдельного письменного согласия либо если неподтверждение/прекращение финансирования вызвано обстоятельствами, зависящими от Родителя.
1.21. Осы офертаның акценті Білім алушының Мектепке автоматты түрде және сөзсіз оқуға қабылдануын білдірмейді. Білім алушыны оқуға қабылдау бос орындар болған, қажетті құжаттар ұсынылған, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталған, қаржыландыру немесе төлем негізі расталған кезде, сондай-ақ Мектептің тиісті бұйрығы шығарылғаннан кейін жүзеге асырылады.	1.21. Акцент настоящей оферты не означает автоматического и безусловного зачисления Учащегося в Школу. Зачисление Учащегося осуществляется при наличии свободных мест, предоставлении необходимых документов, соблюдении требований законодательства Республики Казахстан, подтверждении основания финансирования или оплаты, а также после издания соответствующего приказа Школы.
1.22. Ата-ананың оқытуға, төлемге, тамақтандыруға, қосымша қызметтерге, Білім алушының мінез-құлқына, Мектеп қызметкерлерінің әрекеттеріне немесе өзге де мәселелерге байланысты барлық өтініштері, арыздары, хабарламалары, наразылықтары және өзге де хабарлары Мектеп айқындаған өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы беріледі.	1.22. Все обращения, заявления, уведомления, претензии и иные сообщения Родителя, связанные с обучением, оплатой, питанием, дополнительными услугами, поведением Учащегося, действиями работников Школы или иными вопросами, подаются через официальные каналы взаимодействия, определенные Школой.
1.23. Егер Ата-ана байланыс деректерінің өзгергені туралы Мектепті уақтылы хабардар етпесе, Мектептің Ата-ана көрсеткен байланыс деректері бойынша, оның ішінде телефон, электрондық пошта, мессенджерлер, білім беру платформалары, жеке кабинет, ақпараттық жүйелер, жазбаша хабарламалар не Мектептің өзге де ресми арналары арқылы жіберілген хабарламалары Ата-ананы хабардар етудің тиісті тәсілі деп есептеледі.	1.23. Уведомления Школы, направленные Родителю по указанным им контактным данным, включая телефон, электронную почту, мессенджеры, образовательные платформы, личный кабинет, информационные системы, письменные уведомления либо иные официальные каналы Школы, считаются надлежащим способом информирования Родителя, если Родитель своевременно не уведомил Школу об изменении контактных данных.
1.24. Егер Ата-ана байланыс деректерінің өзгергені туралы Мектепті уақтылы хабардар етпесе, Мектеп өзара іс-қимылдың ресми арнасы арқылы жіберген хабарлама жіберілген сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат өткен соң Ата-анаға жеткізілді деп есептеледі.	1.24. Уведомление, направленное Школой через официальный канал взаимодействия, считается доставленным Родителю по истечении 24 (двадцати четырех) часов с момента его направления, если Родитель своевременно не уведомил Школу об изменении контактных данных.
1.25. Ата-ана ұсынылған құжаттардың, Білім алушы туралы мәліметтердің, Білім алушының денсаулық жағдайы туралы, қарсы көрсетілімдердің, аллергиялардың, тамақтану ерекшеліктерінің, жеңілдік мәртебесінің, білім беру ваучерінің болуы туралы мәліметтердің, байланыс деректерінің және Мектепке қызметтерді тиісінше көрсету үшін қажетті өзге де мәліметтердің анықтығы үшін жауапты болады.	1.25. Родитель несет ответственность за достоверность предоставленных документов, сведений об Учащемся, состоянии здоровья Учащегося, наличии противопоказаний, аллергий, особенностей питания, льготного статуса, образовательного ваучера, контактных данных и иных сведений, необходимых Школе для надлежащего оказания услуг.
1.26. Осы офертаның талаптары мен оған қосымшалар арасында қайшылық болған жағдайда, егер мұндай талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы офертаның мәніне қайшы	1.26. В случае противоречия между условиями настоящей оферты и приложениями к ней преимущественную силу имеют специальные условия соответствующего приложения в части конкретной услуги, если

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
келмесе, нақты қызметке қатысты бөлікте тиісті қосымшаның арнайы талаптары басым күшке ие болады.	такие условия не противоречат законодательству Республики Казахстан и существу настоящей оферты.
1.27. Осы офертаның барлық қосымшалары, акцепт-өтініштер, қызметтерге арналған өтініштер, қызметтер каталогтары, төлем кестелері, қағидалар, ережелер және Ата-ананың келісімдері Мектеп пен Ата-ана арасындағы шарттық қатынастардың ажырамас бөлігі болып табылады.	1.27. Все приложения к настоящей оферте, заявления-акцепты, заявления на услуги, каталоги услуг, графики оплаты, правила, положения и согласия Родителя являются неотъемлемой частью договорных отношений между Школой и Родителем.
2-параграф. Терминдер мен анықтамалар	Параграф 2. Термины и определения
2.1. Осы жария офертаның мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады.	2.1. Для целей настоящей публичной оферты используются следующие термины и определения.
2.2. Оферта – Мектептің осы құжатта және оның қосымшаларында баяндалған талаптармен білім беру қызметтерін, қосымша білім беру қызметтерін, тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді және өзге де ілесіп қызметтерді көрсету туралы шарт жасасу жөніндегі осы ұсынысы.	2.2. Оферта – настоящее предложение Школы заключить договор об оказании образовательных услуг, дополнительных образовательных услуг, услуг по организации питания и иных сопутствующих услуг на условиях, изложенных в настоящем документе и приложениях к нему.
2.3. Офертаны акцептеу – Ата-ананың осы офертаның нақты редакциясын қағаз жеткізгіштегі акцепт-өтінішке қол қою арқылы не ЭЦҚ, SMS-растау, LMS, egov.kz порталы, жеке кабинет, электрондық құжат айналымы немесе Мектеп қолданатын электрондық сәйкестендірудің өзге тәсілі арқылы толық және сөзсіз қабылдауы. Тандалған ақылы қызметке ақы төлеу немесе жеке кабинетте қызметті таңдау тиісті қызметке қатысты акцептеуді растайды. Оқуға қабылдау мәселесін қарау үшін құжаттар ұсынудың өзі офертаны акцептеу болып табылмайды.	2.3. Акцепт оферты – полное и безусловное принятие Родителем конкретной редакции настоящей оферты путем подписания заявления-акцепта на бумажном носителе либо посредством ЭЦП, SMS-подтверждения, LMS, портала egov.kz, личного кабинета, электронного документооборота или иного способа электронной идентификации, применяемого Школой. Оплата выбранной платной услуги или выбор услуги в личном кабинете подтверждают акцепт в отношении соответствующей услуги. Предоставление документов для рассмотрения вопроса о зачислении само по себе не является акцептом оферты.
2.4. Мектеп – Қазақстан Республикасының заңнамасына, лицензияға, білім беру бағдарламаларына, оқу жоспарларына, Мектептің ішкі актілеріне және осы офертаның талаптарына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыратын «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.	2.4. Школа – Товарищество с ограниченной ответственностью «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі», осуществляющее образовательную деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, лицензией, образовательными программами, учебными планами, внутренними актами Школы и условиями настоящей оферты.
2.5. Ата-ана – Білім алушының мүддесінде әрекет ететін, осы офертаның талаптарын қабылдайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде көзделген міндеттерді атқаратын ата-ана, бала асырап алушы, қорғаншы, қамқоршы немесе Білім алушының өзге де заңды өкілі.	2.5. Родитель – родитель, усыновитель, опекун, попечитель или иной законный представитель Учащегося, действующий в интересах Учащегося, принимающий условия настоящей оферты и несущий обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой и внутренними актами Школы.
2.6. Білім алушы – Мектепке оқуға түсетін, Мектепте оқитын не оқуын жалғастыратын, мүддесінде Ата-ана осы офертаның талаптарын қабылдайтын кәмелетке толмаған бала.	2.6. Учащийся – несовершеннолетний ребенок, поступающий, обучающийся либо продолжающий обучение в Школе, в интересах которого Родитель принимает условия настоящей оферты.
2.7. Негізгі оқыту – Білім алушыны Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, оқу жоспарларына, жұмыс оқу жоспарларына, сабақ кестесіне және Мектептің ішкі актілеріне сәйкес бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің және/немесе жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту.	2.7. Основное обучение – обучение Учащегося по образовательным программам начального образования, основного среднего образования и/или общего среднего образования в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования Республики Казахстан, учебными планами, рабочими учебными планами, расписанием занятий и внутренними актами Школы.
2.8. МЖМБС – білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және білім беру процесінің өзге де міндетті параметрлеріне қойылатын талаптарды айқындайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары.	2.8. ГОСО – государственные общеобязательные стандарты образования Республики Казахстан, определяющие требования к содержанию образования, объему учебной нагрузки, уровню подготовки обучающихся и иным обязательным параметрам образовательного процесса.
2.9. Білім беру ваучері – эмитенттің бенефициар ретіндегі Білім алушының оқу құнын Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жан	2.9. Образовательный ваучер – электронное обязательство эмитента по оплате стоимости обучения Учащегося как бенефициара в пределах

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесінде, пилоттық жоба тетігінде, мемлекеттік білім беру тапсырысында, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімінің деректерінде және/немесе тиісті эмитенттің шешімінде айқындалған мөлшер, талаптар мен кезең шегінде төлеу жөніндегі электрондық міндеттемесі.	размера, условий и периода, определенных законодательством Республики Казахстан, Методикой подушевого нормативного финансирования, механизмом пилотного проекта, государственным образовательным заказом, данными государственного электронного реестра образовательных ваучеров и/или решением соответствующего эмитента.
2.10. Бенефициар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет кепілдік берген орта білім алу құқығы бар және тиісті ақпараттық жүйелерге және/немесе білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген Білім алушы.	2.10. Бенефициар – Учащийся, имеющий в соответствии с законодательством Республики Казахстан право на получение гарантированного государством среднего образования и включенный в соответствующие информационные системы и/или государственный электронный реестр образовательных ваучеров.
2.11. Эмитент – өз құзыреті шегінде білім беру ваучерлерін шығаруды және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды жүзеге асыратын тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органы.	2.11. Эмитент – местный исполнительный орган в области образования соответствующей области, города республиканского значения или столицы, осуществляющий выпуск образовательных ваучеров и размещение государственного образовательного заказа в пределах своей компетенции.
2.12. Мемлекеттік білім беру тапсырысын орындаушы – лицензия негізінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және Қазақстан Республикасының заңнамасында және пилоттық жоба тетігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға қатысатын білім беру ұйымы ретіндегі Мектеп.	2.12. Исполнитель государственного образовательного заказа – Школа как организация образования, реализующая общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования на основании лицензии и участвующая в размещении государственного образовательного заказа в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и механизмом пилотного проекта.
2.13. Білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімі – цифрлық жүйеде қалыптастырылатын және есепке алынатын білім беру ваучерлері, оларды ұстаушылар, білім беру ваучерлерімен жасалатын операциялар, дербес шоттар туралы мәліметтердің және өзге де мәліметтердің жиынтығы.	2.13. Государственный электронный реестр образовательных ваучеров – совокупность сведений об образовательных ваучерах, их держателях, операциях с образовательными ваучерами, лицевых счетах и иных сведениях, формируемых и учитываемых в цифровой системе.
2.14. Цифрлық жүйе – білім беру ваучерлері, оларды ұстаушылар, бенефициарлар, орындаушылар және ваучерлер бойынша операциялар туралы мәліметтерді сақтауға, өңдеуге, есепке алуға, іздеуге, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған жүйе.	2.14. Цифровая система – автоматизированная система, предназначенная для хранения, обработки, учета, поиска, передачи и предоставления сведений об образовательных ваучерах, их держателях, бенефициарах, исполнителях и операциях по ваучерам.
2.15. Веб-портал – тізілім мәліметтеріне қол жеткізу, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, шарттар жасасу, актілерді, шот-фактураларды, өтінімдерді қалыптастыру және пилоттық жоба тетігінде көзделген өзге де әрекеттерді жасау үшін пайдаланылатын www.e-Qazyna.kz мемлекеттік мүлік веб-порталы не өзге де ресми цифрлық ресурс.	2.15. Веб-портал – веб-портал государственного имущества www.e-Qazyna.kz либо иной официальный цифровой ресурс, используемый для доступа к сведениям реестра, размещения государственного образовательного заказа, заключения договоров, формирования актов, счетов-фактур, заявок и иных действий, предусмотренных механизмом пилотного проекта.
2.16. Пилоттық жобаның операторы – пилоттық жоба шеңберінде әдіснамалық сүйемелдеу, талдамалық қолдау, қаржыландыруды жүзеге асыру, қаржы-экономикалық параметрлердің дұрыс қолданылуын мониторингтеу және өзге де функцияларды орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдар айқындаған ұйым.	2.16. Оператор пилотного проекта – организация, определенная уполномоченными государственными органами для методологического сопровождения, аналитической поддержки, осуществления финансирования, мониторинга правильности применения финансово-экономических параметров и иных функций в рамках пилотного проекта.
2.17. Тіркеуші – цифрлық инфрақұрылымды, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімінің жұмыс істеуін, техникалық қолдауды, цифрлық жүйелерді сүйемелдеуді және пилоттық жобаны ақпараттық-технологиялық іске асыруды қамтамасыз ету үшін уәкілетті мемлекеттік органдар айқындаған ұйым.	2.17. Регистратор – организация, определенная уполномоченными государственными органами для обеспечения цифровой инфраструктуры, функционирования государственного электронного реестра образовательных ваучеров, технической поддержки, сопровождения цифровых систем и информационно-технологической реализации пилотного проекта.
2.18. LMS – білім беру процесін басқаруға, педагогтер мен білім алушылардың тізілімдерін жүргізуге, оқытуды, бағалауды, жасалған шарттарды, есептілікті, контингентті және білім беру процесі мен	2.18. LMS – цифровой объект Школы по управлению образовательным процессом, ведению реестров педагогов и учащихся, учету обучения, оценивания, заключенных договоров, отчетности, контингента и иных

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
Мектептің мемлекеттік білім беру тапсырысына қатысуы үшін қажетті өзге де деректерді есепке алуға арналған Мектептің цифрлық объектісі.	данных, необходимых для образовательного процесса и участия Школы в государственном образовательном заказе.
2.19. Қызметтер каталогы – қызметтердің, қызметтер пакеттерінің тізбесін, құнын, төлем тәртібін, жеңілдіктерді, бөліп төлеу талаптарын, қызмет көрсету кезеңдерін, қайта есептеу қағидаларын және өзге де коммерциялық талаптарды қамтитын, Мектеп бекітетін құжат, осы офертаның қосымшасы немесе өзге де ішкі акт.	2.19. Каталог услуг – утверждаемый Школой документ, приложение к настоящей оферте или иной внутренний акт, содержащий перечень услуг, пакетов услуг, стоимость, порядок оплаты, скидки, условия рассрочки, периоды оказания услуг, правила перерасчета и иные коммерческие условия.
2.20. Қызметтер пакеті – Ата-ана таңдаған немесе Мектеп ұсынған бірнеше қызметтің жиынтығы, ол қызметтер каталогында және Ата-ананың тиісті өтінішінде көрсетілген талаптармен оқытуды, тамақтандыруды, қосымша білім беру қызметтерін, үйірмелерді, секцияларды, тұруды, ұзартылған күнді және өзге де қызметтерді қамтуы мүмкін.	2.20. Пакет услуг – совокупность нескольких услуг, выбранных Родителем или предложенных Школой, которая может включать обучение, питание, дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, проживание, продленный день и иные услуги на условиях, указанных в каталоге услуг и соответствующем заявлении Родителя.
2.21. Тұру – егер мұндай қызметті Мектеп немесе тартылған тұлғалар ұсынатын болса, жеке қосымшаның, Ата-ана өтінішінің, қызметтер каталогының және Мектептің ішкі қағидаларының талаптарымен Білім алушыны орналастыру жөніндегі ілеспе қызмет.	2.21. Проживание – сопутствующая услуга по размещению Учащегося, если такая услуга предоставляется Школой или привлеченными лицами, на условиях отдельного приложения, заявления Родителя, каталога услуг и внутренних правил Школы.
2.22. Мектептің ішкі актілері – ішкі тәртіптеме қағидалары, Мектепке келу қағидалары, төлем туралы ереже, тамақтандыру туралы ереже, қосымша білім беру қызметтері туралы ереже, Мектеп мүлкін пайдалану қағидалары, білім алушылардың мінез-құлық қағидалары, директордың бұйрықтары, регламенттер, нұсқаулықтар, ережелер және білім беру процесін, Білім алушының Мектепте болуын, қызметтер көрсетуді және Талаптардың өзара іс-қимылын реттейтін өзге де құжаттар.	2.22. Внутренние акты Школы – правила внутреннего распорядка, правила посещения Школы, положение об оплате, положение о питании, положение о дополнительных образовательных услугах, правила пользования имуществом Школы, правила поведения учащихся, приказы директора, регламенты, инструкции, положения и иные документы, регулирующие образовательный процесс, пребывание Учащегося в Школе, оказание услуг и взаимодействие Сторон.
2.23. Өзара іс-қимылдың ресми арналары – жазбаша хабарламаларды, электрондық поштаны, телефонды, SMS-ті, мессенджерлерді, білім беру платформаларын, жеке кабинетті, ақпараттық жүйелерді, электрондық құжат айналымын және Мектеп көрсеткен өзге де арналарды қоса алғанда, хабарламаларды, өтініштерді, жүгінулерді, ақпарат пен құжаттарды жіберу үшін Мектеп айқындаған байланыс тәсілдері.	2.23. Официальные каналы взаимодействия – способы связи, определенные Школой для направления уведомлений, заявлений, обращений, информации и документов, включая письменные уведомления, электронную почту, телефон, SMS, мессенджеры, образовательные платформы, личный кабинет, информационные системы, электронный документооборот и иные каналы, указанные Школой.
2.24. Дербес деректер – Ата-анаға және/немесе Білім алушыға қатысты, оқуға қабылдау, оқыту, сабаққа қатысу мен үлгерімді есепке алу, ваучерді растау, мемлекеттік қаржыландыруды алу, тамақтандыруды ұйымдастыру, қосымша қызметтерді көрсету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бухгалтерлік, салықтық, білім беру және өзге де есепті жүргізу үшін қажетті мәліметтер.	2.24. Персональные данные – сведения, относящиеся к Родителю и/или Учащемуся, необходимые для зачисления, обучения, учета посещаемости и успеваемости, подтверждения ваучера, получения государственного финансирования, организации питания, оказания дополнительных услуг, обеспечения безопасности, ведения бухгалтерского, налогового, образовательного и иного учета.
2.25. Қашықтықтан білім беру технологиялары – Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мектептің ішкі актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен Мектеп пайдаланатын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, білім беру платформаларын, электрондық ресурстарды, бейнесабақтарды, онлайн-сабақтарды, тапсырмаларды, электрондық журналды және өзге де құралдарды қолдана отырып оқыту.	2.25. Дистанционные образовательные технологии – обучение с применением информационно-коммуникационных технологий, образовательных платформ, электронных ресурсов, видеоуроков, онлайн-занятий, заданий, электронного журнала и иных средств, используемых Школой в случаях и порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Школы.
2.26. Акцепт-өтініш – Ата-ананың жеке құжаты, ол арқылы Ата-ана осы офертаны қабылдағанын растайды, Білім алушы туралы мәліметтерді, сыныпты, оқыту тілін, оқу жылын, қаржыландыру негізін, таңдалған қызметтерді, келісімдерді, растауларды және шартты жасасу мен орындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді көрсетеді.	2.26. Заявление-акцепт – индивидуальный документ Родителя, которым Родитель подтверждает принятие настоящей оферты, указывает сведения об Учащемся, класс, язык обучения, учебный год, основание финансирования, выбранные услуги, согласия, подтверждения и иные сведения, необходимые для заключения и исполнения договора.
2.27. Қызметке арналған өтініш – Ата-ананың тамақтандыруды, қосымша білім беру қызметтерін, үйірмелерді, секцияларды, қызметтер	2.27. Заявление на услугу – отдельное заявление Родителя на подключение питания, дополнительных образовательных услуг,

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
пакетін, тұруды немесе Мектеп не тартылған тұлға көрсететін өзге де қызметті қосуға арналған жеке өтініші.	кружков, секций, пакета услуг, проживания или иной услуги, оказываемой Школой либо привлеченным лицом.
2.28. Қызмет көрсету кезеңі – қызметтер каталогында, Ата-ананың өтінішінде, офертаның қосымшасында не Мектептің ішкі актісінде көрсетілген оқу жылы, тоқсан, ай, курс, абонемент, жекелеген сабақ немесе өзге де кезең.	2.28. Период оказания услуг – учебный год, четверть, месяц, курс, абонемент, отдельное занятие или иной период, указанный в каталоге услуг, заявлении Родителя, приложении к оферте либо внутреннем акте Школы.
2.29. Төлем мерзімін өткізу – Ата-ананың өзі таңдаған ақылы оқыту, тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, тұру, қызметтер пакеті немесе өзге де ақылы қызметтер үшін белгіленген төлем мерзімін бұзуы.	2.29. Просрочка оплаты – нарушение Родителем установленного срока оплаты платного обучения, питания, дополнительных образовательных услуг, кружков, секций, проживания, пакета услуг или иных платных услуг, выбранных Родителем.
2.30. Осы офертада айқындалмаған терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің ішкі актілерінде, тиісті қосымшаларда және іскерлік айналым дағдыларында белгіленген мағынада қолданылады.	2.30. Термины, не определенные настоящей офертой, применяются в значении, установленном законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы, соответствующими приложениями и обычаями делового оборота.
3-параграф. Оферта мәні	Параграф 3. Предмет оферты
3.1. Осы Офертаның мәні – Мектептің білім беру қызметтерін, қосымша білім беру қызметтерін, тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді, үйірмелерді, секцияларды, қызметтер пакеттерін, тұруды және Білім алушыны оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға, оның Мектепте болуына және оны сүйемелдеуге байланысты өзге де ілеспе қызметтерді көрсетуінің жалпы шарттарын айқындау.	3.1. Предметом настоящей оферты является определение общих условий оказания Школой образовательных услуг, дополнительных образовательных услуг, услуг по организации питания, кружков, секций, пакетов услуг, проживания и иных сопутствующих услуг, связанных с обучением, воспитанием, развитием, пребыванием и сопровождением Учащегося в Школе.
4.29.8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада, Мектептің ішкі актілерінде немесе уәкілетті органдардың міндетті талаптарында көзделген өзге де негіздердің болуы.	4.29.8) наличия иных оснований, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, внутренними актами Школы или обязательными требованиями уполномоченных органов.
4.30. Мектептің оқуға қабылдаудан бас тартуы, өтінішті қарауды тоқтата тұруы немесе жекелеген қызметті қосудан бас тартуы Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен ресімделеді және бұл туралы Ата-анаға өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабарланады.	4.30. Отказ Школы в зачислении, приостановление рассмотрения заявления или отказ в подключении отдельной услуги оформляется в порядке, установленном внутренними актами Школы, с уведомлением Родителя через официальные каналы взаимодействия.
4.31. Мектеп пен Ата-ана арасындағы шарттық қатынастар Ата-ана осы Офертаны акцептеген сәттен бастап туындайды деп есептеледі, алайда, егер Мектептің шешімінде, Ата-ананың өтінішінде, Офертаға қосымшада немесе Тараптардың жеке келісімінде өзгеше тікелей белгіленбесе, негізгі оқыту бойынша білім беру қызметтері Мектептің бұйрығында көрсетілген Білім алушыны оқуға қабылдау күнінен бастап басталды деп есептеледі.	4.31. Договорные отношения между Школой и Родителем считаются возникшими с момента акцепта настоящей оферты Родителем, однако образовательные услуги по основному обучению считаются начатыми с даты зачисления Учащегося, указанной в приказе Школы, если иное прямо не установлено решением Школы, заявлением Родителя, приложением к оферте или отдельным соглашением Сторон.
4.32. Ата-ана мынаны түсінетінін растайды: құжаттарды уақтылы ұсынбау, электрондық қол қоюдан бас тарту, ақпараттық жүйелер арқылы растаудан бас тарту, өзекті байланыс деректерінің болмауы, білім беру ваучерінің расталмауы, заңды өкілдер арасындағы даудың болуы не оқыту мен қаржыландыруға әсер ететін мәліметтердің ұсынылмауы оқуға қабылдаудан бас тартуға, оқуға қабылдаудың кешіктірілуіне, ақылы негізге ауыстыруға, қызметтер құнын қайта есептеуге немесе шарттық қатынастардың тоқтатылуына алып келуі мүмкін.	4.32. Родитель подтверждает, что понимает: несвоевременное предоставление документов, отказ от электронного подписания, отказ от подтверждения через информационные системы, отсутствие актуальных контактных данных, неподтверждение образовательного ваучера, наличие спора между законными представителями либо непредоставление сведений, влияющих на обучение и финансирование, могут повлечь отказ в зачислении, задержку зачисления, перевод на платную основу, перерасчет стоимости услуг или прекращение договорных отношений.
5-параграф. Білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы және мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетіктері	Параграф 5. Образовательный ваучер, государственный образовательный заказ и иные механизмы государственного финансирования
5.1. Білім алушыны МЖМБС бойынша негізгі оқыту білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі есебінен Білім алушының тиісті қаржыландыруға расталған құқығы болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.	5.1. Основное обучение Учащегося по ГОСО может осуществляться за счет образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма государственного финансирования только при наличии подтвержденного права Учащегося на соответствующее финансирование.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
5.2. Осы офертаның мақсаттары үшін білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі тиісті мәліметтер LMS-те, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімінде, цифрлық жүйеде, веб-порталда, оператордың, тіркеушінің, эмитенттің, уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде немесе мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру және қаржыландыру үшін қолданылатын өзге де ресми жүйеде болған кезде ғана расталған болып есептеледі.	5.2. Для целей настоящей оферты образовательный ваучер, государственный образовательный заказ или иной механизм государственного финансирования считаются подтвержденными только при наличии соответствующих сведений в LMS, государственном электронном реестре образовательных ваучеров, цифровой системе, веб-портале, информационной системе оператора, регистратора, эмитента, уполномоченного органа или иной официальной системе, применяемой для размещения и финансирования государственного образовательного заказа.
5.3. Ата-ананың өтініші, ауызша хабарлама, хат алмасу, скриншот, алдын ала хабарлама, консультация, мемлекеттік органға жүгіну, бейресми дереккөзден алынған мәліметтер немесе өзге де расталмаған хабарлама тегін оқыту шарттарын қолдану үшін дербес және жеткілікті негіз болып табылмайды.	5.3. Заявление Родителя, устное сообщение, переписка, скриншот, предварительное уведомление, консультация, обращение в государственный орган, сведения из неофициального источника или иное неподтвержденное сообщение не являются самостоятельным и достаточным основанием для применения условий бесплатного обучения.
5.4. Мектеп білім беру ваучерінің эмитенті, пилоттық жобаның операторы, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімінің тіркеушісі, мемлекеттік орган немесе білім беру ваучерін шығару, растау, брондау, есептен шығару, өтеу, тоқтата тұру, тоқтату, бұғаттау, жою немесе төлеу туралы шешімді дербес қабылдайтын тұлға болып табылмайды.	5.4. Школа не является эмитентом образовательного ваучера, оператором пилотного проекта, регистратором государственного электронного реестра образовательных ваучеров, государственным органом или лицом, самостоятельно принимающим решение о выпуске, подтверждении, бронировании, списании, погашении, приостановлении, прекращении, блокировании, аннулировании или оплате образовательного ваучера.
5.5. Мектеп білім беру ваучері тетігіне, мемлекеттік білім беру тапсырысы тетігіне немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігіне өз құзыреті шегінде білім беру қызметтерін көрсететін, Білім алушының есебін жүргізетін, қажетті мәліметтерді LMS-те көрсететін, Ата-анамен шарттық құжаттар жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамасында, цифрлық жүйелерде және Мектептің ішкі актілерінде көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыратын білім беру ұйымы ретінде қатысады.	5.5. Школа участвует в механизме образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или ином механизме государственного финансирования в пределах своей компетенции как организация образования, оказывающая образовательные услуги, ведущая учет Учащегося, отражающая необходимые сведения в LMS, заключающая договорные документы с Родителем и осуществляющая иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, цифровыми системами и внутренними актами Школы.
5.6. Ата-ана мынаны түсінетінін растайды: Ата-ана үшін МЖМБС бойынша тегін негізгі оқыту расталған білім беру ваучерімен, мемлекеттік білім беру тапсырысымен немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігімен өтелетін сома, кезең, шарттар мен көлем шегінде ғана мүмкін болады.	5.6. Родитель подтверждает, что понимает: бесплатное для Родителя основное обучение по ГОСО возможно только в пределах суммы, периода, условий и объема, которые покрываются подтвержденным образовательным ваучером, государственным образовательным заказом или иным механизмом государственного финансирования.
5.7. Егер білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі оқытудың бүкіл кезеңін, қызметтердің бүкіл көлемін, бүкіл оқу жылын өтемесе не белгілі бір күннен бастап қана қолданылса, Ата-ана оқытудың және/немесе өзге де таңдалған қызметтердің құнын тиісті қаржыландырумен өтелмеген бөлігінде Ата-ананың тиісті кезең үшін ақылы оқытуға жеке жазбаша келісімі болған кезде ғана не қаржыландырумен өтелмеу Ата-анаға байланысты мән-жайлардан туындаған жағдайда төлейді.	5.7. Если образовательный ваучер, государственный образовательный заказ или иной механизм государственного финансирования покрывает не весь период обучения, не весь объем услуг, не весь учебный год либо применяется только с определенной даты, Родитель оплачивает стоимость обучения и/или иных выбранных услуг в части, не покрытой соответствующим финансированием, только при наличии отдельного письменного согласия Родителя на платное обучение за соответствующий период либо если непокрытие финансированием вызвано обстоятельствами, зависящими от Родителя.
5.8. Білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі расталғанға дейін Мектеп мыналарға құқылы:	5.8. До момента подтверждения образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма государственного финансирования Школа вправе:
5.8.1) тегін оқыту шарттарын қолданбауға;	5.8.1) не применять условия бесплатного обучения;
5.8.2) Білім алушыны оқуға қабылдауды кейінге қалдыруға;	5.8.2) отложить зачисление Учащегося;
5.8.3) Ата-анаға ақылы негізде оқытуды ұсынуға;	5.8.3) предложить Родителю обучение на платной основе;
5.8.4) ақылы оқыту туралы қосымшаға қол қоюды талап етуге;	5.8.4) потребовать подписания приложения о платном обучении;
5.8.5) қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;	5.8.5) запросить дополнительные документы и сведения;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
5.8.6) қаржыландыру жөніндегі белгісіздік жойылғанға дейін тегін оқыту шарттарымен оқуға қабылдаудан немесе оқытуды жалғастырудан бас тартуға.	5.8.6) отказать в зачислении или продолжении обучения на условиях бесплатного обучения до устранения неопределенности по финансированию.
5.9. Егер Ата-ана Білім алушының білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе қаржыландырудың өзге де тетігі түпкілікті расталғанға дейін оқуды бастағанын қаласа, мұндай оқыту Мектептің келісімі болған кезде және Ата-ананың қаржыландыру расталғанға дейінгі кезеңге ақылы оқытуға жеке жазбаша келісімі болған кезде ғана басталуы мүмкін. Мұндай келісімде төлем мөлшері, кезең, қаржыландыру кейіннен расталған кездегі төлемдерді есепке жатқызу немесе қайтару тәртібі және қосарланған қаржыландыруға тыйым салу көрсетіледі.	5.9. Если Родитель желает, чтобы Учащийся начал обучение до окончательного подтверждения образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования, такое обучение может быть начато только при согласии Школы и при наличии отдельного письменного согласия Родителя на платное обучение на период до подтверждения финансирования. В таком согласии указываются размер платы, период, порядок зачета или возврата платежей при последующем подтверждении финансирования и запрет двойного финансирования.
5.10. Егер Ата-ана қаржыландыру расталғанға дейін ақылы оқытуға жеке жазбаша келісім бермеген болса, мұндай кезең үшін негізгі оқыту ақысы Ата-анадан алынбайды. Бұл жағдайда Мектеп оқытудың басталуын қаржыландыру расталғанға дейін кейінге қалдыруға не негізгі оқытуға ақы төлеуді Ата-анаға жүктемейтін өзге шешім қабылдауға құқылы.	5.10. Если Родитель не давал отдельного письменного согласия на платное обучение до подтверждения финансирования, плата за основное обучение за такой период с Родителя не взимается. В этом случае Школа вправе отложить начало обучения до подтверждения финансирования либо принять иное решение, не возлагающее оплату основного обучения на Родителя.
5.11. Егер ақылы оқыту басталғаннан кейін білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе қаржыландырудың өзге де тетігі тиісті кезең үшін расталса, Мектеп Ата-ана енгізген төлемнің расталған қаржыландырумен өтелген бөлігін есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізеді; сол бір қызметті сол бір кезең үшін қосарланған қаржыландыруға жол берілмейді. Қайта есептеу, есепке жатқызу, қайтару немесе одан әрі төлеу тәртібі мыналарды ескере отырып айқындалады:	5.11. Если после начала платного обучения образовательный ваучер, государственный образовательный заказ или иной механизм финансирования будет подтвержден за соответствующий период, Школа производит зачет или возврат внесенной Родителем платы в части, покрытой подтвержденным финансированием; двойное финансирование одной и той же услуги за один и тот же период не допускается. Порядок перерасчета, зачета, возврата или дальнейшей оплаты определяется с учетом:
5.11.1) қаржыландыру расталған күнді;	5.11.1) даты подтверждения финансирования;
5.11.2) Білім алушының нақты оқыған кезеңін;	5.11.2) периода фактического обучения Учащегося;
5.11.3) LMS деректерін;	5.11.3) данных LMS;
5.11.4) тиісті қаржыландыру бағдарламасының шарттарын;	5.11.4) условий соответствующей программы финансирования;
5.11.5) қызметтер каталогын;	5.11.5) каталога услуг;
5.11.6) Ата-ана жүргізген төлемдерді;	5.11.6) произведенных Родителем платежей;
5.11.7) Мектеп нақты көрсеткен қызметтерді.	5.11.7) фактически оказанных Школой услуг.
5.12. Егер білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі Мектепке байланысты емес себептермен расталмаса, жойылса, тоқтатыла тұрса, тоқтатылса, бұғатталса, брондалмаса, есептен шығарылмаса, өтелмесе, төленбесе, ішінара төленсе не оқытудың тиісті кезеңін өтемесе, Мектеп мыналарға құқылы:	5.12. Если образовательный ваучер, государственный образовательный заказ или иной механизм государственного финансирования не подтвержден, аннулирован, приостановлен, прекращен, заблокирован, не забронирован, не списан, не погашен, не оплачен, оплачен частично либо не покрывает соответствующий период обучения по причинам, не зависящим от Школы, Школа вправе:
5.12.1) Ата-анаға Білім алушыны оқытуды ақылы негізде жалғастыруды ұсынуға;	5.12.1) предложить Родителю продолжение обучения Учащегося на платной основе;
5.12.2) Ата-анамен төлем шарттарын өзгерту туралы қосымша келісімге немесе қосымшаға қол қоюға;	5.12.2) подписать с Родителем дополнительное соглашение или приложение об изменении условий оплаты;
5.12.3) нақты көрсетілген қызметтерге қайта есептеу жүргізуге;	5.12.3) произвести перерасчет фактически оказанных услуг;
5.12.4) МЖМБС бойынша негізгі оқытуға жатпайтын ақылы қосымша қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға;	5.12.4) приостановить оказание платных дополнительных услуг, не относящихся к основному обучению по ГОСО;
5.12.5) осы офертада көзделген тәртіппен шарттық қатынастарды тоқтатуға;	5.12.5) прекратить договорные отношения в порядке, предусмотренном настоящей офертой;
5.12.6) расталған қаржыландыру қалпына келтірілгенге дейін тегін оқыту шарттарын одан әрі қолданудан бас тартуға.	5.12.6) отказать в дальнейшем применении условий бесплатного обучения до восстановления подтвержденного финансирования.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
5.13. Егер қаржыландырудың расталмауы, жойылуы, тоқтатыла тұруы, тоқтатылуы, бұғатталуы, толық төленбеуі немесе өзге де шектелуі Ата-ананың анық емес, толық емес, мерзімі өткен немесе қайшылықты мәліметтер ұсынуынан, құжаттарға уақтылы қол қоймауынан, электрондық растаудан бас тартуынан, Білім алушының немесе Ата-ананың мәртебесінің өзгеруінен, қажетті келісімдерді бермеуінен, құжаттардың сәйкес келмеуінен не Ата-ананың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне байланысты өзге де мән-жайлардан туындаса, Ата-ана Мектепке нақты көрсетілген қызметтердің қаржыландырумен өтелмеген бөлігінің құнын өтеуге міндетті.	5.13. Если неподтверждение, аннулирование, приостановление, прекращение, блокирование, неполная оплата или иное ограничение финансирования вызвано предоставлением Родителем недостоверных, неполных, просроченных или противоречивых сведений, несвоевременным подписанием документов, отказом от электронного подтверждения, изменением статуса Учащегося или Родителя, непредоставлением необходимых согласий, несоответствием документов либо иными обстоятельствами, зависящими от действий или бездействия Родителя, Родитель обязан возместить Школе стоимость фактически оказанных услуг в части, не покрытой финансированием.
5.14. Ата-ана білім беру ваучерін, мемлекеттік білім беру тапсырысын немесе қаржыландырудың өзге де тетігін растау және сақтау үшін қажетті барлық әрекеттерді уақтылы жасауға міндетті, оның ішінде:	5.14. Родитель обязан своевременно совершать все действия, необходимые для подтверждения и сохранения образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования, включая:
5.14.1) құжаттарды ұсыну;	5.14.1) предоставление документов;
5.14.2) өтініш беру;	5.14.2) подачу заявления;
5.14.3) шартқа, өтінішке, акцептке, қосымшаға және өзге де құжаттарға қол қою;	5.14.3) подписание договора, заявления, акцепта, приложения и иных документов;
5.14.4) LMS, egov.kz порталы, ЭЦҚ, SMS-растау, жеке кабинет арқылы немесе өзге де белгіленген тәсілмен электрондық растаудан өту;	5.14.4) прохождение электронного подтверждения через LMS, портал egov.kz, ЭЦП, SMS-подтверждение, личный кабинет или иной установленный способ;
5.14.5) дербес деректерді өзектілендіру;	5.14.5) актуализацию персональных данных;
5.14.6) заңды өкіл мәртебесін растау;	5.14.6) подтверждение статуса законного представителя;
5.14.7) егер жеңілдікті санат мәлімделетін болса, мұндай санат туралы мәліметтерді ұсыну;	5.14.7) предоставление сведений о льготной категории, если такая категория заявляется;
5.14.8) оператордың, тіркеушінің, эмитенттің, уәкілетті органның, ақпараттық жүйенің және Мектептің талаптарын орындау.	5.14.8) выполнение требований оператора, регистратора, эмитента, уполномоченного органа, информационной системы и Школы.
5.15. Ата-ананың осы параграфта көрсетілген әрекеттерді уақтылы жасамауы Ата-ананың тәуекелі болып табылады және егер Мектеп өз тарапынан өз құзыреті шегінде қажетті әрекеттерді жасаған болса, Мектепке кінә ретінде тағыла алмайды.	5.15. Несвоевременное совершение Родителем действий, указанных в настоящем параграфе, является риском Родителя и не может быть поставлено в вину Школе, если Школа со своей стороны совершила необходимые действия в пределах своей компетенции.
5.16. Ата-ана білім беру ваучерінің, мемлекеттік білім беру тапсырысының немесе қаржыландырудың өзге де тетігінің расталуына, сақталуына немесе төленуіне әсер етуі мүмкін мән-жайлар туралы, оның ішінде тұрғылықты жердің, құжаттардың, азаматтықтың, заңды өкіл мәртебесінің, жеңілдікті санаттың, денсаулық жағдайының, оқыту нысанының, мектептің, байланыс деректерінің өзгеруі туралы, сондай-ақ ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында даулардың болуы туралы Мектепті дереу хабардар етуге міндетті.	5.16. Родитель обязан незамедлительно уведомлять Школу об обстоятельствах, которые могут повлиять на подтверждение, сохранение или оплату образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования, включая изменение места жительства, документов, гражданства, статуса законного представителя, льготной категории, состояния здоровья, формы обучения, школы, контактных данных, а также наличие споров между родителями или законными представителями.
5.17. Мектеп Білім алушы мен Ата-ана туралы қажетті мәліметтерді оқуға қабылдау, оқыту, есепке алу, қаржыландыруды растау, актілерді қалыптастыру, есептілік, мониторинг, төлем және осы офертаны орындау үшін қажетті шекте пайдалануға және оларды LMS-ке, ҰБДҚ-ға, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізіліміне, цифрлық жүйеге, веб-порталға, операторға, тіркеушіге, эмитентке, «Қаржы орталығы» АҚ-ға, уәкілетті мемлекеттік органдарға және өзге де тұлғаларға беруге құқылы.	5.17. Школа вправе использовать и передавать необходимые сведения об Учащемся и Родителе в LMS, НОБД, государственный электронный реестр образовательных ваучеров, цифровую систему, веб-портал, оператору, регистратору, эмитенту, АО «Финансовый центр», уполномоченным государственным органам и иным лицам в пределах, необходимых для зачисления, обучения, учета, подтверждения финансирования, формирования актов, отчетности, мониторинга, оплаты и исполнения настоящей оферты.
5.18. Ата-ана Мектептің білім беру ваучеріне, мемлекеттік білім беру тапсырысына, қаржыландырудың өзге де тетігіне қатысуы үшін, сондай-ақ Мектептің білім беру, бухгалтерлік, салықтық, есептілік және өзге де міндеттемелерін орындауы үшін қажетті көлемде Ата-ана мен	5.18. Родитель дает согласие на сбор, обработку, хранение, использование, актуализацию, передачу и получение персональных данных Родителя и Учащегося в объеме, необходимом для участия Школы в образовательном ваучере, государственном образовательном

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
Білім алушының дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, өзектілендіруге, беруге және алуға келісім береді.	заказе, ином механизме финансирования, а также для исполнения образовательных, бухгалтерских, налоговых, отчетных и иных обязательств Школы.
5.19. Мектеп сабаққа қатысудың, үлгерімнің, контингенттің, оқу процесінің, шарттардың, педагогтердің, актілердің, есептіліктің және өзге де мәліметтердің есебін LMS-те және Мектеп пайдаланатын және/немесе қаржыландыру тетігінде көзделген өзге де ақпараттық жүйелерде жүргізуге құқылы.	5.19. Школа вправе вести учет посещаемости, успеваемости, контингента, учебного процесса, договоров, педагогов, актов, отчетности и иных сведений в LMS и иных информационных системах, используемых Школой и/или предусмотренных механизмом финансирования.
5.20. Ата-ана мынаны түсінетінін растайды: LMS, цифрлық жүйе, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімі, веб-портал, оператор, тіркеуші, эмитент және уәкілетті органдар деректерінің оқыту фактісін, көрсетілген қызметтер көлемін, оқыту кезеңін, қаржыландыруды, есеп айырысуларды және есептілікті растау үшін маңызы болуы мүмкін.	5.20. Родитель подтверждает, что понимает: данные LMS, цифровой системы, государственного электронного реестра образовательных ваучеров, веб-портала, оператора, регистратора, эмитента и уполномоченных органов могут иметь значение для подтверждения факта обучения, объема оказанных услуг, периода обучения, финансирования, расчетов и отчетности.
5.21. Білім алушы ай ішінде оқуға қабылданған, ауыстырылған, шығып кеткен немесе оқудан шығарылған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, қаржыландыру шарттарында, қызметтер каталогында, қосымшада немесе Тараптардың жеке келісінде өзге тәртіп белгіленбесе, қаржыландыруды және/немесе нақты көрсетілген қызметтер құнын есептеу нақты оқыту кезеңіне барабар жүргізілуі мүмкін.	5.21. При зачислении, переводе, выбытии или отчислении Учащегося в течение месяца расчет финансирования и/или стоимости фактически оказанных услуг может производиться пропорционально фактическому периоду обучения, если иной порядок не установлен законодательством Республики Казахстан, условиями финансирования, каталогом услуг, приложением или отдельным соглашением Сторон.
5.22. Егер мониторингтің, тексерудің, деректерді салыстырып тексерудің, оператор, тіркеуші, эмитент, уәкілетті орган немесе өзге де ақпараттық жүйе әрекеттерінің нәтижелері бойынша Білім алушыны қаржыландыруға әсер ететін мән-жайлар анықталса, Мектеп тиісті мәселе реттелгенге дейін Ата-анадан қосымша мәліметтер мен құжаттарды сұратуға, төлем тәртібін өзгертуге, қайта есептеу жүргізуге, тегін оқыту шарттарын қолдануды тоқтата тұруға немесе ақылы негізге көшуді ұсынуға құқылы.	5.22. Если по результатам мониторинга, проверки, сверки данных, действий оператора, регистратора, эмитента, уполномоченного органа или иной информационной системы выявлены обстоятельства, влияющие на финансирование Учащегося, Школа вправе запросить у Родителя дополнительные сведения и документы, изменить порядок оплаты, произвести перерасчет, приостановить применение условий бесплатного обучения или предложить переход на платную основу до урегулирования соответствующего вопроса.
5.23. Егер мұндай мән-жайлар Мектептің кінәсінен туындамаса, Мектеп LMS-тің, egov.kz порталының, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімінің, цифрлық жүйенің, веб-порталдың, оператордың, тіркеушінің, эмитенттің, уәкілетті органның, банктің, төлем жүйесінің немесе өзге де сыртқы жүйелер мен тұлғалардың техникалық іркілістері, кідірістері, қолжетімсіздігі, қателері, істен шығуы, бұғатталуы, дұрыс жұмыс істемеуі немесе шешімдері үшін жауапты болмайды.	5.23. Школа не несет ответственности за технические сбои, задержки, недоступность, ошибки, отказы, блокировки, некорректную работу или решения LMS, портала egov.kz, государственного электронного реестра образовательных ваучеров, цифровой системы, веб-портала, оператора, регистратора, эмитента, уполномоченного органа, банка, платежной системы или иных внешних систем и лиц, если такие обстоятельства возникли не по вине Школы.
5.24. Ақпараттық жүйенің техникалық іркілісі, қатесі, кідірісі немесе қолжетімсіздігі жағдайында Ата-ана Мектеппен адал өзара іс-қимыл жасауға, қажетті растауларды ұсынуға, құжаттарға қайта қол қоюға, электрондық растаудан өтуге, мәліметтерді жаңартуға және қаржыландыруды қалпына келтіру немесе растау үшін қажетті өзге де әрекеттерді жасауға міндетті.	5.24. В случае технического сбоя, ошибки, задержки или недоступности информационной системы Родитель обязан взаимодействовать со Школой добросовестно, предоставлять необходимые подтверждения, повторно подписывать документы, проходить электронное подтверждение, обновлять сведения и совершать иные действия, необходимые для восстановления или подтверждения финансирования.
5.25. Егер білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе қаржыландырудың өзге де тетігі оқу жылы ішінде тоқтатылса, Мектеп Ата-ананы өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабардар етеді және мынадай нұсқалардың бірін ұсынады:	5.25. Если образовательный ваучер, государственный образовательный заказ или иной механизм финансирования прекращается в течение учебного года, Школа уведомляет Родителя через официальные каналы взаимодействия и предлагает один из следующих вариантов:
5.25.1) оқытуды ақылы негізде жалғастыру;	5.25.1) продолжение обучения на платной основе;
5.25.2) қаржыландыру және төлем шарттарын өзгерту туралы қосымша келісімге немесе қосымшаға қол қою;	5.25.2) подписание дополнительного соглашения или приложения об изменении условий финансирования и оплаты;
5.25.3) Ата-ананың өтініші бойынша Білім алушыны басқа білім беру ұйымына ауыстыру;	5.25.3) перевод Учащегося в другую организацию образования по заявлению Родителя;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
5.25.4) нақты көрсетілген қызметтер бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізіле отырып, шарттық қатынастарды бұзу.	5.25.4) расторжение договорных отношений с проведением окончательного расчета по фактически оказанным услугам.
5.26. Егер расталған қаржыландыру болмаған кезде Ата-ана оқытуды ақылы негізде жалғастырудан бас тартса, Мектеп осы офертада және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шарттық қатынастарды тоқтатуға құқылы.	5.26. Если Родитель отказывается от продолжения обучения на платной основе при отсутствии подтвержденного финансирования, Школа вправе прекратить договорные отношения в порядке, установленном настоящей офертой и законодательством Республики Казахстан.
5.27. Ата-ана Мектептің Білім алушыны оқытуды ақылы негізде жалғастыру туралы ұсынысына тиісті хабарламаны өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап беруге міндетті. Ата-ана көрсетілген мерзімде жауап бермеген жағдайда Мектеп жауап алынғанға дейін Білім алушыны сабақтарға жібермеуге құқылы, бұл ретте Ата-ананың ақылы оқытуға жазбаша келісімі болмаған кезде тиісті кезең үшін негізгі оқытуға ақы төлеу Ата-анаға жүктелмейді.	5.27. Родитель обязан дать ответ на предложение Школы о продолжении обучения Учащегося на платной основе в течение 3 (трех) рабочих дней с момента получения соответствующего уведомления через официальные каналы взаимодействия. При отсутствии ответа Родителя в указанный срок Школа вправе не допускать Учащегося к занятиям до получения ответа, не возлагая при этом на Родителя оплату основного обучения за соответствующий период при отсутствии его письменного согласия на платное обучение.
5.28. Қолданыстағы және расталған білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе қаржыландырудың өзге де тетігі болған кезде Ата-ананың тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, қызметтер пакеттері, тұру қызметі және өзге де қосымша немесе ілеспе қызметтер бойынша берешегі Білім алушыға МЖМБС бойынша негізгі оқытуды алудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.	5.28. Задолженность Родителя по питанию, дополнительным образовательным услугам, кружкам, секциям, пакетам услуг, проживанию и иным дополнительным или сопутствующим услугам не является основанием для отказа Учащемуся в получении основного обучения по ГОСО при наличии действующего и подтвержденного образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования.
5.29. Қосымша немесе ілеспе қызметтер бойынша берешек болған кезде Мектеп тиісті қосымша немесе ілеспе қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға, жаңа ақылы қызметтерді қосудан бас тартуға, өсімпұл есептеуге, берешекті өтеуді талап етуге, есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге, осы офертада және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берешекті өндіріп алу үшін жүгінуге құқылы.	5.29. При наличии задолженности по дополнительным или сопутствующим услугам Школа вправе приостановить или прекратить оказание соответствующих дополнительных или сопутствующих услуг, отказать в подключении новых платных услуг, начислить пеню, потребовать погашения задолженности, произвести сверку расчетов, обратиться за взысканием задолженности в порядке, установленном настоящей офертой и законодательством Республики Казахстан.
5.30. Ата-ана білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе қаржыландырудың өзге де тетігі есебінен МЖМБС бойынша оқытудың негізгі көлеміне кірмейтін не тиісті қаржыландыру тетігімен өтелмейтін қызметтерді көрсетуді талап етуге құқылы емес.	5.30. Родитель не вправе требовать оказания за счет образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования услуг, которые не входят в основной объем обучения по ГОСО либо не покрываются соответствующим механизмом финансирования.
5.31. Тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, жеке сабақтар, ұзартылған күн, қызметтер пакеттері, тұру қызметі, буфетке арналған баланс және өзге де қосымша немесе ілеспе қызметтер, егер олар білім беру ваучерімен, мемлекеттік білім беру тапсырысымен, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасымен, жеке ваучермен, мемлекеттік бағдарламамен немесе өзге де расталған қаржыландыру тетігімен тікелей өтелмесе, бөлек төленеді.	5.31. Питание, дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, индивидуальные занятия, продленный день, пакеты услуг, проживание, баланс на буфет и иные дополнительные или сопутствующие услуги оплачиваются отдельно, если они прямо не покрываются образовательным ваучером, государственным образовательным заказом, программой финансирования дополнительных услуг, отдельным ваучером, государственной программой или иным подтвержденным механизмом финансирования.
5.32. Мектеп сол бір қызметті қосарланған қаржыландыруға жол бермейді. Егер қызмет білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе қаржыландырудың өзге де тетігі есебінен төленсе, Мектеп дәл сол қызмет үшін сол бөлікте және сол кезең үшін Ата-анадан ақы алмайды. Егер қаржыландыру қызметті ішінара өтесе, Ата-ана тиісті өтініш, қосымша, қызметтер каталогы немесе Тараптардың келісімі болған кезде өтелмеген бөлігін ғана төлейді.	5.32. Школа не допускает двойного финансирования одной и той же услуги. Если услуга оплачена за счет образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования, Школа не взимает с Родителя оплату за эту же услугу в той же части и за тот же период. Если финансирование покрывает услугу частично, Родитель оплачивает только непокрытую часть при наличии соответствующего заявления, приложения, каталога услуг или соглашения Сторон.
5.33. Ата-ананың мәліметтері мен LMS, цифрлық жүйе, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімі, веб-портал, оператор, тіркеуші, эмитент немесе уәкілетті орган деректері арасында алшақтықтар болған кезде Мектеп олар белгіленген тәртіппен	5.33. При наличии расхождений между сведениями Родителя и данными LMS, цифровой системы, государственного электронного реестра образовательных ваучеров, веб-портала, оператора, регистратора, эмитента или уполномоченного органа Школа вправе руководствоваться официальными данными соответствующих

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
түзетілгенге дейін тиісті ақпараттық жүйелер мен уәкілетті тұлғалардың ресми деректерін басшылыққа алуға құқылы.	информационных систем и уполномоченных лиц до момента их исправления в установленном порядке.
5.34. Ата-ана Мектептің құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша, оның ішінде білім беру ваучерін шығару, растау, қалпына келтіру, бұғаттау, жою, тоқтату немесе оның техникалық мәртебесі мәселелері бойынша уәкілетті органдарға, операторға, тіркеушіге, эмитентке, ақпараттық жүйелердің қолдау қызметіне немесе өзге де құзыретті ұйымдарға өз бетінше және уақтылы жүгінуге міндетті.	5.34. Родитель обязан самостоятельно и своевременно обращаться в уполномоченные органы, к оператору, регистратору, эмитенту, в службу поддержки информационных систем или иные компетентные организации по вопросам, которые не относятся к компетенции Школы, включая вопросы выпуска, подтверждения, восстановления, блокирования, аннулирования, прекращения или технического статуса образовательного ваучера.
5.35. Мектеп Ата-анаға білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе қаржыландырудың өзге де тетігі мәселелері бойынша ақпараттық жәрдем көрсетуге құқылы, алайда мұндай жәрдем Мектептің мемлекеттік органдардың, оператордың, тіркеушінің, эмитенттің, ақпараттық жүйелердің немесе өзге де сыртқы тұлғалардың әрекеттері, әрекетсіздігі, шешімдері, техникалық қателері немесе жұмыс мерзімдері үшін жауапкершілікті өзіне алғанын білдірмейді.	5.35. Школа вправе оказывать Родителю информационное содействие по вопросам образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования, однако такое содействие не означает принятие Школой ответственности за действия, бездействие, решения, технические ошибки или сроки работы государственных органов, оператора, регистратора, эмитента, информационных систем или иных внешних лиц.
5.36. Білім беру ваучерін, мемлекеттік білім беру тапсырысын немесе қаржыландырудың өзге де тетігін қолдануға байланысты барлық мәселелер осы офертада реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен, тиісті қаржыландыру бағдарламасының тетігімен, уәкілетті органдардың шешімдерімен, цифрлық жүйелердің шарттарымен, Мектептің ішкі актілерімен және осы офертаның қосымшаларымен реттеледі.	5.36. Все вопросы, связанные с применением образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования, в части, не урегулированной настоящей офертой, регулируются законодательством Республики Казахстан, механизмом соответствующей программы финансирования, решениями уполномоченных органов, условиями цифровых систем, внутренними актами Школы и приложениями к настоящей оферте.
6-параграф. Қызметтер каталогы, құны, жеңілдіктер және төлем тәртібі	Параграф 6. Каталог услуг, стоимость, скидки и порядок оплаты
6.1. Мектептің білім беру, қосымша білім беру, ілеспе және өзге де ақылы қызметтерінің құны осы Офертамен, қызметтер каталогымен, осы Офертаға қосымшалармен, Ата-ананың жекелеген қызметтерге арналған өтініштерімен, қызметтер пакеттерімен, төлем кестелерімен, Мектептің ішкі актілерімен және Мектеп директорының бұйрықтарымен айқындалады.	6.1. Стоимость образовательных, дополнительных образовательных, сопутствующих и иных платных услуг Школы определяется настоящей офертой, каталогом услуг, приложениями к настоящей оферте, заявлениями Родителя на отдельные услуги, пакетами услуг, графиками оплаты, внутренними актами Школы и приказами директора Школы.
6.2. Қызметтер каталогы осы Офертаның ажырамас бөлігі болып табылады және мыналарды қамтуы мүмкін:	6.2. Каталог услуг является неотъемлемой частью настоящей оферты и может включать:
6.2.1) білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі болмаған кездегі ақылы оқытудың құны;	6.2.1) стоимость платного обучения при отсутствии образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма государственного финансирования;
6.2.2) тамақтандырудың құны;	6.2.2) стоимость питания;
6.2.3) мұндай қызмет ұсынылған жағдайда тұрудың құны;	6.2.3) стоимость проживания, если такая услуга предоставляется;
6.2.4) қосымша білім беру қызметтерінің құны;	6.2.4) стоимость дополнительных образовательных услуг;
6.2.5) үйірмелердің, секциялардың, жеке сабақтардың, консультациялардың, интенсивтердің, ұзартылған күннің және өзге де сабақтардың құны;	6.2.5) стоимость кружков, секций, индивидуальных занятий, консультаций, интенсивов, продлённого дня и иных занятий;
6.2.6) қызметтер пакеттерінің құны;	6.2.6) стоимость пакетов услуг;
6.2.7) жеңілдіктердің, преференциялардың, бөліп төлеудің мөлшерлері және оларды қолдану шарттары;	6.2.7) размеры скидок, льгот, рассрочек и условия их применения;
6.2.8) төлем кестелері;	6.2.8) графики оплаты;
6.2.9) қайта есептеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібі;	6.2.9) порядок перерасчёта и возврата денежных средств;
6.2.10) қызметтерді көрсетудің өзге де коммерциялық шарттары.	6.2.10) иные коммерческие условия оказания услуг.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
6.3. Қызметтер каталогы Мектеп директорының бұйрығымен не Мектептің өзге де ішкі актісімен бекітіледі және қызметтердің тізбесі мен базалық тарифтерді айқындайды. Ақылы негізгі оқытудың және Ата-ана таңдаған ақылы қызметтердің тиісті кезеңге арналған нақты құны акцепт-өтініште, қызметке арналған өтініште, қосымшада немесе Ата-ана төлем жасау арқылы акцептеген шотта келісіледі. Қызметтер каталогының өзгеруі болашақ кезеңдерге қолданылады және егер Тараптар өзгеше тікелей келіспесе, ағымдағы төленген кезеңге бұрын келісілген және төленген қызметтің құнын өзгертпейді.	6.3. Каталог услуг утверждается приказом директора Школы либо иным внутренним актом Школы и определяет перечень услуг и базовые тарифы. Конкретная стоимость платного основного обучения и выбранных Родителем платных услуг на соответствующий период согласовывается в заявлении-акцепте, заявлении на услугу, приложении или счёте, акцептованном Родителем путём оплаты. Изменение каталога услуг применяется на будущие периоды и не изменяет стоимость уже согласованной и оплаченной услуги за текущий оплаченный период, если иное прямо не согласовано Сторонами.
6.4. МЖМБС бойынша негізгі оқытудың құны Ата-анадан расталған білім беру ваучерімен, мемлекеттік білім беру тапсырысымен немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де расталған тетігімен өтелетін бөлікте және сол кезең үшін алынбайды.	6.4. Стоимость основного обучения по ГОСО не взимается с Родителя в той части и за тот период, которые покрываются подтверждённым образовательным ваучером, государственным образовательным заказом или иным подтверждённым механизмом государственного финансирования.
6.5. Расталған білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі болмаған кезде Білім алушыны негізгі оқыту акцепт-өтініште, ақылы оқыту туралы қосымшада немесе нақты құны мен төлем кезеңі көрсетілген өзге де қол қойылған/акцептелген құжатта білдірілген Ата-ананың келісімі болған кезде ғана ақылы негізде жүзеге асырылады.	6.5. При отсутствии подтверждённого образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма государственного финансирования основное обучение Учащегося осуществляется на платной основе только при согласии Родителя, выраженном в заявлении-акцепте, приложении о платном обучении или ином подписанном/акцептованном документе с указанием конкретной стоимости и периода оплаты.
6.6. Егер білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі оқытуды ішінара өтесе, жекелеген кезеңді өтемесе, тоқтатылса, тоқтатыла тұрса, күші жойылса, бұғатталса, расталмаса не төленбесе, Ата-ана өтелмеген бөлікте нақты көрсетілген қызметтердің құнын тек тиісті кезеңге ақылы оқытуға Ата-ананың жеке келісімі болған жағдайда ғана немесе қаржыландырумен өтелмеу Ата-анаға байланысты мән-жайлардан туындаған жағдайда төлейді.	6.6. Если образовательный ваучер, государственный образовательный заказ или иной механизм государственного финансирования покрывает обучение частично, не покрывает отдельный период, прекращён, приостановлен, аннулирован, заблокирован, не подтверждён либо не оплачен, Родитель оплачивает стоимость фактически оказанных услуг в непокрытой части только при наличии отдельного согласия Родителя на платное обучение за соответствующий период либо если непокрытие финансированием вызвано обстоятельствами, зависящими от Родителя.
6.7. Ақылы оқыту, тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, тұру, қызметтер пакеттері және өзге де таңдалған қызметтер үшін төлемді Ата-ана акцепт-өтініште, қызметке арналған өтініште, осы Офертаға қосымшада, төлем шотында, қызметтер каталогында немесе тиісті қызметтің нақты Ата-ана үшін келісілген құнын растайтын Мектептің өзге де құжатында көрсетілген мерзімде, мөлшерде және тәртіппен жүргізеді.	6.7. Оплата платного обучения, питания, дополнительных образовательных услуг, кружков, секций, проживания, пакетов услуг и иных выбранных услуг производится Родителем в сроки, размере и порядке, указанные в заявлении-акцепте, заявлении на услугу, приложении к настоящей оферте, счёте на оплату, каталоге услуг или ином документе Школы, подтверждающем согласованную стоимость соответствующей услуги для конкретного Родителя.
6.8. Төлем мынадай тәртіппен жүргізілуі мүмкін:	6.8. Оплата может производиться:
6.8.1) ай сайын;	6.8.1) ежемесячно;
6.8.2) тоқсан сайын;	6.8.2) поквартально;
6.8.3) жарты жылға;	6.8.3) за полугодие;
6.8.4) оқу жылына;	6.8.4) за учебный год;
6.8.5) курсқа;	6.8.5) за курс;
6.8.6) сабаққа;	6.8.6) за занятие;
6.8.7) абонементке;	6.8.7) за абонемент;
6.8.8) қызметтер каталогында, Ата-ананың өтінішінде, қосымшада немесе Тараптардың келісімінде көзделген өзге де кесте бойынша.	6.8.8) по иному графику, предусмотренному каталогом услуг, заявлением Родителя, приложением или соглашением Сторон.
6.9. Таңдалған төлем кестесіне байланысты Мектеп Ата-анаға жеңілдік беруге құқылы. Жеңілдіктің мөлшері, оны қолдану шарттары, қолданылу мерзімі, күшін жою негіздері және қайта есептеу тәртібі	6.9. В зависимости от выбранного графика оплаты Школа вправе предоставлять Родителю скидку. Размер скидки, условия её применения, срок действия, основания отмены и порядок перерасчёта

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
қызметтер каталогында, офертаға қосымшада, Мектеп директорының бұйрығында немесе Мектептің өзге де ішкі актісінде көрсетіледі.	указываются в каталоге услуг, приложении к оферте, приказе директора Школы или ином внутреннем акте Школы.
6.10. Жеңілдік, преференция немесе бөліп төлеу, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тиісті қаржыландыру бағдарламасының міндетті шарттарында өзгеше көзделмесе, тек Мектептің шешімі бойынша ғана беріледі.	6.10. Скидка, льгота или рассрочка предоставляется исключительно по решению Школы, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан или обязательными условиями соответствующей программы финансирования.
6.11. Жеңілдік Ата-ананың тұрақты құқығы болып табылмайды және мынадай жағдайларда Мектеп оны жоюы немесе өзгертуі мүмкін:	6.11. Скидка не является постоянным правом Родителя и может быть отменена или изменена Школой в случаях:
6.11.1) Ата-ананың төлем мерзімдерін бұзуы;	6.11.1) нарушения Родителем сроков оплаты;
6.11.2) берешектің туындауы;	6.11.2) образования задолженности;
6.11.3) Ата-ананың бөліп төлеу шарттарын бұзуы;	6.11.3) нарушения Родителем условий рассрочки;
6.11.4) таңдалған қызметтер пакетінің өзгеруі;	6.11.4) изменения выбранного пакета услуг;
6.11.5) жеңілдік берілген негіздің қолданысының тоқтауы;	6.11.5) прекращения действия основания, по которому была предоставлена скидка;
6.11.6) Ата-ананың анық емес немесе толық емес мәліметтер беруі;	6.11.6) предоставления Родителем недостоверных или неполных сведений;
6.11.7) қызметтер каталогында, қосымшада, директордың бұйрығында немесе Мектептің ішкі актілерінде көзделген өзге де жағдайларда.	6.11.7) иных случаев, предусмотренных каталогом услуг, приложением, приказом директора или внутренними актами Школы.
6.12. Егер жеңілдік тоқсанға, жарты жылға, оқу жылына, қызметтер пакетіне немесе өзге де кезеңге ақы төлеу шартымен берілсе, ал Ата-ана шартты мерзімінен бұрын бұзса, қызметтен бас тартса, қызметтер пакетін өзгертсе не төлем шарттарын бұзса, Мектеп нақты көрсетілген қызметтердің құнын жеңілдіксіз базалық тариф бойынша қайта есептеуге құқылы. Мұндай қайта есептеу нәтижесінде Ата-ана қосымша төлеуге тиіс сома, егер қызметтер каталогында немесе Тараптардың жеке келісімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе, нақты берілген жеңілдіктің мөлшерінен аспауы тиіс. Мұндай қайта есептеу нақты көрсетілген қызметтердің құнын базалық тариф бойынша есептеу болып табылады және тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл болып табылмайды.	6.12. Если скидка была предоставлена при условии оплаты за четверть, полугодие, учебный год, пакет услуг или иной период, а Родитель досрочно расторгает договор, отказывается от услуги, меняет пакет услуг либо нарушает условия оплаты, Школа вправе произвести перерасчёт стоимости фактически оказанных услуг по базовому тарифу без учёта скидки. Сумма, дополнительно подлежащая оплате Родителем в результате такого перерасчёта, не может превышать размер фактически предоставленной скидки, если иной порядок не установлен каталогом услуг или отдельным соглашением Сторон. Такой перерасчёт представляет собой расчёт стоимости фактически оказанных услуг по базовому тарифу и не является неустойкой или штрафом.
6.13. Төлемдер ақшалай қаражатты Мектептің есеп айырысу шотына аудару арқылы, банктік қосымшалар, төлем сервистері, касса, электрондық төлем жүйелері немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген және Мектеп қабылдайтын өзге де төлем тәсілдері арқылы жүргізіледі.	6.13. Платежи производятся путём перечисления денежных средств на расчётный счёт Школы, через банковские приложения, платёжные сервисы, кассу, электронные платёжные системы или иные способы оплаты, разрешённые законодательством Республики Казахстан и принимаемые Школой.
6.14. Ата-ананың төлем жөніндегі міндеті ақшалай қаражаттың Мектептің есеп айырысу шотына нақты түскен сәтінен бастап не Мектеп пайдаланатын төлем жүйесі арқылы төлем расталған сәттен бастап орындалды деп есептеледі.	6.14. Обязанность Родителя по оплате считается исполненной с момента фактического поступления денежных средств на расчётный счёт Школы либо подтверждения оплаты через платёжную систему, используемую Школой.
6.15. Қызметтерге ақы төлеуге байланысты банктердің, төлем ұйымдарының, төлем жүйелері операторларының және өзге де делдалдардың комиссияларын, егер тиісті төлем тәсілінде немесе Тараптардың жеке келісімінде өзгеше көзделмесе, Ата-ана көтереді.	6.15. Комиссии банков, платёжных организаций, операторов платёжных систем и иных посредников, связанные с оплатой услуг, несёт Родитель, если иное не предусмотрено соответствующим способом оплаты или отдельным соглашением Сторон.
6.16. Ата-ана төлем жасаған кезде, егер мұндай мәліметтер төлемді дұрыс есепке алу үшін Мектепке қажет болса, төлемнің мақсатын, Білім алушының Т.А.Ә., сыныбын, төлем кезеңін және қызмет түрін көрсетуге міндетті.	6.16. Родитель обязан указывать при оплате назначение платежа, ФИО Учащегося, класс, период оплаты и вид услуги, если такие сведения требуются Школой для корректного учёта платежа.
6.17. Егер Ата-ана төлемнің мақсатын көрсетпесе, оны дұрыс көрсетпесе не деректемелерде қате жіберсе, Мектеп түскен төлемді Ата-ананың бар берешегінің, ең ерте төленбеген кезеңнің, таңдалған	6.17. Если Родитель не указал назначение платежа, указал его некорректно либо допустил ошибку в реквизитах, Школа вправе зачесть поступивший платёж в счёт имеющейся задолженности

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
ақылы қызметтердің немесе Ата-ананың Мектеп алдындағы өзге де міндеттемесінің есебіне жатқызуға құқылы.	Родителя, наиболее раннего неоплаченного периода, выбранных платных услуг или иного обязательства Родителя перед Школой.
6.18. Ата-ананың берешегі болған кезде Мектеп Ата-анадан түсетін төлемдерді мынадай кезектілікпен есепке жатқызуға құқылы:	6.18. При наличии у Родителя задолженности Школа вправе зачесть поступающие от Родителя платежи в следующей очередности:
6.18.1) бұрын көрсетілген қызметтер үшін берешек;	6.18.1) задолженность за ранее оказанные услуги;
6.18.2) есептелген өсімпұл;	6.18.2) начисленная пеня;
6.18.3) оқыту үшін ағымдағы төлемдер;	6.18.3) текущие платежи за обучение;
6.18.4) тамақтандыру үшін ағымдағы төлемдер;	6.18.4) текущие платежи за питание;
6.18.5) қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, тұру, қызметтер пакеттері және өзге де қызметтер үшін ағымдағы төлемдер.	6.18.5) текущие платежи за дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, проживание, пакеты услуг и иные услуги.
6.19. Төлемдерді есепке жатқызудың өзге де кезектілігін Мектеп шотта, хабарламада, салыстырып тексеру актісінде, қосымшада, Тараптардың келісімінде немесе Мектептің ішкі актісінде белгілеуі мүмкін.	6.19. Иная очередность зачёта платежей может быть установлена Школой в счёте, уведомлении, акте сверки, приложении, соглашении Сторон или внутреннем акте Школы.
9.1.45) Мектептің, Білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және өзге де адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа, құқық қорғау органдарына, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, білім беру органдарына және өзге де уәкілетті органдарға жүгінуге;	9.1.45) обращаться в суд, правоохранительные органы, органы опеки и попечительства, комиссию по делам несовершеннолетних, органы образования и иные уполномоченные органы для защиты прав и законных интересов Школы, Учащихся, работников Школы и иных лиц;
9.1.46) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада, қосымшаларда, Мектептің ішкі актілерінде және іскерлік айналым ғұрыптарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.	9.1.46) осуществлять иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, приложениями, внутренними актами Школы и обычаями делового оборота.
9.2. Мектеп мыналарға міндетті:	9.2. Школа обязана:
9.2.1) Білім алушыға МЖМБС бойынша негізгі оқыту ұсынылуын білім беру бағдарламасына, оқу жоспарларына, жұмыс оқу жоспарларына, сабақ кестесіне, Мектептің ішкі актілеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге;	9.2.1) организовать и обеспечить предоставление основного обучения Учащегося по ГОСО в соответствии с образовательной программой, учебными планами, рабочими учебными планами, расписанием занятий, внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан;
9.2.2) Мектептің мүмкіндіктері, лицензиясы, МЖМБС, оқу бағдарламалары және таңдалған оқыту тілі шегінде Білім алушының тиісті деңгейдегі білім алуы үшін жағдай жасауға;	9.2.2) обеспечить условия для получения Учащимся образования соответствующего уровня в пределах возможностей Школы, лицензии, ГОСО, учебных программ и выбранного языка обучения;
9.2.3) Ата-ана мен Білім алушыны осы Офертамен, Мектептің ішкі актілерімен, ішкі тәртіптеме қағидаларымен, Мектепке келу қағидаларымен, төлем туралы ережемен, тамақтандыру туралы ережемен, қосымша білім беру қызметтері туралы ережемен және өзге де міндетті құжаттармен орналастыру, жіберу, қолжетімділік беру арқылы немесе өзге де қолжетімді тәсілмен таныстыруға;	9.2.3) ознакомить Родителя и Учащегося с настоящей офертой, внутренними актами Школы, правилами внутреннего распорядка, правилами посещения, положением об оплате, положением о питании, положением о дополнительных образовательных услугах и иными обязательными документами путем размещения, направления, предоставления доступа или иным доступным способом;
9.2.4) оқу процесі, мектеп іс-шаралары және Мектеп ұйымдастырған өзге де іс-шаралар кезінде Мектеп аумағында Білім алушының қауіпсіздігін Мектептің жауапкершілігі шегінде және Ата-ана мен Білім алушы қауіпсіздік қағидалары мен Мектептің ішкі актілерін сақтаған жағдайда қамтамасыз етуге;	9.2.4) обеспечивать безопасность Учащегося на территории Школы во время учебного процесса, школьных мероприятий и иных мероприятий, организованных Школой, в пределах ответственности Школы и при условии соблюдения Родителем и Учащимся правил безопасности и внутренних актов Школы;
9.2.5) Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен Білім алушының оқу кабинеттеріне, оқу материалдарына, кітапхана қорына, оқу-ақпараттық ресурстарға және Мектептің өзге де ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етуге;	9.2.5) обеспечить Учащемуся доступ к учебным кабинетам, учебным материалам, библиотечному фонду, учебно-информационным ресурсам и иным ресурсам Школы в порядке, установленном внутренними актами Школы;
9.2.6) сабаққа қатысуды, үлгерімді, оқу жетістіктерін, мінез-құлықты және білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті өзге де деректерді есепке алуды жүргізуге;	9.2.6) вести учет посещаемости, успеваемости, учебных достижений, поведения и иных данных, необходимых для организации образовательного процесса;
9.2.7) Мектеп белгілеген тәртіппен өзара іс-қимылдың ресми арналары, электрондық жүйелер, сынып жетекшісі, әкімшілік арқылы немесе өзге де тәсілдермен Ата-анаға Білім алушының үлгерімі, сабаққа қатысуы және мінез-құлық туралы ақпарат беруге;	9.2.7) предоставлять Родителю информацию об успеваемости, посещаемости и поведении Учащегося в порядке, установленном Школой, через официальные каналы взаимодействия, электронные системы, классного руководителя, администрацию или иные способы;
9.2.8) Білім алушының жеке басын дамытуға, оны әлеуметтендіруге, басқа білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға, қоғам мен мемлекетке құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастыруға;	9.2.8) организовывать воспитательную работу, направленную на развитие личности Учащегося, его социализацию, формирование уважительного отношения к другим учащимся, педагогам, родителям, обществу и государству;
9.2.9) Мектептің құзыреті, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, тиісті мамандардың болуы, Мектептің ішкі актілері және Ата-ана ұсынған Білім алушының денсаулығы туралы мәліметтер шегінде медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыруға;	9.2.9) организовывать медицинское сопровождение в пределах компетенции Школы, требований законодательства Республики Казахстан, наличия соответствующих специалистов, внутренних актов Школы и предоставленных Родителем сведений о здоровье Учащегося;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
9.2.10) медициналық, психиатриялық немесе өзге де мамандандырылған көмекті алмастырмай, білім беру процесі шегінде Білім алушыны психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыруға;	9.2.10) организовывать психологическое сопровождение Учащегося в пределах образовательного процесса, не подменяя медицинскую, психиатрическую или иную специализированную помощь;
9.2.11) Білім алушының, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтары мен заңды мүдделеріне қатер төндіретін мән-жайлар анықталған кезде ден қою шараларын қолдануға;	9.2.11) принимать меры реагирования при выявлении обстоятельств, создающих угрозу жизни, здоровью, безопасности, правам и законным интересам Учащегося, других учащихся, работников Школы и иных лиц;
9.2.12) Мектептің құзыреті шегінде буллингтің, зорлық-зомбылықтың, қадір-қасиетті қорлаудың, кемсітушіліктің, агрессивті мінез-құлықтың және Білім алушылар мен Мектеп қызметкерлерінің құқықтарын бұзатын өзге де әрекеттердің алдын алу жөніндегі шараларды қолдануға;	9.2.12) принимать меры по предупреждению буллинга, насилия, унижения достоинства, дискриминации, агрессивного поведения и иных действий, нарушающих права Учащихся и работников Школы, в пределах компетенции Школы;
9.2.13) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада, Ата-ананың келісімдерінде, уәкілетті органдардың, ақпараттық жүйелердің және мемлекеттік қаржыландыру тетіктерінің талаптарында көзделген деректерді беру жағдайларын қоспағанда, Ата-ана мен Білім алушының дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге;	9.2.13) обеспечивать конфиденциальность персональных данных Родителя и Учащегося, за исключением случаев передачи данных, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, согласиями Родителя, требованиями уполномоченных органов, информационных систем и механизмов государственного финансирования;
9.2.14) Ата-ана мен Білім алушының дербес деректерін тек оқуға қабылдауға, оқытуға, тәрбиелеуге, есепке алуға, қауіпсіздікке, қаржыландыруға, есептілікке, қызметтер көрсетуге, құқықтарды қорғауға және осы Офертаны орындауға байланысты мақсаттарда ғана пайдалануға;	9.2.14) использовать персональные данные Родителя и Учащегося только в целях, связанных с зачислением, обучением, воспитанием, учетом, безопасностью, финансированием, отчетностью, оказанием услуг, защитой прав и исполнением настоящей оферты;
9.2.15) Білім алушы, Ата-ана, басқа білім алушылар, ата-аналар, педагогтер және Мектеп қызметкерлері туралы мәліметтердің заңсыз таратылуына жол бермеуге;	9.2.15) не допускать незаконного распространения сведений об Учащемся, Родителе, других учащихся, родителях, педагогах и работниках Школы;
9.2.16) жасын, денсаулық жағдайын, қатысу қағидаларын, орындар мен рұқсаттың болуын, тиісті қызметке ақы төленуін немесе оның қаржыландырылуын ескере отырып, Білім алушыға Мектептің ғылыми, мәдени, спорттық, шығармашылық, білім беру және өзге де іс-шараларына қатысу мүмкіндігін беруге;	9.2.16) предоставлять Учащемуся возможность участия в научных, культурных, спортивных, творческих, образовательных и иных мероприятиях Школы с учетом возраста, состояния здоровья, правил участия, наличия мест, допуска, оплаты или финансирования соответствующей услуги;
9.2.17) расталған білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе өзге де қаржыландыру тетігі болған кезде МЖМБС бойынша негізгі оқыту үшін ақыны тиісті қаржыландырумен өтетін бөлікте және кезеңде Ата-анадан алмауға;	9.2.17) при наличии подтвержденного образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования не взимать с Родителя оплату за основное обучение по ГОСО в той части и за тот период, которые покрываются соответствующим финансированием;
9.2.18) бір қызметтің өзін сол бір кезең үшін сол бір бөлікте қосарлап қаржыландыруға жол бермеуге;	9.2.18) не допускать двойного финансирования одной и той же услуги за один и тот же период в одной и той же части;
9.2.19) өз құзыреті шегінде қажетті мәліметтерді LMS-те, ақпараттық жүйелерде және Мектеп құжаттарында жүргізуге;	9.2.19) вести необходимые сведения в LMS, информационных системах и документах Школы в пределах своей компетенции;
9.2.20) егер Ата-ана қажетті құжаттарды, мәліметтерді, келісімдерді ұсынса және талап етілетін растау рәсімдерінен өтсе, Мектептің құзыреті шегінде білім беру ваучеріне, мемлекеттік білім беру тапсырысына немесе өзге де қаржыландыру тетігіне қатысу үшін қажетті әрекеттерді жасауға;	9.2.20) в пределах компетенции Школы совершать действия, необходимые для участия в образовательном ваучере, государственном образовательном заказе или ином механизме финансирования, если Родитель предоставил необходимые документы, сведения, согласия и прошел требуемые процедуры подтверждения;
9.2.21) оқыту, төлем, тамақтандыру, қосымша қызметтер шарттарының, сабақ кестесінің, ішкі қағидалардың елеулі өзгерістері, қаржыландыру мәртебесі, берешек немесе осы Офертаны орындау үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы Ата-ананы өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабардар етуге;	9.2.21) уведомлять Родителя через официальные каналы взаимодействия о существенных изменениях условий обучения, оплаты, питания, дополнительных услуг, расписания, внутренних правил, статуса финансирования, задолженности или иных обстоятельствах, имеющих значение для исполнения настоящей оферты;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
9.2.22) шарттық қатынастар бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен қажетті рәсімдер жүргізілгеннен, есеп айырысулар салыстырып тексерілгеннен және шығу рәсімделгеннен кейін Білім алушының құжаттарын расталған өкілеттіктері бар адамға қайтаруға;	9.2.22) при расторжении договорных отношений возвратить документы Учащегося лицу, имеющему подтвержденные полномочия, после проведения необходимых процедур, сверки расчетов и оформления выбытия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Школы;
9.2.23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тәртіппен және көзделген шарттар болған кезде Білім алушыға білім туралы құжатты немесе өзге де белгіленген құжатты беруге;	9.2.23) выдать Учащемуся документ об образовании или иной установленный документ в случаях, порядке и при наличии условий, предусмотренных законодательством Республики Казахстан;
9.2.24) өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы берілген Ата-ананың жазбаша өтініштерін Мектептің құзыреті шегінде және Мектептің ішкі актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақылға қонымды мерзімдерде қарауға;	9.2.24) рассматривать письменные обращения Родителя, поданные через официальные каналы взаимодействия, в пределах компетенции Школы и в разумные сроки, установленные внутренними актами Школы или законодательством Республики Казахстан;
9.2.25) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада, қосымшаларда және Мектептің ішкі актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға.	9.2.25) исполнять иные обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, приложениями и внутренними актами Школы.
9.3. Мектеп мыналарға міндетті емес:	9.3. Школа не обязана:
9.3.1) Білім алушыға нақты академиялық, спорттық, шығармашылық, олимпиадалық, конкурстық, психологиялық, мінез-құлықтық немесе өзге де жеке нәтижені қамтамасыз етуге;	9.3.1) обеспечивать Учащемуся конкретный академический, спортивный, творческий, олимпиадный, конкурсный, психологический, поведенческий или иной индивидуальный результат;
9.3.2) Ата-ана таңдамаған, растамаған, ақысын төлемеген не расталған қаржыландыруы жоқ қызметтерді көрсетуге;	9.3.2) оказывать услуги, которые Родитель не выбрал, не подтвердил, не оплатил либо по которым отсутствует подтвержденное финансирование;
9.3.3) егер тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, жеке сабақтар, ұзартылған күн, тұру, қызметтер пакеттері және өзге де қосымша немесе ілеспе қызметтер білім беру ваучерімен, мемлекеттік білім беру тапсырысымен, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасымен, жекелеген ваучермен, мемлекеттік бағдарламамен немесе өзге де расталған қаржыландыру көзімен өтелмесе, оларды тегін көрсетуге;	9.3.3) бесплатно оказывать питание, дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, индивидуальные занятия, продленный день, проживание, пакеты услуг и иные дополнительные или сопутствующие услуги, если они не покрываются образовательным ваучером, государственным образовательным заказом, программой финансирования дополнительных услуг, отдельным ваучером, государственной программой или иным подтвержденным источником финансирования;
9.3.4) егер мұндай мән-жайлар Мектептің кінәсінен туындамаса, оператордың, тіркеушінің, эмитенттің, уәкілетті органдардың, ақпараттық жүйелердің, egov.kz порталының, веб-порталдың, төлем жүйелерінің, банктердің, тамақтандыруды орындаушының, мердігерлердің және өзге де сыртқы тұлғалардың әрекеттері, әрекетсіздігі, шешімдері, іркілістері, кідірістері, қателері, бұғаттаулары немесе бас тартулары үшін жауапкершілікті өзіне алуға;	9.3.4) принимать на себя ответственность за действия, бездействие, решения, сбои, задержки, ошибки, блокировки или отказы оператора, регистратора, эмитента, уполномоченных органов, информационных систем, портала egov.kz, веб-портала, платежных систем, банков, исполнителя питания, подрядчиков и иных внешних лиц, если такие обстоятельства возникли не по вине Школы;
9.3.5) ата-аналар, заңды өкілдер немесе өзге де адамдар арасындағы отбасылық дауларды шешуге;	9.3.5) разрешать семейные споры между родителями, законными представителями или иными лицами;
9.3.6) өкілеттіктері тиісінше расталмаған тұлғаларға Білім алушыны, құжаттарды, мәліметтерді немесе дербес деректерді беруге;	9.3.6) передавать Учащегося, документы, сведения или персональные данные лицам, полномочия которых не подтверждены надлежащим образом;
9.3.7) Ата-ананың немесе өзге де адамдардың Мектептің білім беру, әдістемелік, кадрлық, әкімшілік, қаржылық немесе басқару процесіне араласуына жол беруге;	9.3.7) допускать Родителя или иных лиц к вмешательству в образовательный, методический, кадровый, административный, финансовый или управленческий процесс Школы;
9.3.8) егер жекелеген Ата-ананың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына, МЖМБС-ға, Мектептің ішкі актілеріне, басқа білім алушылардың мүдделеріне немесе Мектептің қалыпты жұмысына қайшы келсе, мұндай талаптар бойынша білім беру процесін, сабақ кестесін, педагогтерді, оқыту әдістерін, бағалау	9.3.8) изменять образовательный процесс, расписание, педагогов, методы обучения, критерии оценивания, внутренние правила или организационные решения по требованию отдельного Родителя, если такие требования противоречат законодательству Республики

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
критерийлерін, ішкі қағидаларды немесе ұйымдастырушылық шешімдерді өзгертуге;	Казахстан, ГОСО, внутренним актам Школы, интересам других учащихся или нормальной работе Школы;
9.3.9) егер осы Офертада, қосымшада немесе Мектептің шешімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе, сабақ жіберуді, Білім алушының болмауын, Білім алушының тапсырмаларды орындаудан бас тартуын, тәртіптің бұзылуын немесе Мектептің кінәсінен туындамаған өзге де мән-жайларды өтеуге;	9.3.9) компенсировать пропуски занятий, отсутствие Учащегося, отказ Учащегося выполнять задания, нарушение дисциплины или иные обстоятельства, возникшие не по вине Школы, если иной порядок не установлен настоящей офертой, приложением или решением Школы;
9.3.10) егер осы Офертада немесе Мектептің ішкі актілерінде жазбаша нысан немесе өзара іс-қимылдың ресми арнасы көзделсе, ауыша өтініштерді, бейресми чаттардағы хабарламаларды, эмоциялық мәлімдемелерді, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарды немесе үшінші тұлғалармен хат алмасуды тиісті заңдық маңызы бар өтініштер ретінде қабылдауға.	9.3.10) принимать устные обращения, сообщения в неофициальных чатах, эмоциональные заявления, публикации в социальных сетях или переписку с третьими лицами как надлежащие юридически значимые заявления, если настоящей офертой или внутренними актами Школы предусмотрена письменная форма или официальный канал взаимодействия.
10-параграф. Ата-ананың құқықтары мен міндеттері	Параграф 10. Права и обязанности Родителя
10.1. Ата-ана мыналарға құқылы:	10.1. Родитель имеет право:
10.1.1) Мектептен оқыту шарттары, ішкі тәртіптеме қағидалары, Мектепке келу қағидалары, қызметтер каталогы, төлем тәртібі, тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, қызметтер пакеттері туралы және Білім алушының Мектепте оқуы мен болуына байланысты өзге де шарттар туралы ақпарат алуға;	10.1.1) получать от Школы информацию об условиях обучения, правилах внутреннего распорядка, правилах посещения Школы, каталоге услуг, порядке оплаты, питании, дополнительных образовательных услугах, кружках, секциях, пакетах услуг и иных условиях, связанных с обучением и пребыванием Учащегося в Школе;
10.1.2) Мектеп белгілеген тәртіппен Білім алушының үлгерімі, сабаққа қатысуы, мінез-құлқы, бейімделуі және білім беру процесіне қатысуы туралы ақпарат алуға;	10.1.2) получать информацию об успеваемости, посещаемости, поведении, адаптации и участии Учащегося в образовательном процессе в порядке, установленном Школой;
10.1.3) өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы Мектепке арыздармен, өтініштермен, ұсыныстармен, сұрақтармен және шағымдармен жүгінуге;	10.1.3) обращаться в Школу с заявлениями, обращениями, предложениями, вопросами и жалобами через официальные каналы взаимодействия;
10.1.4) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде көзделген шектерде оқу-тәрбие процесін іске асыруға қатысуға;	10.1.4) участвовать в реализации учебно-воспитательного процесса в пределах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой и внутренними актами Школы;
10.1.5) бос орындар болған, қарсы көрсетілімдер болмаған, қосу, төлем немесе расталған қаржыландыру шарттары орындалған кезде Мектеп бекіткен тізбеден Білім алушы үшін қосымша білім беру қызметтерін, үйірмелерді, секцияларды, тамақтандыруды, қызметтер пакеттерін, тұруды және өзге де қызметтерді таңдауға;	10.1.5) выбирать для Учащегося дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, питание, пакеты услуг, проживание и иные услуги из перечня, утвержденного Школой, при наличии свободных мест, отсутствии противопоказаний, выполнении условий подключения, оплаты или подтвержденного финансирования;
10.1.6) осы офертада, қызметтер каталогында, тиісті қосымшада немесе жеке шартта белгіленген тәртіппен қосымша білім беру қызметтерінен, үйірмелерден, секциялардан, тамақтандырудан, қызметтер пакеттерінен, тұрудан және өзге де қосымша немесе ілеспе қызметтерден бас тартуға;	10.1.6) отказаться от дополнительных образовательных услуг, кружков, секций, питания, пакетов услуг, проживания и иных дополнительных или сопутствующих услуг в порядке, установленном настоящей офертой, каталогом услуг, соответствующим приложением или отдельным договором;
10.1.7) төлем мөлшері, берешек, есептелген өсімпұл, жүргізілген төлемдер, қайта есептеу және ақшалай қаражатты қайтару туралы ақпарат алуға;	10.1.7) получать информацию о размере оплаты, задолженности, начисленной пене, произведенных платежах, перерасчете и возврате денежных средств;
10.1.8) ауыстыру немесе Мектептен шығу кезінде белгіленген шығу тәртібі сақталғаннан, Ата-ананың өкілеттіктері расталғаннан және қажетті рәсімдер жүргізілгеннен кейін Білім алушының құжаттарын алуға;	10.1.8) получать документы Учащегося при переводе или выбытии из Школы после соблюдения установленного порядка выбытия, подтверждения полномочий Родителя и проведения необходимых процедур;
10.1.9) егер мұндай келісім талап етілсе, Білім алушының бейнесі бар фото- және бейнематериалдарды Мектептің жария, жарнамалық және ақпараттық материалдарында жариялауға келісім беруге немесе одан бас тартуға;	10.1.9) давать согласие или отказ на публикацию фото- и видеоматериалов с изображением Учащегося в публичных, рекламных и информационных материалах Школы, если такое согласие требуется;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
10.1.10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада, қосымшаларда және Мектептің ішкі актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.	10.1.10) осуществлять иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, приложениями и внутренними актами Школы.
10.2. Ата-ана мыналарға міндетті:	10.2. Родитель обязан:
10.2.1) осы офертаның, акцепт-өтініштің, жекелеген қызметтерге арналған өтініштердің, қосымшалардың, қызметтер каталогының, Мектептің ішкі актілерінің талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын адал сақтауға;	10.2.1) добросовестно соблюдать условия настоящей оферты, заявления-акцепта, заявлений на отдельные услуги, приложений, каталога услуг, внутренних актов Школы и законодательства Республики Казахстан;
10.2.2) Білім алушыны оқуға қабылдау, оқыту, есепке алу, қаржыландыруды растау, тамақтандыруды ұйымдастыру, қосымша қызметтер, қауіпсіздік және сүйемелдеу үшін қажетті толық, анық, өзекті және жарамды құжаттар мен мәліметтердің Мектепке ұсынылуын қамтамасыз етуге;	10.2.2) обеспечить предоставление Школе полных, достоверных, актуальных и действительных документов и сведений, необходимых для зачисления, обучения, учета, подтверждения финансирования, организации питания, дополнительных услуг, безопасности и сопровождения Учащегося;
10.2.3) құжаттардың, мәліметтердің, өтініштердің, растаулардың, келісімдердің, байланыс деректерінің, заңды өкілдік, денсаулық жағдайы, жеңілдікті санат, білім беру ваучері туралы мәліметтердің және осы офертаны орындау үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы мәліметтердің анықтығы үшін жауапты болуға;	10.2.3) нести ответственность за достоверность документов, сведений, заявлений, подтверждений, согласий, контактных данных, сведений о законном представительстве, состоянии здоровья, льготной категории, образовательном ваучере и иных обстоятельствах, имеющих значение для исполнения настоящей оферты;
10.2.4) егер бұл оқыту, есепке алу, қаржыландыру немесе қызметтер көрсету үшін қажет болса, өтініштерге, акцептерге, қосымшаларға, келісімдерге, құжаттарға LMS, egov.kz порталы, ЭЦҚ, SMS-растау, жеке кабинет, электрондық құжат айналымы арқылы немесе өзге де белгіленген тәсілмен уақтылы қол қоюға;	10.2.4) своевременно подписывать заявления, акцепты, приложения, согласия, документы через LMS, портал egov.kz, ЭЦП, SMS-подтверждение, личный кабинет, электронный документооборот или иной установленный способ, если это необходимо для обучения, учета, финансирования или оказания услуг;
10.2.5) білім беру ваучерін, мемлекеттік білім беру тапсырысын, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасын, жекелеген ваучерді немесе өзге де қаржыландыру тетігін растау, сақтау, өзектілендіру және пайдалану үшін қажетті барлық әрекеттерді уақтылы жасауға;	10.2.5) своевременно совершать все действия, необходимые для подтверждения, сохранения, актуализации и использования образовательного ваучера, государственного образовательного заказа, программы финансирования дополнительных услуг, отдельного ваучера или иного механизма финансирования;
10.2.6) байланыс деректерінің, тұрғылықты жердің, тіркелудің, құжаттардың, заңды өкіл мәртебесінің, жеңілдікті санаттың, Білім алушының денсаулық жағдайының, медициналық қарсы көрсетілімдердің, аллергиялардың, тамақтану ерекшеліктерінің, ваучер мәртебесінің, отбасылық даулардың және Білім алушының оқуына, қауіпсіздігіне, қаржыландырылуына және Мектепте болуына әсер ететін өзге де мән-жайлардың өзгергені туралы Мектепті дереу хабардар етуге;	10.2.6) незамедлительно уведомлять Школу об изменении контактных данных, места жительства, регистрации, документов, статуса законного представителя, льготной категории, состояния здоровья Учащегося, медицинских противопоказаний, аллергий, особенностей питания, статуса ваучера, семейных споров и иных обстоятельств, влияющих на обучение, безопасность, финансирование и пребывание Учащегося в Школе;
10.2.7) Білім алушының оқу сабақтарына, қосымша сабақтарға, үйірмелерге, секцияларға және өзге де таңдалған қызметтерге тұрақты қатысуын қамтамасыз етуге;	10.2.7) обеспечить регулярное посещение Учащимся учебных занятий, дополнительных занятий, кружков, секций и иных выбранных услуг;
10.2.8) сабақ кестесін, күн тәртібін, Мектепке келу қағидалары мен Мектептің талаптарын ескере отырып, Білім алушының Мектепке уақтылы келуін қамтамасыз етуге;	10.2.8) обеспечивать прибытие Учащегося в Школу своевременно, с учетом расписания, режима дня, правил посещения и требований Школы;
10.2.9) егер өзге тәртіп Мектеппен келісілмесе, сабақтар, қосымша қызметтер, үйірмелер, секциялар, ұзартылған күн немесе өзге де іс-шаралар аяқталғаннан кейін Білім алушының Мектептен уақтылы кетуін қамтамасыз етуге;	10.2.9) обеспечивать своевременный уход Учащегося из Школы после окончания занятий, дополнительных услуг, кружков, секций, продленного дня или иных мероприятий, если иной порядок не согласован со Школой;
10.2.10) Білім алушының болмауы, болмау себебі, болмаудың болжамды мерзімі және Білім алушының оқуы мен қауіпсіздігіне әсер ететін мән-жайлар туралы сынып жетекшісін, Мектеп әкімшілігін немесе өзге де жауапты адамды дереу хабардар етуге;	10.2.10) незамедлительно уведомлять классного руководителя, администрацию Школы или иное ответственное лицо об отсутствии Учащегося, причине отсутствия, предполагаемом сроке отсутствия и обстоятельствах, влияющих на обучение и безопасность Учащегося;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
10.2.11) сабақтар дәлелді себеппен жіберілген жағдайда Мектеп белгілеген тәртіппен және мерзімдерде растайтын құжаттарды ұсынуға;	10.2.11) при пропуске занятий по уважительной причине предоставить подтверждающие документы в порядке и сроки, установленные Школой;
10.2.12) Білім алушының сабақтарды дәлелді себептерсіз жүйелі түрде жіберуі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен уәкілетті органдарды, қорғаншылық және қамқоршылық органдарын, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияны және өзге де құзыретті органдарды хабардар етуге әкеп соғуы мүмкін екенін түсінуге және оған келісуге;	10.2.12) понимать и соглашаться, что систематические пропуски занятий Учащимся без уважительных причин могут повлечь уведомление уполномоченных органов, органов опеки и попечительства, комиссии по делам несовершеннолетних и иных компетентных органов в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан;
10.2.13) Білім алушының оқу тапсырмаларын, педагогтердің талаптарын, мінез-құлық қағидаларын, ішкі тәртіптеме қағидаларын, қауіпсіздік қағидаларын, мектеп формасына, сыртқы келбетке, тәртіпке және басқа адамдарға құрметпен қарауға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз етуге;	10.2.13) обеспечить выполнение Учащимся учебных заданий, требований педагогов, правил поведения, правил внутреннего распорядка, правил безопасности, требований к школьной форме, внешнему виду, дисциплине и уважительному отношению к другим лицам;
10.2.14) Білім алушының сыртқы келбетін, мектеп формасының, ауыстыратын аяқ киімнің, оқу керек-жарақтарының, спорттық форманың, материалдардың, мүкәммалдың, медициналық анықтамалардың және оқу процесі мен таңдалған қызметтер үшін қажетті өзге де заттардың болуын күн сайын бақылауға;	10.2.14) ежедневно контролировать внешний вид Учащегося, наличие школьной формы, сменной обуви, учебных принадлежностей, спортивной формы, материалов, инвентаря, медицинских справок и иных предметов, необходимых для учебного процесса и выбранных услуг;
10.2.15) Білім алушының Мектеп мүлкіне, оқулықтарға, кітапхана қорына, жиһазға, жабдыққа, компьютерлік техникаға, спорттық мүкәммалға, үй-жайларға, аумаққа, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың мүлкіне ұқыпты қарауын қамтамасыз етуге;	10.2.15) обеспечить бережное отношение Учащегося к имуществу Школы, учебникам, библиотечному фонду, мебели, оборудованию, компьютерной технике, спортивному инвентарю, помещениям, территории, имуществу других учащихся, работников Школы и третьих лиц;
10.2.16) Мектепке, басқа білім алушыларға, Мектеп қызметкерлеріне немесе үшінші тұлғаларға Білім алушының кінәсінен келтірілген залалды, оның ішінде мүліктің, оқулықтардың, жабдықтың, жиһаздың, техниканың, кітаптардың, мүкәммалдың және өзге де материалдық құндылықтардың бүлінуін, зақымдануын, жойылуын, жоғалуын өтеуге;	10.2.16) возместить Школе, другим учащимся, работникам Школы или третьим лицам ущерб, причиненный по вине Учащегося, включая порчу, повреждение, уничтожение, утерю имущества, учебников, оборудования, мебели, техники, книг, инвентаря и иных материальных ценностей;
10.2.17) ақылы оқытуды, тамақтандыруды, қосымша білім беру қызметтерін, үйірмелерді, секцияларды, қызметтер пакеттерін, тұруды және өзге де таңдалған ақылы қызметтерді осы офертада, қызметтер каталогында, Ата-ананың өтінішінде, қосымшада, шотта немесе жеке шартта белгіленген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде уақтылы төлеуге;	10.2.17) своевременно оплачивать платное обучение, питание, дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, пакеты услуг, проживание и иные выбранные платные услуги в порядке, размере и сроки, установленные настоящей офертой, каталогом услуг, заявлением Родителя, приложением, счетом или отдельным договором;
10.2.18) берешекті, өсімпұлды, іс жүзінде көрсетілген қызметтерді, қайта есептеуді, залалды және осы оферта, қосымшалар, өтініштер бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төленуге жататын өзге де сомаларды төлеуге;	10.2.18) оплачивать задолженность, пеню, фактически оказанные услуги, перерасчет, ущерб и иные суммы, подлежащие оплате по настоящей оферте, приложениям, заявлениям и законодательству Республики Казахстан;
10.2.19) таңдалған қызметтердің төлем мерзімдерін өз бетінше бақылауға және, егер төлем мерзімі осы офертада, қызметтер каталогында, өтініште, қосымшада, шотта немесе жеке шартта белгіленген болса, Мектептің еске салуын алмағанына төлемнен босату негізі ретінде сілтеме жасамауға;	10.2.19) самостоятельно контролировать сроки оплаты выбранных услуг и не ссылаться на неполучение напоминания от Школы как на основание для освобождения от оплаты, если срок оплаты был установлен настоящей офертой, каталогом услуг, заявлением, приложением, счетом или отдельным договором;
10.2.20) салыстырып тексеру актілеріне, бухгалтерлік құжаттарға, өтініштерге, растауларға, көрсетілген қызметтер бойынша құжаттарға және есепке алу, есептілік, қаржыландыру, төлем және осы офертаны орындау үшін қажетті өзге де құжаттарға қол қоюға;	10.2.20) подписывать акты сверки, бухгалтерские документы, заявления, подтверждения, документы по оказанным услугам и иные документы, необходимые для учета, отчетности, финансирования, оплаты и исполнения настоящей оферты;
10.2.21) оқыту, тамақтандыру, үйірмелер, секциялар, спорт сабақтары, сапарлар, іс-шаралар немесе өзге де қызметтер басталғанға дейін Мектепке Білім алушының денсаулық жағдайы туралы, аурулардың, аллергиялардың, тағамды көтере алмаушылықтың, медициналық қарсы көрсетілімдердің, дене жүктемесі бойынша шектеулердің,	10.2.21) сообщить Школе до начала обучения, питания, кружков, секций, спортивных занятий, поездок, мероприятий или иных услуг о состоянии здоровья Учащегося, наличии заболеваний, аллергий, пищевой непереносимости, медицинских противопоказаний,

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
психологиялық ерекшеліктердің және Білім алушының қауіпсіздігі үшін маңызы бар өзге де мән-жайлардың бар екені туралы хабарлауға;	ограничений по физической нагрузке, психологических особенностей и иных обстоятельств, имеющих значение для безопасности Учащегося;
10.2.22) егер олар Білім алушының оқу процесіне, тамақтандыруға, спорт сабақтарына, сапарларға, іс-шараларға, жеке тамақтандыруға немесе өзге де қызметтерге қатысуы үшін қажет болса, медициналық құжаттарды, анықтамаларды, қорытындыларды, ұсынымдарды, рұқсаттарды және өзге де мәліметтерді ұсынуға;	10.2.22) предоставить медицинские документы, справки, заключения, рекомендации, допуски и иные сведения, если они необходимы для участия Учащегося в учебном процессе, питании, спортивных занятиях, поездках, мероприятиях, индивидуальном питании или иных услугах;
10.2.23) Білім алушының денсаулық жағдайы, аллергиялары, қарсы көрсетілімдері, аурулары, жарақаттары, жұқпалы аурулары, психологиялық тәуекелдері туралы немесе Білім алушының, басқа білім алушылардың және Мектеп қызметкерлерінің қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін өзге де мән-жайлар туралы мәліметтердің жасырылуына жол бермеуге;	10.2.23) не допускать сокрытия сведений о состоянии здоровья Учащегося, аллергиях, противопоказаниях, заболеваниях, травмах, инфекционных заболеваниях, психологических рисках или иных обстоятельствах, которые могут повлиять на безопасность Учащегося, других учащихся и работников Школы;
10.2.24) егер мұндай шектеу санитариялық талаптарда, медициналық ұсынымдарда немесе Мектептің ішкі актілерінде көзделсе, жұқпалы ауру белгілері немесе басқа білім алушылар, Мектеп қызметкерлері не үшінші тұлғалар үшін қауіп төндіретін жай-күй болған кезде Білім алушыны Мектепке алып келмеуге;	10.2.24) не приводить Учащегося в Школу при наличии признаков инфекционного заболевания, состояния, создающего риск для других учащихся, работников Школы или третьих лиц, если такое ограничение предусмотрено санитарными требованиями, медицинскими рекомендациями или внутренними актами Школы;
10.2.25) Білім алушының асханада, оқу кабинеттерінде, спорт залдарында, зертханаларда, дәліздерде, кітапханада, санитариялық үй-жайларда, Мектеп аумағында, іс-шаралар, сапарлар, экскурсиялар, үйірмелер, секциялар және өзге де белсенділік түрлері кезінде мінез-құлық қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуге;	10.2.25) обеспечить соблюдение Учащимся правил поведения в столовой, учебных кабинетах, спортивных залах, лабораториях, коридорах, библиотеке, санитарных помещениях, на территории Школы, во время мероприятий, поездок, экскурсий, кружков, секций и иных активностей;
10.2.26) педагогтерге, әкімшілікке, техникалық персоналға, Мектептің басқа қызметкерлеріне, білім алушылар мен ата-аналарға құрметпен қарауға;	10.2.26) уважительно относиться к педагогам, администрации, техническому персоналу, другим работникам Школы, учащимся и родителям;
10.2.27) Мектепке, педагогтерге, қызметкерлерге, білім алушыларға, ата-аналарға және өзге де адамдарға қатысты агрессивті, қорлайтын, кемсітетін, қорқытатын, арандататын, беделін түсіретін немесе өзге де жол берілмейтін мінез-құлыққа жол бермеуге;	10.2.27) не допускать агрессивного, оскорбительного, унижающего, угрожающего, провокационного, дискредитирующего или иного недопустимого поведения в отношении Школы, педагогов, работников, учащихся, родителей и иных лиц;
10.2.28) Мектептің, педагогтердің, қызметкерлердің, білім алушылардың, ата-аналардың және өзге де адамдардың құқықтарын, ар-намысын, қадір-қасиетін, іскерлік беделін бұзбауға;	10.2.28) не нарушать права, честь, достоинство, деловую репутацию Школы, педагогов, работников, учащихся, родителей и иных лиц;
10.2.29) Мектеп, педагогтер, қызметкерлер, білім алушылар, ата-аналар, білім беру процесі, ішкі құжаттар, дербес деректер туралы және Білім алушының оқуына байланысты Ата-анаға белгілі болған өзге де мән-жайлар туралы анық емес, абыройға нұқсан келтіретін, бұрмаланған немесе құпия мәліметтерді таратпауға;	10.2.29) не распространять недостоверные, порочащие, искаженные или конфиденциальные сведения о Школе, педагогах, работниках, учащихся, родителях, образовательном процессе, внутренних документах, персональных данных и иных обстоятельствах, ставших известными Родителю в связи с обучением Учащегося;
10.2.30) мессенджерлерде, әлеуметтік желілерде, жария чаттарда, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе өзге де жария тәсілмен Мектеп, педагогтер, Мектеп қызметкерлері, білім алушылар мен ата-аналар туралы тексерілмеген, анық емес, көрінеу жалған не абыройға нұқсан келтіретін ақпаратты орналастырмауға және таратпауға, сондай-ақ оқуға байланысты белгілі болған басқа білім алушылардың, олардың ата-аналарының және Мектеп қызметкерлерінің дербес деректері мен құпия мәліметтерін тиісті адамдардың келісімінсіз немесе өзге де заңды негізсіз жария етпеуге;	10.2.30) не размещать и не распространять в мессенджерах, социальных сетях, публичных чатах, средствах массовой информации или иным публичным способом непроверенную, недостоверную, заведомо ложную либо порочащую информацию о Школе, педагогах, работниках Школы, учащихся и родителях, а также не разглашать ставшие известными в связи с обучением персональные данные и конфиденциальные сведения других учащихся, их родителей и работников Школы без согласия соответствующих лиц или иного законного основания;
10.2.31) Мектептің білім беру, әдістемелік, кадрлық, әкімшілік, қаржылық, шаруашылық және басқарушылық процесіне араласпауға;	10.2.31) не вмешиваться в образовательный, методический, кадровый, административный, финансовый, хозяйственный и управленческий процесс Школы;
10.2.32) бағалау, тәртіп, кадрлық шешімдер, сабақ кестесі, оқу бағдарламалары, оқыту әдістері, ішкі тексерулер, жазалар, сабаққа жіберу, оқудан шығару мәселелері немесе Мектептің құзыретіне	10.2.32) не оказывать давление на педагогов, администрацию, работников Школы, учащихся, родителей и иных лиц по вопросам оценивания, дисциплины, кадровых решений, расписания, учебных

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
жататын өзге де мәселелер бойынша педагогтерге, әкімшілікке, Мектеп қызметкерлеріне, білім алушыларға, ата-аналарға және өзге де адамдарға қысым көрсетпеуге;	программ, методов обучения, внутренних проверок, взысканий, допуска к занятиям, отчисления или иных вопросов, относящихся к компетенции Школы;
10.2.33) өтініштерді, арыздарды, наразылықтарды, шағымдарды, сұрау салуларды және өзге де заңдық маңызы бар хабарламаларды Мектеп белгілеген өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы беруге;	10.2.33) подавать обращения, заявления, претензии, жалобы, запросы и иные юридически значимые сообщения через официальные каналы взаимодействия, установленные Школой;
10.2.34) бейресми ата-аналар чаттарын, әлеуметтік желілерді, жария жарияланымдарды, аудио- және бейнехабарламаларды, үшінші тұлғалар арқылы қысым көрсетуді немесе өзге де бейресми тәсілдерді Мектепке ресми жүгінудің орнына пайдаланбауға;	10.2.34) не использовать неофициальные родительские чаты, социальные сети, публичные публикации, аудио- и видеосообщения, давление через третьих лиц или иные неофициальные способы как замену официальному обращению в Школу;
10.2.35) Мектепке келу тәртібін, өткізу режимін, ата-аналардың Мектеп аумағында болу қағидаларын, қабылдауға жазылу тәртібін, педагогтермен және әкімшілікпен қарым-қатынас жасау тәртібін сақтауға;	10.2.35) соблюдать порядок посещения Школы, пропускной режим, правила нахождения родителей на территории Школы, порядок записи на прием, порядок общения с педагогами и администрацией;
10.2.36) оқу кабинеттеріне, қызметтік үй-жайларға, асханаға, спорт залдарына, әкімшілік кабинеттерге, Мектеп қызметкерлерінің үй-жайларына және Мектеп қағидаларымен кіру шектелген өзге де аймақтарға өз бетінше кірмеуге;	10.2.36) не входить самовольно в учебные кабинеты, служебные помещения, столовую, спортивные залы, административные кабинеты, помещения работников Школы и иные зоны, доступ в которые ограничен правилами Школы;
10.2.37) оқу процесіне, сабақтарға, іс-шараларға, педагогтердің, әкімшіліктің, күзеттің, Мектептің медициналық, психологиялық, техникалық және өзге де қызметінің жұмысына кедергі келтірмеуге;	10.2.37) не препятствовать учебному процессу, занятиям, мероприятиям, работе педагогов, администрации, охраны, медицинской, психологической, технической и иной службы Школы;
10.2.38) егер мұндай талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, МЖМБС-ға, басқа білім алушылардың мүдделеріне, Мектептің ішкі актілеріне немесе оқу процесін қалыпты ұйымдастыруға қайшы келсе, сабақ кестесін, педагогті, бағдарламаны, сыныпты, топты, оқыту әдісін, бағалауды, күн тәртібін немесе Мектептің ішкі қағидаларын жеке тәртіппен өзгертуді талап етпеуге;	10.2.38) не требовать индивидуального изменения расписания, педагога, программы, класса, группы, метода обучения, оценивания, режима дня или внутренних правил Школы, если такие требования противоречат законодательству Республики Казахстан, ГОСО, интересам других учащихся, внутренним актам Школы или нормальной организации учебного процесса;
10.2.39) Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасын сақтауға және педагог қызметкерлердің құқықтарын, ар-намысын, қадір-қасиетін, кәсіби тәуелсіздігін және заңды мүдделерін бұзатын әрекеттерге жол бермеуге;	10.2.39) соблюдать законодательство Республики Казахстан о статусе педагога и не допускать действий, нарушающих права, честь, достоинство, профессиональную независимость и законные интересы педагогических работников;
10.2.40) Қазақстан Республикасының неке және отбасы, бала құқықтары, білім беру, дербес деректер, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының профилактикасы және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын сақтауға;	10.2.40) соблюдать законодательство Республики Казахстан о браке и семье, правах ребенка, образовании, персональных данных, профилактике правонарушений несовершеннолетних и защите прав несовершеннолетних;
10.2.41) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде Білім алушыны тәрбиелеу, асырау, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, білім алуын қамтамасыз ету, Білім алушының өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға;	10.2.41) исполнять обязанности по воспитанию, содержанию, защите прав и законных интересов Учащегося, обеспечению получения образования, охране жизни и здоровья Учащегося в пределах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан;
10.2.42) Ата-ананың тәрбиелеу, отбасылық сүйемелдеу, мінез-құлықты бақылау, күн тәртібін ұйымдастыру, медициналық байқау, психологиялық көмек, Мектептен тыс жерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Мектептің аумағы мен іс-шараларынан тыс Білім алушының құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттерін Мектепке жүктемеуге;	10.2.42) не перекладывать на Школу обязанности Родителя по воспитанию, семейному сопровождению, контролю поведения, организации режима дня, медицинскому наблюдению, психологической помощи, обеспечению безопасности за пределами Школы и защите прав Учащегося вне территории и мероприятий Школы;
10.2.43) Мектеп аумағынан тыс жерде, Мектепке келгенге дейін, Мектептен кеткеннен кейін, каникул, демалыс күндері, оқудан тыс уақыт кезінде, сондай-ақ Мектеп ұйымдастырмаған іс-шаралар кезінде Білім алушының өмірі, денсаулығы, қауіпсіздігі, мінез-құлық және сүйемелденуі үшін жауапты болуға;	10.2.43) нести ответственность за жизнь, здоровье, безопасность, поведение и сопровождение Учащегося за пределами территории Школы, до прибытия в Школу, после ухода из Школы, во время каникул, выходных, неучебного времени, а также во время мероприятий, не организованных Школой;
10.2.44) Мектептің өтініштеріне уақтылы ден қоюға, оқыту, мінез-құлық, денсаулық, қауіпсіздік, сабаққа қатысу, тәртіп және төлем	10.2.44) своевременно реагировать на обращения Школы, являться по вызову администрации, классного руководителя, педагога, психолога,

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
мәселелері бойынша әкімшіліктің, сынып жетекшісінің, педагогтің, психологтің, медицина қызметкерінің немесе Мектептің өзге де уәкілетті қызметкерлерінің шақыруы бойынша келуге;	медицинского работника или иных уполномоченных работников Школы по вопросам обучения, поведения, здоровья, безопасности, посещаемости, дисциплины и оплаты;
10.2.45) Білім алушының оқуы, тәрбиесі, тәртібі, қауіпсіздігі, сабаққа қатысуы және мінез-құлқы мәселелерін реттеу үшін қажетті іс-шараларға, әңгімелесулерге, консультацияларға, комиссияларға, кездесулерге және өзара іс-қимылдың өзге де нысандарына қатысуға;	10.2.45) участвовать в мероприятиях, беседах, консультациях, комиссиях, встречах и иных формах взаимодействия, необходимых для урегулирования вопросов обучения, воспитания, дисциплины, безопасности, посещаемости и поведения Учащегося;
10.2.46) егер мұндай ұсынымдар Білім алушының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталса, Мектептің сабаққа қатысу, мінез-құлық, бейімделу, қауіпсіздік, тәртіп, өзара іс-қимыл, мамандарға жүгіну және бұзушылықтар профилактикасы мәселелері жөніндегі заңды және негізделген ұсынымдарын орындауға;	10.2.46) выполнять законные и обоснованные рекомендации Школы по вопросам посещаемости, поведения, адаптации, безопасности, дисциплины, взаимодействия, обращения к специалистам и профилактики нарушений, если такие рекомендации направлены на защиту прав и законных интересов Учащегося и других лиц;
10.2.47) ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында дау болған кезде Мектепке сот актілерін, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының актілерін, келісімдерді, нотариаттық құжаттарды немесе тұру, қарым-қатынас жасау, өкілдік ету, құжаттарды алу, мектепті таңдау тәртібін және өзге де елеулі мәселелерді растайтын өзге де құжаттарды ұсынуға;	10.2.47) при наличии спора между родителями или законными представителями предоставить Школе судебные акты, акты органов опеки и попечительства, соглашения, нотариальные документы или иные документы, подтверждающие порядок проживания, общения, представительства, получения документов, выбора школы и иных существенных вопросов;
10.2.48) Мектепті отбасылық жанжалдарға, ата-аналар арасындағы дауларға, мүлкілік дауларға, алимент, қарым-қатынас тәртібі, ата-аналардың жеке қатынастары мәселелеріне және Мектептің құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелерге тартпауға;	10.2.48) не вовлекать Школу в семейные конфликты, споры между родителями, имущественные споры, вопросы алиментов, порядка общения, личных отношений родителей и иные вопросы, не относящиеся к компетенции Школы;
10.2.49) Мектепте Ата-ананың және Білім алушыны алып кетуге, ақпарат алуға немесе Мектеппен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті өзге де адамдардың өзекті байланыс деректерінің болуын қамтамасыз етуге;	10.2.49) обеспечить наличие у Школы актуальных контактных данных Родителя и иных лиц, уполномоченных забирать Учащегося, получать информацию или взаимодействовать со Школой;
10.2.50) Мектеппен өзара іс-қимыл жасау, құжаттарды алу, оқыту, қызметтерді таңдау, ақпарат алу және Білім алушыны сүйемелдеу жөнінде шешімдер қабылдау құқығын өкілеттіктері тиісінше расталмаған адамдарға бермеуге;	10.2.50) не передавать право взаимодействия со Школой, получения документов, принятия решений по обучению, выбору услуг, получению информации и сопровождению Учащегося лицам, полномочия которых не подтверждены надлежащим образом;
10.2.51) Білім алушының LMS-ті, электрондық журналды, білім беру платформаларын, мектеп құрылғыларын, интернетті, аккаунттарды, парольдерді және Мектептің өзге де цифрлық ресурстарын пайдалану қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуге;	10.2.51) обеспечить соблюдение Учащимся правил пользования LMS, электронным журналом, образовательными платформами, школьными устройствами, интернетом, аккаунтами, паролями и иными цифровыми ресурсами Школы;
10.2.52) егер мұндай беру Мектептің, Білім алушының, басқа білім алушылардың, ата-аналардың, Мектеп қызметкерлерінің құқықтарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы мүмкін болса, логиндерді, парольдерді, қолжетімділіктерді, құжаттарды, дербес деректерді, LMS-тегі, электрондық журналдағы және Мектептің өзге де жүйелеріндегі мәліметтерді үшінші тұлғаларға бермеуге;	10.2.52) не передавать третьим лицам логины, пароли, доступы, документы, персональные данные, сведения из LMS, электронного журнала и иных систем Школы, если такая передача может нарушить права Школы, Учащегося, других учащихся, родителей, работников Школы или законодательство Республики Казахстан;
10.2.53) егер мұндай технологияларды Мектеп қолданса, Білім алушыға қашықтықтан білім беру технологияларын, LMS-ті, білім беру платформаларын, электрондық тапсырмаларды, бейнесабақтарды және өзге де цифрлық құралдарды пайдалану кезінде қажетті қолдау көрсетуге;	10.2.53) оказывать Учащемуся необходимую поддержку при использовании дистанционных образовательных технологий, LMS, образовательных платформ, электронных заданий, видеозанятий и иных цифровых инструментов, если такие технологии применяются Школой;
10.2.54) егер қашықтықтан оқыту Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті органдардың актілерінде, Мектептің ішкі актілерінде көзделген жағдайларда немесе объективті мән-жайларға байланысты қолданылса, Білім алушының мұндай оқытуға қатысуының техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етуге;	10.2.54) обеспечить техническую возможность участия Учащегося в дистанционном обучении, если такое обучение применяется в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, актами уполномоченных органов, внутренними актами Школы или объективными обстоятельствами;
10.2.55) Мектепке, педагогтерге, қызметкерлерге, білім алушыларға, ата-аналарға, білім беру процесіне, мүлікке, іскерлік беделге,	10.2.55) воздерживаться от действий, которые могут причинить вред Школе, педагогам, работникам, учащимся, родителям,

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
қауіпсіздікке немесе Мектептің қалыпты жұмысына зиян келтіруі мүмкін әрекеттерден тартынуға;	образовательному процессу, имуществу, деловой репутации, безопасности или нормальной работе Школы;
10.2.56) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада, өтініштерде, қосымшаларда, қызметтер каталогында және Мектептің ішкі актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға.	10.2.56) исполнять иные обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, заявлениями, приложениями, каталогом услуг и внутренними актами Школы.
10.3. Ата-ана осы параграфта көзделген міндеттердің бұзылуы мыналарға әкеп соғуы мүмкін екенін түсінеді және оған келіседі:	10.3. Родитель понимает и соглашается, что нарушение обязанностей, предусмотренных настоящим параграфом, может повлечь:
10.3.1) жазбаша ескерту;	10.3.1) письменное предупреждение;
10.3.2) Ата-ананы Мектепке шақыру;	10.3.2) вызов Родителя в Школу;
10.3.3) бұзушылық туралы акт ресімдеу;	10.3.3) оформление акта нарушения;
10.3.4) профилактикалық әңгімелесу жүргізу;	10.3.4) проведение профилактической беседы;
10.3.5) мәселені комиссияда, педагогикалық кеңесте немесе Мектептің өзге де алқалы органында қарау;	10.3.5) рассмотрение вопроса на комиссии, педагогическом совете или ином коллегиальном органе Школы;
10.3.6) қосымша және ілеспе қызметтерді көрсетуді шектеу немесе тоқтату;	10.3.6) ограничение или прекращение оказания дополнительных и сопутствующих услуг;
10.3.7) жаңа ақылы қызметтерді қосудан бас тарту;	10.3.7) отказ в подключении новых платных услуг;
10.3.8) берешекті, өсімпұлды, залалды және шығындарды өндіріп алу;	10.3.8) взыскание задолженности, пени, ущерб и убытков;
10.3.9) Мектептің қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, ішкі істер органдарына, білім беру органдарына, медициналық ұйымдарға, сотқа немесе өзге де құзыретті органдарға жүгінуі;	10.3.9) обращение Школы в органы опеки и попечительства, комиссию по делам несовершеннолетних, органы внутренних дел, органы образования, медицинские организации, суд или иные компетентные органы;
10.3.10) осы офертада және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен шарттық қатынастарды бұзу.	10.3.10) расторжение договорных отношений в случаях и порядке, предусмотренных настоящей офертой и законодательством Республики Казахстан.
10.4. Мектептің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, ішкі істер органдарына, білім беру органдарына, сотқа немесе өзге де құзыретті органдарға жүгінуі өздігінен Мектеп тарапынан Ата-ананы әкімшілік, азаматтық немесе өзге де жауапкершілікке тарту болып табылмайды. Егер Білім алушы құқықтарының бұзылуын, Ата-ананың міндеттерін тиісінше орындамауын, сабақтардың жүйелі түрде жіберілуін, қауіпсіздікке төнген қатерді, құқық бұзушылықтарды, жанжалды жағдайларды немесе уәкілетті органдардың ден қоюын талап ететін өзге де негіздерді көрсететін мән-жайлар болса, Мектеп тиісті мәселенің құзыретті органда қаралуына бастамашылық жасауға құқылы.	10.4. Обращение Школы в комиссию по делам несовершеннолетних, органы опеки и попечительства, органы внутренних дел, органы образования, суд или иные компетентные органы не является самостоятельным привлечением Родителя к административной, гражданской или иной ответственности со стороны Школы. Школа вправе инициировать рассмотрение соответствующего вопроса компетентным органом, если имеются обстоятельства, указывающие на нарушение прав Учащегося, ненадлежащее исполнение Родителем обязанностей, систематические пропуски занятий, угрозу безопасности, правонарушения, конфликтные ситуации или иные основания, требующие реагирования уполномоченных органов.
10.5. Ата-ана өзінің әрекеттері, әрекетсіздігі, өтініштері, құжаттары, мәліметтері, мінез-құлқы, таңдалған қызметтердің төленуі, Білім алушыны тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттердің орындалуы үшін, сондай-ақ қауіпсіз, құрметке негізделген және тұрақты білім беру ортасын қамтамасыз етуде Мектепке жәрдемдесу үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайтынын растайды.	10.5. Родитель подтверждает, что принимает на себя ответственность за свои действия, бездействие, заявления, документы, сведения, поведение, оплату выбранных услуг, исполнение обязанностей по воспитанию и обучению Учащегося, а также за содействие Школе в обеспечении безопасной, уважительной и стабильной образовательной среды.
11-параграф. Білім алушының құқықтары мен міндеттері	Параграф 11. Права и обязанности Учащегося
11.1. Білім алушы мыналарға құқылы:	11.1. Учащийся имеет право:
11.1.1) МЖМБС бойынша негізгі білімді Қазақстан Республикасының заңнамасына, білім беру бағдарламасына, оқу жоспарына, жұмыс оқу жоспарына, сабақ кестесіне, осы офертаға және Мектептің ішкі актілеріне сәйкес алуға;	11.1.1) получать основное образование по ГОСО в соответствии с законодательством Республики Казахстан, образовательной программой, учебным планом, рабочим учебным планом, расписанием занятий, настоящей офертой и внутренними актами Школы;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
11.1.2) оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру мақсаттарына сәйкес келетін қауіпсіз, құрметке негізделген және қолайлы жағдайларда оқуға;	11.1.2) обучаться в безопасных, уважительных и благоприятных условиях, соответствующих целям обучения, воспитания, развития и социализации;
11.1.3) оқыту, тәрбиелеу, қауіпсіздік, бейімделу, жанжалды жағдайлар мәселелері және Мектептің құзыретіне жататын өзге де мәселелер бойынша педагогтерге, сынып жетекшісіне, әкімшілікке, психологқа, медицина қызметкеріне және Мектептің өзге де қызметкерлеріне жүгінуге;	11.1.3) обращаться к педагогам, классному руководителю, администрации, психологу, медицинскому работнику и иным работникам Школы по вопросам обучения, воспитания, безопасности, адаптации, конфликтных ситуаций и иных вопросов, относящихся к компетенции Школы;
11.1.4) өзінің үлгерімі, сабаққа қатысуы, бағалары, бағалау критерийлері, оқу жетістіктері және нәтижелерді жақсарту жөніндегі ұсынымдар туралы ақпарат алуға;	11.1.4) получать информацию о своей успеваемости, посещаемости, оценках, критериях оценивания, учебных достижениях и рекомендациях по улучшению результатов;
11.1.5) Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен оқу кабинеттерін, кітапхананы, оқу және оқу-әдістемелік әдебиетті, білім беру ресурстарын, жабдықты, цифрлық платформаларды, LMS-ті және Мектептің өзге де ресурстарын пайдалануға;	11.1.5) пользоваться учебными кабинетами, библиотекой, учебной, учебно-методической литературой, образовательными ресурсами, оборудованием, цифровыми платформами, LMS и иными ресурсами Школы в порядке, установленном внутренними актами Школы;
11.1.6) Мектептің құзыреті, тиісті мамандардың болуы, Ата-ана ұсынған денсаулық туралы мәліметтер және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары шегінде медициналық сүйемелдеу алуға;	11.1.6) получать медицинское сопровождение в пределах компетенции Школы, наличия соответствующих специалистов, предоставленных Родителем сведений о здоровье и требований законодательства Республики Казахстан;
11.1.7) білім беру процесі шегінде бейімделуге, дамытуға, жанжалдардың алдын алуға, эмоциялық қолдауға және әлеуметтендіруге бағытталған психологиялық сүйемелдеу алуға;	11.1.7) получать психологическое сопровождение в пределах образовательного процесса, направленное на адаптацию, развитие, профилактику конфликтов, эмоциональную поддержку и социализацию;
11.1.8) рұқсат ету шарттары, қатысу қағидалары, жас пен денсаулық жағдайы жөніндегі талаптар сақталған, орындар бар болған, тиісті қызметке ақы төленген немесе оны қаржыландыру расталған жағдайда мектеп іс-шараларына, олимпиадаларға, конкурстарға, жобаларға, спорттық, шығармашылық, мәдени, ғылыми, қоғамдық және өзге де іс-шараларға қатысуға;	11.1.8) участвовать в школьных мероприятиях, олимпиадах, конкурсах, проектах, спортивных, творческих, культурных, научных, общественных и иных мероприятиях при соблюдении условий допуска, правил участия, возраста, состояния здоровья, наличия мест, оплаты или подтвержденного финансирования соответствующей услуги;
11.1.9) Ата-ананың өтініші, ақы төлеу немесе расталған қаржыландыру және бос орындар болған, қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда Ата-ана таңдаған қосымша білім беру қызметтеріне, үйірмелерге, секцияларға, жеке сабақтарға, консультацияларға, интенсивтерге және өзге де сабақтарға баруға;	11.1.9) посещать дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, индивидуальные занятия, консультации, интенсивы и иные занятия, выбранные Родителем, при наличии заявления Родителя, оплаты или подтвержденного финансирования, свободных мест и отсутствии противопоказаний;
11.1.10) басқа білім алушылардың, педагогтердің, Мектеп қызметкерлерінің, ата-аналардың және өзге де адамдардың құқықтарын, ар-намысын, қадір-қасиетін, қауіпсіздігін және заңды мүдделерін бұзбай, өз пікірін сыпайы нысанда еркін білдіруге;	11.1.10) свободно выражать свое мнение в корректной форме, не нарушая права, честь, достоинство, безопасность и законные интересы других учащихся, педагогов, работников Школы, родителей и иных лиц;
11.1.11) адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне, сондай-ақ қорлаудан, буллингтен, зорлық-зомбылықтан, қорқытудан, кемсітушіліктен, балағаттаудан және өзге де жол берілмейтін әрекеттерден қорғалуына сенім артуға;	11.1.11) рассчитывать на уважение человеческого достоинства, защиту от унижения, буллинга, насилия, угроз, дискриминации, оскорблений и иных недопустимых действий;
11.1.12) Мектептің құзыреті шегінде өз құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына;	11.1.12) получать защиту своих прав и законных интересов в пределах компетенции Школы;
11.1.13) егер Мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару органдары құрылған болса, Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен осындай органдардың жұмысына қатысуға;	11.1.13) участвовать в органах ученического самоуправления, если такие органы созданы в Школе, в порядке, установленном внутренними актами Школы;
11.1.14) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға.	11.1.14) пользоваться иными правами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой и внутренними актами Школы.
11.2. Білім алушының мінез-құлық, тәртіп және қауіпсіздік қағидалары Мектептің ішкі актілерімен, оның ішінде білім алушылардың ішкі	11.2. Правила поведения, дисциплины и безопасности Учащегося устанавливаются внутренними актами Школы, включая правила

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
тәртіптеме қағидаларымен белгіленеді. Ата-ана Білім алушының мұндай қағидаларды сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Осы параграфтың ережелері Білім алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен тыс дербес шарттық міндеттемелер жүктемейді, бірақ Білім алушының Мектепте болуының және білім беру процесіне қатысуының міндетті қағидаларын айқындайды.	внутреннего распорядка учащихся. Родитель обязуется обеспечить соблюдение Учащимся таких правил. Положения настоящего параграфа не возлагают на Учащегося самостоятельных договорных обязательств сверх предусмотренных законодательством Республики Казахстан, но определяют обязательные правила пребывания Учащегося в Школе и участия в образовательном процессе.
11.2.1) білім беру бағдарламасын адал игеру, сабақтарға қатысу, оқу тапсырмаларын орындау, оқу жоспарының, сабақ кестесінің, педагогтердің талаптарын және Мектептің ішкі актілерінің талаптарын сақтау;	11.2.1) добросовестно осваивать образовательную программу, посещать занятия, выполнять учебные задания, соблюдать требования учебного плана, расписания, педагогов и внутренних актов Школы;
11.2.2) сабақ кестесінде көзделген немесе Ата-ана таңдаған сабақтарға, қосымша сабақтарға, үйірмелерге, секцияларға, іс-шараларға және өзге де белсенділік түрлеріне уақтылы келу;	11.2.2) своевременно приходить на занятия, дополнительные занятия, кружки, секции, мероприятия и иные активности, предусмотренные расписанием или выбранные Родителем;
11.2.3) үй тапсырмаларын, жобалық тапсырмаларды, практикалық жұмыстарды, бақылау, өзіндік, ағымдағы және қорытынды тапсырмаларды педагогтер мен Мектеп белгілеген мерзімдерде орындау;	11.2.3) выполнять домашние задания, проектные задания, практические работы, контрольные, самостоятельные, текущие и итоговые задания в сроки, установленные педагогами и Школой;
11.2.4) оқу тәртібін, ішкі тәртіптеме қағидаларын, Мектепке келу қағидаларын, білім алушылардың мінез-құлық қағидаларын, қауіпсіздік қағидаларын, санитариялық-гигиеналық талаптарды және Мектептің өзге де ішкі актілерін сақтау;	11.2.4) соблюдать учебную дисциплину, правила внутреннего распорядка, правила посещения Школы, правила поведения учащихся, правила безопасности, санитарно-гигиенические требования и иные внутренние акты Школы;
11.2.5) педагогтерге, әкімшілікке, техникалық персоналға, медицина қызметкеріне, психологқа, күзетке, тамақтандыруды орындаушыға, басқа білім алушыларға, ата-аналарға және өзге де адамдарға құрметпен қарау;	11.2.5) уважительно относиться к педагогам, администрации, техническому персоналу, медицинскому работнику, психологу, охране, исполнителю питания, другим учащимся, родителям и иным лицам;
11.2.6) дөрекілікке, балағаттауға, қорқытуға, қорлауға, буллингке, зорлық-зомбылыққа, арандатуға, кемсітушілікке, агрессиялық мінез-құлыққа, қысым көрсетуге, қудалауға, өсек таратуға және басқа адамдардың құқықтары мен қауіпсіздігін бұзатын өзге де әрекеттерге жол бермеу;	11.2.6) не допускать грубости, оскорблений, угроз, унижения, буллинга, насилия, провокаций, дискриминации, агрессивного поведения, давления, преследования, распространения слухов и иных действий, нарушающих права и безопасность других лиц;
11.2.7) Мектеп белгілеген сыртқы келбетке, мектеп формасына, ауыстыратын аяқ киімге, спорттық формаға, санитариялық ұқыптылыққа және сыртқы келбеттің өзге де элементтеріне қойылатын талаптарды сақтау;	11.2.7) соблюдать требования к внешнему виду, школьной форме, сменной обуви, спортивной форме, санитарной опрятности и иным элементам внешнего вида, установленным Школой;
11.2.8) Мектептің мүлкіне, оқулықтарға, кітапхана қорына, жиһазға, компьютерлік техникаға, спорттық мүкәммалға, зертханалық жабдыққа, үй-жайларға, аумаққа, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың мүлкіне ұқыпты қарау;	11.2.8) бережно относиться к имуществу Школы, учебникам, библиотечному фонду, мебели, компьютерной технике, спортивному инвентарю, лабораторному оборудованию, помещениям, территории, имуществу других учащихся, работников Школы и третьих лиц;
11.2.9) Мектептің үй-жайларын, жабдығын, оқу материалдарын, компьютерлік техникасын, спорттық мүкәммалын, цифрлық ресурстарын және өзге де мүлкін тек мақсатына сай және пайдалану қағидаларын сақтай отырып пайдалану;	11.2.9) использовать помещения, оборудование, учебные материалы, компьютерную технику, спортивный инвентарь, цифровые ресурсы и иное имущество Школы только по назначению и с соблюдением правил пользования;
11.2.10) Мектептің, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың мүлкін бүлдірмеу, сындырмау, зақымдамау, ластамау, иемденіп алмау және сыртқа алып шықпау;	11.2.10) не портить, не ломать, не повреждать, не загрязнять, не присваивать и не выносить имущество Школы, других учащихся, работников Школы и третьих лиц;
11.2.11) өрт қауіпсіздігі қағидаларын, қауіпсіздік техникасы қағидаларын, оқу кабинеттеріндегі, зертханалардағы, спорт залдарындағы, асханадағы, кітапханадағы, санитариялық үй-жайлардағы, дәліздердегі, баспалдақтардағы, Мектеп аумағындағы және іс-шаралар кезіндегі мінез-құлық қағидаларын сақтау;	11.2.11) соблюдать правила пожарной безопасности, техники безопасности, поведения в учебных кабинетах, лабораториях, спортивных залах, столовой, библиотеке, санитарных помещениях, коридорах, на лестницах, на территории Школы и во время мероприятий;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
11.2.12) жарақаттар, өзін нашар сезіну, қатерлер, жанжалдар, қауіпті жағдайлар, қауіпсіздіктің бұзылуы, мүліктің зақымдануы немесе Мектептің араласуын талап ететін өзге де мән-жайлар туралы педагогтерге, сынып жетекшісіне, әкімшілікке, күзетке, медицина қызметкеріне немесе Мектептің өзге қызметкеріне дереу хабарлау;	11.2.12) незамедлительно сообщать педагогам, классному руководителю, администрации, охране, медицинскому работнику или иному работнику Школы о травмах, плохом самочувствии, угрозах, конфликтах, опасных ситуациях, нарушениях безопасности, повреждении имущества или иных обстоятельствах, требующих вмешательства Школы;
11.2.13) асханадағы мінез-құлық қағидаларын, тамақ алу тәртібін, санитариялық-гигиеналық талаптарды, кезектілікті сақтау, тамақтандыру қызметкерлері мен басқа білім алушыларға құрметпен қарау;	11.2.13) соблюдать правила поведения в столовой, порядок получения питания, санитарно-гигиенические требования, очередность, уважительное отношение к работникам питания и другим учащимся;
11.2.14) үйірмелерге, секцияларға, қосымша сабақтарға, спорттық және шығармашылық бағыттарға қатысу қағидаларын, оның ішінде формаға, аяқ киімге, мүкәммалға, медициналық рұқсатқа, тәртіпке және қауіпсіздікке қойылатын талаптарды сақтау;	11.2.14) соблюдать правила посещения кружков, секций, дополнительных занятий, спортивных и творческих направлений, включая требования к форме, обуви, инвентарю, медицинскому допуску, дисциплине и безопасности;
11.2.15) LMS-ті, электрондық журналды, білім беру платформаларын, мектеп аккаунттарын, логиндерді, парольдерді, құрылғыларды және Мектептің өзге де цифрлық ресурстарын тек оқу мақсатында және Мектептің қағидаларына сәйкес пайдалану;	11.2.15) использовать LMS, электронный журнал, образовательные платформы, школьные аккаунты, логины, пароли, устройства и иные цифровые ресурсы Школы только в учебных целях и в соответствии с правилами Школы;
11.2.16) логиндерді, парольдерді, қолжетімділіктерді, материалдарды, дербес деректерді, LMS-тегі, электрондық журналдағы, білім беру платформаларындағы және Мектептің өзге де ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтерді үшінші тұлғаларға бермеу;	11.2.16) не передавать третьим лицам логины, пароли, доступы, материалы, персональные данные, сведения из LMS, электронного журнала, образовательных платформ и иных информационных систем Школы;
11.2.17) заңды негізсіз және уәкілетті адамдардың рұқсатынсыз фото-, бейне-, аудиоматериалдарды, хат алмасуды, дербес деректерді, білім алушылар, педагогтер, Мектеп қызметкерлері, ата-аналар, оқу процесі және Мектептің ішкі құжаттары туралы мәліметтерді мессенджерлерде, әлеуметтік желілерде, жария чаттарда, интернет-ресурстарда немесе өзге тәсілмен орналастырмау, таратпау және бермеу;	11.2.17) не размещать, не распространять и не передавать в мессенджерах, социальных сетях, публичных чатах, интернет-ресурсах или иным способом фото-, видео-, аудиоматериалы, переписку, персональные данные, сведения об учащихся, педагогах, работниках Школы, родителях, учебном процессе и внутренних документах Школы без законного основания и разрешения уполномоченных лиц;
11.2.18) егер мұндай жазба Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа адамдардың құқықтарын, Мектептің ішкі қағидаларын немесе қалыпты білім беру процесін бұзатын болса, педагогтерді, Мектеп қызметкерлерін, білім алушыларды, ата-аналарды және өзге де адамдарды жасырын аудио-, фото- немесе бейнежазбаға түсірмеу;	11.2.18) не осуществлять скрытую аудио-, фото- или видеозапись педагогов, работников Школы, учащихся, родителей и иных лиц, если такая запись нарушает законодательство Республики Казахстан, права других лиц, внутренние правила Школы или нормальный образовательный процесс;
11.2.19) егер оларды пайдалануға Мектептің қағидаларымен немесе педагогтің нұсқауымен тыйым салынса не шектеу қойылса, оқу сабақтары, бақылау жұмыстары, іс-шаралар және өзге де белсенділік түрлері кезінде ұялы телефондарды, гаджеттерді, смарт-сағаттарды, құлаққаптарды, ойын құрылғыларын және өзге де техникалық құралдарды пайдаланбау;	11.2.19) не использовать мобильные телефоны, гаджеты, смарт-часы, наушники, игровые устройства и иные технические средства во время учебных занятий, контрольных работ, мероприятий и иных активностей, если их использование запрещено или ограничено правилами Школы либо указанием педагога;
11.2.20) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің ішкі актілерінде тыйым салынған не өмірге, денсаулыққа, қауіпсіздікке, мүлікке, білім беру процесіне немесе Мектептің қалыпты жұмысына қатер төндіретін заттарды, заттектерді, құрылғыларды, материалдарды немесе өнімдерді Мектепке алып келмеу;	11.2.20) не приносить в Школу предметы, вещества, устройства, материалы или продукты, запрещенные законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы либо создающие угрозу жизни, здоровью, безопасности, имуществу, образовательному процессу или нормальной работе Школы;
11.2.21) жарақаттарға, жанжалдарға, дүрбелеңге, мүліктің зақымдануына, оқу процесінің бұзылуына, эвакуацияға, қауіпсіздік жүйелерінің іске қосылуына, жабдықтың бүлінуіне немесе өзге де теріс салдарларға әкелуі мүмкін әрекеттер жасамау;	11.2.21) не совершать действий, которые могут привести к травмам, конфликтам, панике, повреждению имущества, нарушению учебного процесса, эвакуации, срабатыванию систем безопасности, порче оборудования или иным негативным последствиям;
11.2.22) Мектеп белгілеген тәртіппен Мектептің уәкілетті қызметкерінің және/немесе Ата-ананың рұқсатынсыз оқу күні, қосымша сабақтар, ұзартылған күн, үйірмелер, секциялар немесе іс-шаралар кезінде Мектеп аумағынан кетпеу;	11.2.22) не покидать территорию Школы во время учебного дня, дополнительных занятий, продленного дня, кружков, секций или мероприятий без разрешения уполномоченного работника Школы и/или Родителя в порядке, установленном Школой;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
11.2.23) өткізу режимін, Мектепке кіру және одан шығу тәртібін, Мектептің аумағы мен үй-жайларында жүріп-тұру қағидаларын сақтау;	11.2.23) соблюдать пропускной режим, порядок входа и выхода из Школы, правила перемещения по территории и помещениям Школы;
11.2.24) Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз Мектеп аумағына бөгде адамдарды шақырмау және алып келмеу;	11.2.24) не приглашать и не приводить на территорию Школы посторонних лиц без разрешения администрации Школы;
11.2.25) педагогтердің, Мектеп қызметкерлерінің, күзеттің, медицина қызметкерінің, психологтың, тамақтандыруды орындаушының және өзге де адамдардың жұмысына араласпау;	11.2.25) не вмешиваться в работу педагогов, работников Школы, охраны, медицинского работника, психолога, исполнителя питания и иных лиц;
11.2.26) академиялық адалдық нормаларын сақтау, көшірмеу, тыйым салынған материалдарды, сыбыр түріндегі көмекті, электрондық құрылғыларды және оқу тапсырмаларын жосықсыз орындаудың өзге де тәсілдерін пайдаланбау;	11.2.26) соблюдать нормы академической честности, не списывать, не использовать запрещенные материалы, подсказки, электронные устройства и иные способы недобросовестного выполнения учебных заданий;
11.2.27) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, тілді, мәдениетті, дәстүрлерді, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;	11.2.27) уважать государственные символы Республики Казахстан, язык, культуру, традиции, права и свободы других лиц;
11.2.28) білім берудің зайырлы сипаты жөніндегі талаптарды, Мектептің ішкі тәртібін және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мектептің ішкі актілерінде белгіленген мінез-құлық қағидаларын сақтау;	11.2.28) соблюдать требования светского характера образования, внутреннего порядка Школы и правил поведения, установленных законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Школы;
11.2.29) өз денсаулығына қамқорлық жасау, жеке гигиенаны сақтау, оқу кабинеттерінде, асханада, кітапханада, спорт залдарында, санитариялық үй-жайларда және Мектеп аумағында тазалық пен тәртіпті ұстау;	11.2.29) заботиться о своем здоровье, соблюдать личную гигиену, поддерживать чистоту и порядок в учебных кабинетах, столовой, библиотеке, спортивных залах, санитарных помещениях и на территории Школы;
11.2.30) педагогтердің, әкімшіліктің және Мектеп қызметкерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, тәрбиелеуге, қауіпсіздікке, тәртіпке және ішкі қағидаларды сақтауға бағытталған заңды әрі негізді талаптарын орындау;	11.2.30) исполнять законные и обоснованные требования педагогов, администрации и работников Школы, направленные на организацию учебного процесса, воспитание, безопасность, дисциплину и соблюдение внутренних правил;
11.2.31) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау.	11.2.31) выполнять иные обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой и внутренними актами Школы.
11.3. Білім алушыға мыналарға тыйым салынады:	11.3. Учащемуся запрещается:
11.3.1) басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің, ата-аналардың және өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, қадір-қасиетіне, мүлкіне немесе құқықтарына қатер төндіретін әрекеттер жасауға;	11.3.1) совершать действия, создающие угрозу жизни, здоровью, безопасности, достоинству, имуществу или правам других учащихся, работников Школы, родителей и иных лиц;
11.3.2) физикалық зорлық-зомбылықты, қорқытуды, психологиялық қысымды, бопсалауды, үрейлендіруді, қудалауды, қорлауды, балағаттауды және жол берілмейтін мінез-құлықтың өзге де нысандарын қолдануға;	11.3.2) применять физическое насилие, угрозы, психологическое давление, шантаж, запугивание, травлю, унижение, оскорбления и иные формы недопустимого поведения;
11.3.3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің ішкі актілерінде тыйым салынған не білім беру ортасымен сыйыспайтын заттарды, заттектерді, материалдарды, бейнелерді, жазбаларды немесе ақпаратты алып келуге, сақтауға, беруге, пайдалануға немесе таратуға;	11.3.3) приносить, хранить, передавать, использовать или распространять предметы, вещества, материалы, изображения, записи или информацию, запрещенные законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы либо несовместимые с образовательной средой;
11.3.4) Мектептің, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың мүлкін бүлдіруге;	11.3.4) портить имущество Школы, других учащихся, работников Школы или третьих лиц;
11.3.5) сабақтардан, іс-шаралардан, Мектеп аумағынан немесе мектеп іс-шарасы өткізілетін жерден өз бетімен кетуге;	11.3.5) самовольно покидать занятия, мероприятия, территорию Школы или место проведения школьного мероприятия;
11.3.6) интернетті, LMS-ті, электрондық журналды, білім беру платформаларын, мектеп құрылғыларын және цифрлық ресурстарды пайдалану қағидаларын бұзуға;	11.3.6) нарушать правила пользования интернетом, LMS, электронным журналом, образовательными платформами, школьными устройствами и цифровыми ресурсами;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
11.3.7) анық емес, балағаттайтын, абыройды түсіретін, құпия немесе басқа адамдардың құқықтарын бұзатын мәліметтерді таратуға;	11.3.7) распространять недостоверные, оскорбительные, порочащие, конфиденциальные или нарушающие права других лиц сведения;
11.3.8) сабақтардың, іс-шаралардың, тамақтандырудың өткізілуіне, педагогтердің, әкімшіліктің, күзеттің және Мектептің өзге де қызметкерлерінің жұмысына кедергі келтіруге;	11.3.8) препятствовать проведению занятий, мероприятий, питания, работы педагогов, администрации, охраны и иных работников Школы;
11.3.9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде тыйым салынған өзге де әрекеттерді жасауға.	11.3.9) совершать иные действия, запрещенные законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой и внутренними актами Школы.
11.4. Осы параграфта көзделген міндеттер мен тыйымдарды бұзғаны үшін Білім алушыға педагогикалық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық және тәртіптік сипаттағы шаралар, оның ішінде мыналар қолданылуы мүмкін:	11.4. За нарушение обязанностей и запретов, предусмотренных настоящим параграфом, к Учащемуся могут применяться меры педагогического, воспитательного, организационного и дисциплинарного характера, включая:
11.4.1) ауызша ескерту;	11.4.1) устное замечание;
11.4.2) жеке әңгімелесу;	11.4.2) индивидуальную беседу;
11.4.3) Ата-ананы хабардар ету;	11.4.3) уведомление Родителя;
11.4.4) Ата-ананы Мектепке шақыру;	11.4.4) вызов Родителя в Школу;
11.4.5) жазбаша ескерту;	11.4.5) письменное предупреждение;
11.4.6) бұзушылық туралы акт ресімдеу;	11.4.6) оформление акта нарушения;
11.4.7) мәселені комиссияда, педагогикалық кеңесте немесе Мектептің өзге де алқалы органында қарау;	11.4.7) рассмотрение вопроса на комиссии, педагогическом совете или ином коллегиальном органе Школы;
11.4.8) қосымша қызметтен, үйірмеден, секциядан, іс-шарадан немесе өзге де белсенділік түрінен уақытша шеттету;	11.4.8) временное отстранение от дополнительной услуги, кружка, секции, мероприятия или иной активности;
11.4.9) жекелеген қосымша қызметке, үйірмеге, секцияға, іс-шараға немесе қызметтер пакетіне одан әрі қатысуға рұқсат беруден бас тарту;	11.4.9) отказ в дальнейшем посещении отдельной дополнительной услуги, кружка, секции, мероприятия или пакета услуг;
11.4.10) келтірілген залалды Ата-ана арқылы өтеу туралы талап қою;	11.4.10) требование о возмещении причиненного ущерба через Родителя;
11.4.11) Мектептің қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, ішкі істер органдарына, білім беру органдарына, медициналық ұйымдарға немесе өзге де құзыретті органдарға жүгінуі;	11.4.11) обращение Школы в органы опеки и попечительства, комиссию по делам несовершеннолетних, органы внутренних дел, органы образования, медицинские организации или иные компетентные органы;
11.4.12) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен оқудан шығару туралы мәселені қарау.	11.4.12) рассмотрение вопроса об отчислении в случаях и порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой и внутренними актами Школы.
11.5. Педагогикалық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық немесе тәртіптік сипаттағы шаралар бұзушылықтың сипаты, Білім алушының жасы, бұзушылықтың жасалу мән-жайлары, оның қайталануы, салдары, Білім алушының мінез-құлқы, Ата-ананың ұстанымы, сондай-ақ басқа адамдардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қамтамасыз ету қажеттігі ескеріле отырып қолданылады.	11.5. Применение мер педагогического, воспитательного, организационного или дисциплинарного характера осуществляется с учетом характера нарушения, возраста Учащегося, обстоятельств совершения нарушения, повторности, последствий, поведения Учащегося, позиции Родителя и необходимости обеспечения безопасности и прав других лиц.
11.6. Егер Білім алушының бұзушылығы Білім алушының өзінің, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтарына немесе заңды мүдделеріне қатер төндірсе, Мектеп бұзушылықты тоқтату, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Ата-ананы хабардар ету және құзыретті органдарға жүгіну үшін шұғыл шаралар қабылдауға құқылы.	11.6. Если нарушение Учащегося создает угрозу жизни, здоровью, безопасности, правам или законным интересам самого Учащегося, других учащихся, работников Школы или третьих лиц, Школа вправе принять незамедлительные меры для прекращения нарушения, обеспечения безопасности, уведомления Родителя и обращения в компетентные органы.
11.7. Білім алушы мен Ата-ана Білім алушының білім алу құқығы оны тәртіпті, Мектептің ішкі қағидаларын, басқа білім алушылардың, педагогтер мен Мектеп қызметкерлерінің құқықтарын сақтау міндетінен босатпайтынын түсінеді.	11.7. Учащийся и Родитель понимают, что право Учащегося на образование не освобождает Учащегося от обязанности соблюдать дисциплину, внутренние правила Школы, права других учащихся, педагогов и работников Школы.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
12-параграф. Сабаққа қатысу, сабақ жіберу, кешігу және Білім алушының болмауы	Параграф 12. Посещаемость, пропуски, опоздания и отсутствие Учащегося
12.1. Білім алушының оқу сабақтарына, қосымша сабақтарға, үйірмелерге, секцияларға, іс-шараларға және өзге де таңдалған қызметтерге үнемі қатысуы білім беру бағдарламасын тиісінше меңгерудің, оқу тәртібін сақтаудың және осы офертаны орындаудың міндетті шарты болып табылады.	12.1. Регулярное посещение Учащимся учебных занятий, дополнительных занятий, кружков, секций, мероприятий и иных выбранных услуг является обязательным условием надлежащего освоения образовательной программы, соблюдения учебной дисциплины и исполнения настоящей оферты.
12.2. Ата-ана Білім алушының сабақ кестесінде, оқу жоспарында, жұмыс оқу жоспарында, білім беру бағдарламасында және Мектептің ішкі актілерінде көзделген барлық оқу сабақтарына қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.	12.2. Родитель обязан обеспечить посещение Учащимся всех учебных занятий, предусмотренных расписанием, учебным планом, рабочим учебным планом, образовательной программой и внутренними актами Школы.
12.3. Ата-ана оқу күнінің режимін, Мектепке келу қағидаларын, өткізу режимін, сыртқы келбетке, мектеп формасына, ауыстыратын аяқ киімге, оқу құралдарына қойылатын талаптарды және Мектептің өзге де талаптарын ескере отырып, Білім алушының сабақ басталғанға дейін Мектепке уақтылы келуін қамтамасыз етуге міндетті.	12.3. Родитель обязан обеспечить своевременное прибытие Учащегося в Школу до начала занятий с учетом режима учебного дня, правил посещения Школы, пропускного режима, требований к внешнему виду, школьной форме, сменной обуви, учебным принадлежностям и иных требований Школы.
12.4. Білім алушы сабақтарға, қосымша сабақтарға, үйірмелерге, секцияларға және іс-шараларға уақтылы, кешікпей, формамен және тиісті сабаққа қажетті оқу құралдарымен келуге міндетті.	12.4. Учащийся обязан приходить на занятия, дополнительные занятия, кружки, секции и мероприятия своевременно, без опозданий, в форме и с учебными принадлежностями, необходимыми для соответствующего занятия.
12.5. Егер Білім алушының сабаққа кешігуі дәлелді себептерден туындамаса және оны Ата-ана немесе тиісті құжаттар растамаса, мұндай кешігу оқу тәртібін бұзу болып есептеледі.	12.5. Опоздание Учащегося на занятие считается нарушением учебной дисциплины, если оно не вызвано уважительными причинами и не подтверждено Родителем или соответствующими документами.
12.6. Білім алушы жүйелі түрде кешіккен жағдайда Мектеп мыналарға құқылы:	12.6. При систематических опозданиях Учащегося Школа вправе:
12.6.1) Ата-ананы хабардар етуге;	12.6.1) уведомить Родителя;
12.6.2) Білім алушымен және/немесе Ата-анамен профилактикалық әңгіме жүргізуге;	12.6.2) провести профилактическую беседу с Учащимся и/или Родителем;
12.6.3) акт немесе қызметтік жазба ресімдеуге;	12.6.3) оформить акт или служебную записку;
12.6.4) Ата-анадан Білім алушының уақтылы келуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды талап етуге;	12.6.4) потребовать от Родителя принятия мер по обеспечению своевременного прибытия Учащегося;
12.6.5) мәселені комиссияда, педагогикалық кеңесте немесе Мектептің өзге де алқалы органында қарауға;	12.6.5) рассмотреть вопрос на комиссии, педагогическом совете или ином коллегиальном органе Школы;
12.6.6) осы офертада, Мектептің ішкі актілерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қолдануға.	12.6.6) принять иные меры, предусмотренные настоящей офертой, внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.
12.7. Білім алушы сабақтарда болмаған жағдайда Ата-ана болмау себебі мен болмаудың болжамды мерзімін көрсете отырып, өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы Мектепті дереу хабардар етуге міндетті.	12.7. В случае отсутствия Учащегося на занятиях Родитель обязан незамедлительно уведомить Школу через официальные каналы взаимодействия, указав причину отсутствия и предполагаемый срок отсутствия.
12.8. Білім алушының болмауы туралы хабарлама Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен сынып жетекшісіне, Мектеп әкімшілігіне немесе өзге де жауапты адамға жіберілуге тиіс.	12.8. Уведомление об отсутствии Учащегося должно быть направлено классному руководителю, администрации Школы или иному ответственному лицу в порядке, установленном внутренними актами Школы.
12.9. Егер мұндай тәртіпті Мектеп белгілесе, ауызша хабарлау, басқа білім алушы арқылы хабарлау, бейресми ата-аналар чатындағы хабар, әлеуметтік желідегі жарияланым немесе өзге де бейресми хабар Ата-ананы Мектепті өзара іс-қимылдың ресми арнасы арқылы хабардар ету міндетінен босатпайды.	12.9. Устное сообщение, сообщение через другого учащегося, сообщение в неофициальном родительском чате, публикация в социальной сети или иное неофициальное сообщение не освобождает Родителя от обязанности уведомить Школу через официальный канал взаимодействия, если такой порядок установлен Школой.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
12.10. Білім алушы болмағаннан кейін оқуға қайта оралған кезде, егер мұндай құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасы, Мектептің ішкі актілері, санитариялық талаптар, медициналық қағидалар немесе Мектептің сұрау салуы талап етсе, Ата-ана болмау себебінің дәлелділігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.	12.10. При возвращении Учащегося после отсутствия Родитель обязан предоставить документы, подтверждающие уважительность причины отсутствия, если такие документы требуются законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы, санитарными требованиями, медицинскими правилами или запросом Школы.
12.11. Болмаудың дәлелді себептеріне мыналар жатқызылуы мүмкін:	12.11. К уважительным причинам отсутствия могут относиться:
12.11.1) Білім алушының медициналық құжаттармен расталған ауруы;	12.11.1) болезнь Учащегося, подтвержденная медицинскими документами;
12.11.2) жақын туысының қайтыс болуы;	12.11.2) смерть близкого родственника;
12.11.3) еңсерілмейтін күш мән-жайлары;	12.11.3) обстоятельства непреодолимой силы;
12.11.4) растайтын құжаттар болған кезде Білім алушының ресми іс-шараларға, жарыстарға, олимпиадаларға, конкурстарға немесе өзге де іс-шараларға қатысуы;	12.11.4) участие Учащегося в официальных мероприятиях, соревнованиях, олимпиадах, конкурсах или иных мероприятиях при наличии подтверждающих документов;
12.11.5) емделуден, зерттеп-қараудан, оңалтудан немесе өзге де медициналық іс-шаралардан өту;	12.11.5) прохождение лечения, обследования, реабилитации или иных медицинских мероприятий;
12.11.6) Ата-ана ұсынған құжаттар мен түсініктемелерді ескере отырып, Мектеп дәлелді деп таныған өзге де мән-жайлар.	12.11.6) иные обстоятельства, признанные Школой уважительными с учетом представленных документов и объяснений Родителя.
12.12. Отбасылық жағдайлар, сапарлар, демалыс, жеке жоспарлар, Білім алушының сабаққа барғысы келмеуі, форманың болмауы, оқу құралдарының болмауы, жанжалды жағдайлар, Ата-ананың сабақ кестесімен, педагогпен, бағамен немесе Мектептің ішкі қағидаларымен келіспеуі, егер Мектеп мұндай себептерді жеке тәртіппен дәлелді деп танымаса, өздігінен болмаудың сөзсіз дәлелді себептері болып табылмайды.	12.12. Семейные обстоятельства, поездки, отпуск, личные планы, нежелание Учащегося посещать занятия, отсутствие формы, отсутствие учебных принадлежностей, конфликтные ситуации, несогласие Родителя с расписанием, педагогом, оценкой или внутренними правилами Школы сами по себе не являются безусловно уважительными причинами отсутствия, если Школа не признала такие причины уважительными в индивидуальном порядке.
12.13. Егер Білім алушының болмауы ауруға, жұқпалы ауруға, медициналық шектеулерге, жарақатқа немесе Білім алушының және басқа адамдардың қауіпсіздігіне әсер ететін өзге де жай-күйге байланысты болса, Ата-ана Мектепке Білім алушының сабаққа қайта оралу мүмкіндігін растайтын медициналық құжаттарды ұсынуға міндетті.	12.13. Если отсутствие Учащегося связано с болезнью, инфекционным заболеванием, медицинскими ограничениями, травмой или иным состоянием, влияющим на безопасность Учащегося и других лиц, Родитель обязан предоставить Школе медицинские документы, подтверждающие возможность возвращения Учащегося к занятиям.
12.14. Егер қажетті медициналық құжаттардың болмауы Білім алушының, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін болса, Мектеп мұндай құжаттар ұсынылғанға дейін Білім алушыны сабақтарға, тамақтандыруға, үйірмелерге, секцияларға, спорт сабақтарына, іс-шараларға немесе өзге де қызметтерге жібермеуге құқылы.	12.14. Школа вправе не допустить Учащегося к занятиям, питанию, кружкам, секциям, спортивным занятиям, мероприятиям или иным услугам до предоставления необходимых медицинских документов, если отсутствие таких документов может создать риск для жизни, здоровья или безопасности Учащегося, других учащихся, работников Школы или иных лиц.
12.15. Мектеп Білім алушының сабаққа қатысуын журналдарда, LMS-те, электрондық жүйелерде, ішкі құжаттарда және Мектеп пайдаланатын өзге де есепке алу нысандарында есепке алуды жүргізеді.	12.15. Школа ведет учет посещаемости Учащегося в журналах, LMS, электронных системах, внутренних документах и иных учетных формах, используемых Школой.
12.16. LMS-те, электрондық журналда, Мектептің есепке алу құжаттарында, актілерде, қызметтік жазбаларда, педагогтердің, сынып жетекшісінің және әкімшіліктің мәліметтерінде көрсетілген сабаққа қатысу деректері ішкі есепке алу, Ата-анамен өзара іс-қимыл, оқу фактісін растау, есептілік, мониторинг, қаржыландыру және ұйымдастырушылық шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады.	12.16. Данные посещаемости, отраженные в LMS, электронном журнале, учетных документах Школы, актах, служебных записках, сведениях педагогов, классного руководителя и администрации, являются основанием для внутреннего учета, взаимодействия с Родителем, подтверждения факта обучения, отчетности, мониторинга, финансирования и принятия организационных решений.
12.17. Ата-ана мынаны түсінетінін растайды: Білім алушының сабаққа қатысуы нақты оқуды растау, контингентті есепке алу, білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы, көрсетілген қызметтер актілері, қаржыландыру, есептілік және мониторинг үшін маңызды болуы мүмкін.	12.17. Родитель подтверждает, что понимает: посещаемость Учащегося может иметь значение для подтверждения фактического обучения, учета контингента, образовательного ваучера, государственного образовательного заказа, актов оказанных услуг, финансирования, отчетности и мониторинга.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
12.18. Егер қайта есептеудің өзгеше тәртібі осы офертада, қызметтер каталогында, жекелеген қосымшада, қызмет көрсету шартында немесе Мектептің шешімінде тікелей көзделмесе, Білім алушының сабақтарда болмауы Ата-ананы ақылы оқытуға, тамақтандыруға, қосымша білім беру қызметтеріне, үйірмелерге, секцияларға, қызметтер пакеттеріне, тұруға және өзге де таңдалған қызметтерге ақы төлеу міндетінен босатпайды.	12.18. Отсутствие Учащегося на занятиях не освобождает Родителя от обязанности оплатить платное обучение, питание, дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, пакеты услуг, проживание и иные выбранные услуги, если иной порядок перерасчета прямо не предусмотрен настоящей офертой, каталогом услуг, отдельным приложением, договором на услугу или решением Школы.
12.19. Білім алушының Мектепке байланысты емес себептермен оқу сабақтарын, қосымша сабақтарды, үйірмелерді, секцияларды, жеке сабақтарды, консультацияларды, интенсивтерді немесе өзге де қызметтерді жіберіп алуы Мектеп тарапынан қызметтердің тиісінше көрсетілмеуі болып табылмайды.	12.19. Пропуск Учащимся учебных занятий, дополнительных занятий, кружков, секций, индивидуальных занятий, консультаций, интенсивов или иных услуг по причинам, не зависящим от Школы, не является ненадлежащим оказанием услуг со стороны Школы.
12.20. Ата-ананың немесе Білім алушының бастамасы бойынша сабақ жіберілген кезде, егер өзгеше тәртіп Мектептің ішкі актілерінде, қызметтер каталогында, қосымшада немесе Мектептің шешімінде белгіленбесе, Мектеп жеке алмастырушы сабақтарды, қайталама сабақтарды, консультацияларды тегін өткізуге, құнды қайта есептеуге немесе сабақтарды басқа мерзімге ауыстыруға міндетті емес.	12.20. При пропуске занятий по инициативе Родителя или Учащегося Школа не обязана бесплатно проводить индивидуальные замещающие занятия, повторные уроки, консультации, перерасчет стоимости или перенос занятий, если иной порядок не установлен внутренними актами Школы, каталогом услуг, приложением или решением Школы.
12.21. Егер оқу процесін, педагогтердің жүктемесін және Мектептің ішкі қағидаларын ескергенде бұл мүмкін болса, Мектеп Білім алушыға жіберіп алынған тақырыптар бойынша материалдар, тапсырмалар, ұсынымдар, электрондық ресурстарға қолжетімділік немесе қолдаудың өзге де нысандарын беруге құқылы.	12.21. Школа вправе предоставить Учащемуся материалы, задания, рекомендации, доступ к электронным ресурсам или иные формы поддержки по пропущенным темам, если это возможно с учетом учебного процесса, загруженности педагогов и внутренних правил Школы.
12.22. Егер бұл қызметтер каталогында, Ата-ананың өтінішінде немесе Мектептің шешімінде көзделсе, жіберіп алынған материалдың орнын жеке толтыру қосымша ақылы қызмет ретінде көрсетілуі мүмкін.	12.22. Индивидуальное восполнение пропущенного материала может оказываться как дополнительная платная услуга, если такое предусмотрено каталогом услуг, заявлением Родителя или решением Школы.
12.23. Сабақ жүйелі түрде жіберілген жағдайда Мектеп мыналарға құқылы:	12.23. При систематических пропусках занятий Школа вправе:
12.23.1) Ата-ананы хабардар етуге;	12.23.1) уведомить Родителя;
12.23.2) жазбаша түсініктемелер мен растайтын құжаттарды сұратуға;	12.23.2) запросить письменные объяснения и подтверждающие документы;
12.23.3) Ата-анамен және/немесе Білім алушымен профилактикалық әңгіме жүргізуге;	12.23.3) провести профилактическую беседу с Родителем и/или Учащимся;
12.23.4) болмау туралы немесе сабаққа қатысуды бұзу туралы акт ресімдеуге;	12.23.4) оформить акт отсутствия или нарушения посещаемости;
12.23.5) мәселені комиссияда, педагогикалық кеңесте немесе Мектептің өзге де алқалы органында қарауға;	12.23.5) рассмотреть вопрос на комиссии, педагогическом совете или ином коллегиальном органе Школы;
12.23.6) ақпаратты қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, көмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, білім беру органдарына, ішкі істер органдарына немесе өзге де құзыретті органдарға жіберуге;	12.23.6) направить информацию в органы опеки и попечительства, комиссию по делам несовершеннолетних, органы образования, органы внутренних дел или иные компетентные органы;
12.23.7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде көзделген тәртіппен оқуды жалғастыру, оқыту шарттарын өзгерту, ауыстыру, оқудан шығару немесе шарттық қатынастарды бұзу туралы мәселені қарауға.	12.23.7) рассмотреть вопрос о продолжении обучения, изменении условий обучения, переводе, отчислении или расторжении договорных отношений в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой и внутренними актами Школы.
12.24. Білім алушының оқу сабақтарын дәлелді себепсіз қатарынан 10 оқу күнінен астам немесе Мектептің ішкі актілерінде айқындалған кезең шегінде жиынтығында жіберуі оқу тәртібін елеулі бұзу болып табылады және осы офертада, Мектептің ішкі актілерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ден	12.24. Пропуск Учащимся учебных занятий без уважительной причины более 10 учебных дней подряд или суммарно в пределах периода, определенного внутренними актами Школы, является существенным нарушением учебной дисциплины и может являться основанием для рассмотрения вопроса о применении мер реагирования, включая

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
қою шараларын қолдану туралы мәселені қарауға, оның ішінде құзыретті органдарды хабардар етуге және оқудан шығару туралы мәселені қарауға негіз болуы мүмкін.	уведомление компетентных органов и рассмотрение вопроса об отчислении в порядке, предусмотренном настоящей офертой, внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.
12.25. Егер Ата-ана Білім алушының сабаққа қатысуын қамтамасыз етпесе, Мектеппен өзара іс-қимылдан жалтарса, түсініктемелер мен растайтын құжаттарды ұсынбаса, Мектептің хабарламаларына ден қоймаса не Білім алушының оқуына кедергі келтірсе, Мектеп мұндай әрекеттерді немесе әрекетсіздікті Ата-ананың Білім алушының білім алуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамауы ретінде қарауға құқылы.	12.25. Если Родитель не обеспечивает посещение Учащимся занятий, уклоняется от взаимодействия со Школой, не предоставляет объяснения и подтверждающие документы, не реагирует на уведомления Школы либо препятствует обучению Учащегося, Школа вправе рассматривать такие действия или бездействие как ненадлежащее исполнение Родителем обязанностей по обеспечению получения Учащимся образования.
14.8. Мектеп Ата-ананың және Білім алушының дербес деректерін өңдеудің нақты мақсаты үшін, осы офертаны және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау, қаржыландыруды растау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, таңдалған қызметтерді көрсету және Мектептің құқықтарын қорғау үшін қажетті көлемде ғана беруге құқылы. Деректер мынадай тұлғалар мен ұйымдарға беріледі:	14.8. Школа вправе передавать персональные данные Родителя и Учащегося только в объеме, необходимом для конкретной цели обработки, исполнения настоящей оферты, требований законодательства Республики Казахстан, подтверждения финансирования, обеспечения безопасности, оказания выбранных услуг и защиты прав Школы. Передача данных осуществляется следующим лицам и организациям:

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
14.8.1) ҰБДҚ-ға;	14.8.1) НОБД;
14.8.2) LMS-ке және өзге де білім беру платформаларына;	14.8.2) LMS и иным образовательным платформам;
14.8.3) білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізіліміне;	14.8.3) государственному электронному реестру образовательных ваучеров;
14.8.4) білім беруді қаржыландырудың цифрлық жүйесіне;	14.8.4) цифровой системе финансирования образования;
14.8.5) мемлекеттік білім беру тапсырысы мен білім беру ваучерлері үшін пайдаланылатын веб-порталға;	14.8.5) веб-порталу, используемому для государственного образовательного заказа и образовательных ваучеров;
14.8.6) пилоттық жоба операторына;	14.8.6) оператору пилотного проекта;
14.8.7) тіркеушіге;	14.8.7) регистратору;
14.8.8) білім беру ваучерінің эмитентіне;	14.8.8) эмитенту образовательного ваучера;
14.8.9) «Қаржы орталығы» АҚ-ға;	14.8.9) АО «Финансовый центр»;
14.8.10) білім беру саласындағы уәкілетті органдарға;	14.8.10) уполномоченным органам образования;
14.8.11) қорғаншылық және қамқоршылық органдарына;	14.8.11) органам опеки и попечительства;
14.8.12) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға;	14.8.12) комиссии по делам несовершеннолетних;
14.8.13) ішкі істер органдарына;	14.8.13) органам внутренних дел;
14.8.14) медициналық ұйымдарға;	14.8.14) медицинским организациям;
14.8.15) тамақтандыруды орындаушыға, егер деректерді беру тамақтандыруды ұйымдастыру үшін қажет болса;	14.8.15) исполнителю питания, если передача данных необходима для организации питания;
14.8.16) Ата-ана таңдаған қызметтерді көрсетуге қатысатын мердігерлерге, серіктестерге, жеткізушілерге, жаттықтырушыларға, мамандарға және өзге де тұлғаларға осындай қызметтерді көрсету үшін қажетті көлемде;	14.8.16) подрядчикам, партнерам, поставщикам, тренерам, специалистам и иным лицам, участвующим в оказании выбранных Родителем услуг, в объеме, необходимом для оказания таких услуг;
14.8.17) банктерге, төлем ұйымдарына, бухгалтерлерге, аудиторларға, заңгерлерге, өкілдерге, кеңесшілерге, медиаторларға, соттарға және өзге де тұлғаларға, егер деректерді беру есепке алу, төлем жасау, Мектептің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса. Дербес деректерді соттан тыс өндіріп алу, маркетинг мақсаттары үшін немесе шартты не заң талаптарын орындау үшін қажет болып табылмайтын өзге де мақсаттар үшін міндетті емес үшінші тұлғаларға беру тек Ата-ананың бөлек келісімі не өзге де заңды негіз болған кезде ғана жүзеге асырылады;	14.8.17) банкам, платежным организациям, бухгалтерам, аудиторам, юристам, представителям, консультантам, медиаторам, судам и иным лицам, если передача необходима для учета, оплаты, защиты прав и законных интересов Школы. Передача персональных данных необязательным третьим лицам для целей внесудебного взыскания, маркетинга или иных целей, не являющихся необходимыми для исполнения договора или требований закона, осуществляется только при наличии отдельного согласия Родителя либо иного законного основания;
14.8.18) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада, Ата-ананың келісімдерінде немесе уәкілетті органдардың талаптарында көзделген жағдайларда өзге де тұлғалар мен ұйымдарға.	14.8.18) иным лицам и организациям в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, соглашениями Родителя или требованиями уполномоченных органов.
14.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы, ақпараттық жүйе, оператор, тіркеуші, эмитент немесе уәкілетті орган өзгеше талап етпесе, дербес деректер тиісті мақсат үшін қажетті көлемде, мәліметтерді артық таратпай беріледі.	14.9. Передача персональных данных осуществляется в объеме, необходимом для соответствующей цели, без избыточного распространения сведений, если иное не требуется законодательством Республики Казахстан, информационной системой, оператором, регистратором, эмитентом или уполномоченным органом.
14.10. Ата-ана дербес деректерді қажетті ақпараттық жүйелерде өңдемей және бермей, Білім алушыны оқуға қабылдау, білім беру ваучерін растау, мемлекеттік білім беру тапсырысын алу, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасына қатысу, оқу процесін жүргізу, тамақтандыруды, қосымша қызметтерді, есептілікті және қауіпсіздікті ұйымдастыру мүмкін болмауы ықтимал екенін түсінеді және осыған келіседі.	14.10. Родитель понимает и соглашается, что без обработки и передачи персональных данных в необходимых информационных системах может быть невозможно зачисление Учащегося, подтверждение образовательного ваучера, получение государственного образовательного заказа, участие в программе финансирования дополнительных услуг, ведение учебного процесса, организация питания, дополнительных услуг, отчетности и безопасности.
14.11. Ата-ананың оқыту, есепке алу, қаржыландыру немесе қауіпсіздік үшін қажетті міндетті дербес деректерді, келісімдерді, құжаттарды	14.11. Отказ Родителя от предоставления обязательных персональных данных, согласий, документов или подтверждений, необходимых для

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
немесе растауларды ұсынумен бас тарту осы офертада көзделген тәртіппен оқуға қабылдаудан бас тартуға, тегін оқыту талаптарын қолданудың мүмкін болмауына, қызметті қосудан бас тартуға, қызмет көрсетуді тоқтата тұруға, ақылы негізге ауыстыруға немесе шарттық қатынастарды тоқтатуға негіз болуы мүмкін.	обучения, учета, финансирования или безопасности, может являться основанием для отказа в зачислении, невозможности применения условий бесплатного обучения, отказа в подключении услуги, приостановления оказания услуги, перевода на платную основу или прекращения договорных отношений в порядке, предусмотренном настоящей офертой.
14.12. Мектеп өзінің орынды мүмкіндіктері мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары шегінде Ата-ананың және Білім алушының дербес деректерін заңсыз қол жеткізуден, таратудан, өзгертуден, жоғалтудан, жоюдан немесе өзге де құқыққа сыйымсыз пайдаланудан қорғау жөніндегі қажетті ұйымдастырушылық, құқықтық және техникалық шараларды қабылдайды.	14.12. Школа принимает необходимые организационные, правовые и технические меры по защите персональных данных Родителя и Учащегося от незаконного доступа, распространения, изменения, утраты, уничтожения или иного неправомерного использования в пределах разумных возможностей Школы и требований законодательства Республики Казахстан.
14.13. Егер дербес деректердің, фото-, бейне-, аудиоматериалдардың, хат алмасудың, құжаттардың немесе өзге де мәліметтердің заңсыз таралуы Ата-ананың, Білім алушының, басқа ата-аналардың, үшінші тұлғалардың, сыртқы ақпараттық жүйелердің, мессенджерлердің, әлеуметтік желілердің, төлем жүйелерінің немесе Мектептің бақылауында болмайтын өзге де тұлғалардың кінәсінен орын алса, Мектеп мұндай таралу үшін жауапты болмайды.	14.13. Школа не несет ответственности за незаконное распространение персональных данных, фото-, видео-, аудиоматериалов, переписки, документов или иных сведений, если такое распространение произошло по вине Родителя, Учащегося, других родителей, третьих лиц, внешних информационных систем, мессенджеров, социальных сетей, платежных систем или иных лиц, не находящихся под контролем Школы.
14.14. Ата-ана мен Білім алушы Мектепте оқуға байланысты өздеріне белгілі болған мәліметтердің, оның ішінде басқа білім алушылар, ата-аналар, педагогтер, Мектеп қызметкерлері туралы мәліметтердің, медициналық, психологиялық, білім беру, тәртіптік, қаржылық, отбасылық және өзге де мәліметтердің құпиялылығын сақтауға міндетті.	14.14. Родитель и Учащийся обязаны соблюдать конфиденциальность сведений, ставших им известными в связи с обучением в Школе, включая сведения о других учащихся, родителях, педагогах, работниках Школы, медицинские, психологические, образовательные, дисциплинарные, финансовые, семейные и иные сведения.
14.15. Ата-ана мен Білім алушы заңды негізсіз және уәкілетті тұлғалардың келісімінсіз мыналарды таратуға құқылы емес:	14.15. Родитель и Учащийся не вправе без законного основания и согласия уполномоченных лиц распространять:
14.15.1) басқа білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтердің және Мектеп қызметкерлерінің дербес деректерін;	14.15.1) персональные данные других учащихся, родителей, педагогов и работников Школы;
14.15.2) басқа білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтердің және Мектеп қызметкерлерінің қатысуымен түсірілген фото-, бейне- және аудиоматериалдарды;	14.15.2) фото-, видео- и аудиоматериалы с участием других учащихся, родителей, педагогов и работников Школы;
14.15.3) басқа білім алушылардың бағалары, мінез-құлқы, денсаулық жағдайы, психологиялық сүйемелдеуі, отбасылық мән-жайлары, жанжалдары және тәртіптік жағдайлары туралы мәліметтерді;	14.15.3) сведения об оценках, поведении, состоянии здоровья, психологическом сопровождении, семейных обстоятельствах, конфликтах и дисциплинарных ситуациях других учащихся;
14.15.4) Мектептің ішкі құжаттарын, хат алмасуды, қызметтік мәліметтерді, LMS, электрондық журнал және өзге де ақпараттық жүйелер материалдарын;	14.15.4) внутренние документы Школы, переписку, служебные сведения, материалы LMS, электронного журнала и иных информационных систем;
14.15.5) Мектептің, білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтердің және Мектеп қызметкерлерінің құқықтарына, заңды мүдделеріне, ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді.	14.15.5) сведения, способные причинить вред правам, законным интересам, чести, достоинству или деловой репутации Школы, учащихся, родителей, педагогов и работников Школы.
14.16. Ата-ананың немесе Білім алушының құпиялылық режимін бұзуы, дербес деректерді, фото-, бейне-, аудиоматериалдарды, хат алмасуды, құжаттарды немесе өзге де мәліметтерді заңсыз таратуы осы офертаны бұзу болып табылады және осы офертада және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік шараларына әкеп соғуы мүмкін.	14.16. Нарушение Родителем или Учащимся режима конфиденциальности, незаконное распространение персональных данных, фото-, видео-, аудиоматериалов, переписки, документов или иных сведений является нарушением настоящей оферты и может повлечь меры ответственности, предусмотренные настоящей офертой и законодательством Республики Казахстан.
14.17. Мектеп құпиялылықтың бұзылуы, дербес деректердің таратылуы, материалдардың, хат алмасудың, құжаттардың және өзге де мәліметтердің жариялану фактілерін скриншоттарды, актілерді, қызметтік жазбаларды, куәгерлердің түсініктемелерін, нотариаттық қарап-тексеруді, сілтемелерді, фото-, бейне-, аудиоматериалдарды	14.17. Школа вправе фиксировать факты нарушения конфиденциальности, распространения персональных данных, публикации материалов, переписки, документов и иных сведений с использованием скриншотов, актов, служебных записок, свидетельских

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
және өзге де жол берілетін тәсілдерді пайдалана отырып тіркеуге құқылы.	пояснений, нотариального осмотра, ссылок, фото-, видео-, аудиоматериалов и иных допустимых способов.
14.18. Құпиялылық бұзылған немесе дербес деректер заңсыз таратылған жағдайда Мектеп тиісті материалдардың алып тасталуын, бұзушылықтың тоқтатылуын, теріске шығаруды, залалды өтеуді, шығындардың орнын толтыруды талап етуге, сондай-ақ уәкілетті органдарға, сотқа, құқық қорғау органдарына және өзге де құзыретті ұйымдарға жүгінуге құқылы.	14.18. В случае нарушения конфиденциальности или незаконного распространения персональных данных Школа вправе требовать удаления соответствующих материалов, прекращения нарушения, опровержения, возмещения ущерба, компенсации убытков, а также обращаться в уполномоченные органы, суд, правоохранительные органы и иные компетентные организации.
14.19. Ата-ананың дербес деректерді өңдеуге келісімі Білім алушының Мектепте оқуының бүкіл кезеңінде, шарттық қатынастардың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ олар тоқтатылғаннан кейін құжаттарды сақтау, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау, есептілік, бухгалтерлік, салықтық, білім беру есебін жүргізу, Мектептің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті мерзімдер ішінде қолданылады. Ата-ана өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы жазбаша өтініш жіберу жолымен дербес деректерді өңдеуге келісімін кері қайтарып алуға құқылы. Келісімді кері қайтарып алу заңнама талаптарына орай, есепке алу, есептілік, мемлекеттік қаржыландыру, құжаттарды сақтау және Мектептің құқықтарын қорғау үшін жүзеге асырылатын өңдеуге қолданылмайды және Ата-ананы бұрын туындаған міндеттемелерден босатпайды.	14.19. Согласие Родителя на обработку персональных данных действует в течение всего срока обучения Учащегося в Школе, срока действия договорных отношений, а также после их прекращения в течение сроков, необходимых для хранения документов, исполнения требований законодательства Республики Казахстан, отчетности, бухгалтерского, налогового, образовательного учета, защиты прав и законных интересов Школы. Родитель вправе отозвать согласие на обработку персональных данных путем направления письменного заявления через официальные каналы взаимодействия. Отзыв согласия не распространяется на обработку, осуществляемую в силу требований законодательства, для учета, отчетности, государственного финансирования, хранения документов и защиты прав Школы, и не освобождает Родителя от ранее возникших обязательств.
14.20. Шарттық қатынастардың тоқтатылуы Ата-ана мен Білім алушының Мектепте оқуға байланысты өздеріне белгілі болған мәліметтердің құпиялылығын сақтау міндетін тоқтатпайды.	14.20. Прекращение договорных отношений не прекращает обязанность Родителя и Учащегося соблюдать конфиденциальность сведений, ставших им известными в связи с обучением в Школе.
14.21. Ата-ана дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы Мектепке жүгінуге құқылы. Мектеп мұндай өтініштерді Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды.	14.21. Родитель вправе обращаться в Школу по вопросам обработки персональных данных через официальные каналы взаимодействия. Школа рассматривает такие обращения в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Школы.
14.22. Дербес деректерді өңдеу, ақпараттық жүйелерді пайдалану, құпиялылық және мәліметтерді беру жөніндегі осы офертада реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Ата-ананың келісімдерімен, Мектептің ішкі актілерімен, тиісті ақпараттық жүйелердің шарттарымен және уәкілетті органдардың талаптарымен реттеледі.	14.22. Все вопросы обработки персональных данных, использования информационных систем, конфиденциальности и передачи сведений, не урегулированные настоящей офертой, регулируются законодательством Республики Казахстан, соглашениями Родителя, внутренними актами Школы, условиями соответствующих информационных систем и требованиями уполномоченных органов.
15-параграф. Фото-, бейне-, аудиоматериалдар, жарияланымдар және психологиялық сүйемелдеу	Параграф 15. Фото-, видео-, аудиоматериалы, публикации и психологическое сопровождение
15.1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, білім беру процесін ұйымдастыру, ішкі есепке алу, есептілік, тәрбие жұмысы, мектеп іс-шараларын тіркеу, Білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және өзге де адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Мектеп өз аумағында, Мектептің үй-жайларында, оқу процесі, іс-шаралар, сабақтар, үйірмелер, секциялар, конкурстар, мерекелер, экскурсиялар, Мектептен тыс шығулар және Мектеп ұйымдастырған өзге де белсенділік түрлері кезінде фото-, бейнетүсірілім жүргізуге және қажет болған жағдайда аудиожазба жасауға құқылы.	15.1. В целях обеспечения безопасности, организации образовательного процесса, внутреннего учета, отчетности, воспитательной работы, фиксации школьных мероприятий, защиты прав и законных интересов Учащихся, работников Школы и иных лиц Школа вправе осуществлять фото-, видео- и, при необходимости, аудиофиксацию на территории Школы, в помещениях Школы, во время учебного процесса, мероприятий, занятий, кружков, секций, конкурсов, праздников, экскурсий, выездов и иных активностей, организованных Школой.
15.2. Фото-, бейнетүсірілім және аудиожазба бейнебақылау камералары, қауіпсіздік жүйелері, Мектептің техникалық құралдары арқылы, сондай-ақ Мектеп қызметкерлері, тартылған мамандар, фотографтар, видеографтар, педагогтер, әкімшілік және өзге де уәкілетті адамдар арқылы жүргізілуі мүмкін.	15.2. Фото-, видео- и аудиофиксация может осуществляться посредством камер видеонаблюдения, систем безопасности, технических средств Школы, работников Школы, привлеченных специалистов, фотографов, видеографов, педагогов, администрации и иных уполномоченных лиц.
15.3. Қауіпсіздік, ішкі есепке алу, есептілік, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау, сондай-ақ білім беру процесі мен мектеп іс-шараларын тіркеу мақсатында жүргізілетін фото-, бейнетүсірілім және	15.3. Фото-, видео- и аудиофиксация в целях безопасности, внутреннего учета, отчетности, защиты прав и законных интересов, а также фиксации образовательного процесса и школьных мероприятий

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
аудиожазба Білім алушының бейнесін дербес жарнамалық жариялау болып табылмайды.	не является самостоятельной рекламной публикацией изображения Учащегося.
15.4. Мектеп Білім алушы қатысқан фото-, бейне- және аудиоматериалдарды мынадай мақсаттар үшін пайдалануға құқылы:	15.4. Школа вправе использовать фото-, видео- и аудиоматериалы с участием Учащегося для следующих целей:
15.4.1) қауіпсіздікті қамтамасыз ету;	15.4.1) обеспечение безопасности;
15.4.2) Мектеп аумағында қолжетімділікті және тәртіпті бақылау;	15.4.2) контроль доступа и порядка на территории Школы;
15.4.3) ішкі есепке алу және есептілік;	15.4.3) внутренний учет и отчетность;
15.4.4) сабаққа қатысу, іс-шараларға қатысу, мінез-құлық, жанжалды жағдайлар, мүлікті бүлдіру фактілерін немесе өзге де мән-жайларды растау;	15.4.4) подтверждение фактов посещения, участия в мероприятиях, поведения, конфликтных ситуаций, повреждения имущества или иных обстоятельств;
15.4.5) Ата-ананың, Білім алушының, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өтініштерін қарау;	15.4.5) рассмотрение обращений Родителя, Учащегося, работников Школы или иных лиц;
15.4.6) Мектептің, Білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;	15.4.6) защита прав и законных интересов Школы, Учащихся, работников Школы и третьих лиц;
15.4.7) Мектептің ішкі материалдарын дайындау;	15.4.7) подготовка внутренних материалов Школы;
15.4.8) мектеп іс-шараларының архивін қалыптастыру;	15.4.8) формирование архива школьных мероприятий;
15.4.9) Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органдардың және Мектептің ішкі актілерінің талаптарын орындау.	15.4.9) исполнение требований законодательства Республики Казахстан, уполномоченных органов и внутренних актов Школы.
15.5. Білім алушының бейнесі бар фото- және бейнематериалдарды Мектептің әлеуметтік желілерінде, Мектептің сайтында, жарнамалық, ақпараттық, презентациялық, маркетингтік, баспа және өзге де жария материалдарда жариялау, егер мұндай келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына және Мектептің ішкі актілеріне сәйкес талап етілсе, тек Ата-ананың бөлек келісімі не өзге де заңды негіз ескеріле отырып жүзеге асырылады.	15.5. Публикация фото- и видеоматериалов с изображением Учащегося в социальных сетях Школы, на сайте Школы, в рекламных, информационных, презентационных, маркетинговых, печатных и иных публичных материалах осуществляется только с учетом отдельного согласия Родителя либо иного законного основания, если такое согласие требуется в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Школы.
15.6. Ата-ана Мектеп белгілеген тәртіппен Білім алушының бейнесі бар фото- және бейнематериалдарды жария жариялауға келісім беруге, одан бас тартуға немесе кейіннен келісімді кері қайтарып алуға құқылы. Келісімді кері қайтарып алу, егер мұндай жарияланымдар бұрын берілген келісім негізінде орналастырылған болса, кері қайтарып алуды Мектеп алғанға дейін жүзеге асырылған жарияланымдардың заңдылығына әсер етпейді.	15.6. Родитель вправе выразить согласие, отказ или последующий отзыв согласия на публичную публикацию фото- и видеоматериалов с изображением Учащегося в порядке, установленном Школой. Отзыв согласия не влияет на правомерность публикаций, осуществленных до получения Школой отзыва, если такие публикации были размещены на основании ранее предоставленного согласия.
15.7. Ата-ананың Білім алушының бейнесі бар фото- және бейнематериалдарды жариялаудан бас тартуы Білім алушыға МЖМБС бойынша негізгі білім беруден бас тартуға негіз болып табылмайды.	15.7. Отказ Родителя от публикации фото- и видеоматериалов с изображением Учащегося не является основанием для отказа Учащемуся в получении основного образования по ГОСО.
15.8. Ата-ананың фото- және бейнематериалдарды жариялаудан бас тартуы, егер мұндай тіркеу Білім алушының бейнесін жария жарнамалық жариялау болып табылмаса, Мектептің қауіпсіздік, ішкі есепке алу, есептілік, білім беру процесі, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау мақсатында, сондай-ақ мектеп іс-шараларын тіркеу мақсатында фото-, бейнетүсірілім және аудиожазба жүргізуіне кедергі келтірмейді.	15.8. Отказ Родителя от публикации фото- и видеоматериалов не препятствует осуществлению Школой фото-, видео- и аудиофиксации в целях безопасности, внутреннего учета, отчетности, образовательного процесса, защиты прав и законных интересов, а также фиксации школьных мероприятий, если такая фиксация не является публичной рекламной публикацией изображения Учащегося.
15.9. Егер Білім алушы бұқаралық мектеп іс-шарасына, мерекеге, конкурсқа, концертке, жарысқа, топтық сабаққа, экскурсияға, Мектептен тыс іс-шараға немесе өзге де белсенділік түріне қатысса, Білім алушының жалпы кадрға кездейсоқ немесе фондық түрде түсіп қалуын толық болдырмаудың объективті түрде мүмкін болмауы ықтимал екенін Ата-ана түсінеді.	15.9. Если Учащийся участвует в массовом школьном мероприятии, празднике, конкурсе, концерте, соревновании, групповом занятии, экскурсии, выездном мероприятии или иной активности, Родитель понимает, что полное исключение случайного или фоновое попадания Учащегося в общий кадр может быть объективно невозможно.
15.10. Ата-ана Білім алушының бейнесін жария жариялаудан бас тартқан жағдайда Мектеп Білім алушының бейнесін Мектептің жария	15.10. При наличии отказа Родителя от публичной публикации изображения Учащегося Школа принимает разумные меры для

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
материалдарында жеке, ірі пландағы, жарнамалық немесе дербестендірілген түрде пайдалануды шектеу үшін ақылға қонымды шаралар қабылдайды.	ограничения индивидуального, крупного, рекламного или персонализированного использования изображения Учащегося в публичных материалах Школы.
15.11. Егер мұндай бейнені Мектеп Білім алушының дербес жарнамасы ретінде пайдаланбаса және ол Білім алушының құқықтарын, ар-намысын, қадір-қасиетін және заңды мүдделерін бұзбаса, Білім алушының бұқаралық іс-шараның жалпы кадрына кездейсоқ, фондық, дараланбаған түрде түсіп қалуы Ата-ананың бас тартуын бұзу болып есептелмейді.	15.11. Не считается нарушением отказа Родителя случайное, фоновое, неиндивидуализированное попадание Учащегося в общий кадр массового мероприятия, если такое изображение не используется Школой как персональная реклама Учащегося и не нарушает права, честь, достоинство и законные интересы Учащегося.
15.12. Мектеп Білім алушы қатысқан фото-, бейне- және аудиоматериалдарды ар-намысқа, қадір-қасиетке, іскерлік беделге нұқсан келтіретін, бала құқықтарын бұзатын не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін тәсілмен пайдаланбауға міндеттенеді.	15.12. Школа обязуется не использовать фото-, видео- и аудиоматериалы с участием Учащегося способом, порочащим честь, достоинство, деловую репутацию, нарушающим права ребенка либо противоречащим законодательству Республики Казахстан.
15.13. Ата-ана мен Білім алушы Мектептің және тиісті адамдардың келісімінсіз басқа білім алушылар, ата-аналар, педагогтер, Мектеп қызметкерлері қатысқан фото-, бейне- және аудиоматериалдарды, сондай-ақ дербес деректерді, оқу процесі, жанжалдар, бағалар, денсаулық, мінез-құлық, тәртіптік жағдайлар туралы мәліметтерді немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын материалдарды жасауға, таратуға, жариялауға немесе беруге құқылы емес.	15.13. Родитель и Учащийся не вправе без согласия Школы и соответствующих лиц осуществлять, распространять, публиковать или передавать фото-, видео- и аудиоматериалы с участием других учащихся, родителей, педагогов, работников Школы, а также материалы, содержащие персональные данные, сведения об учебном процессе, конфликтах, оценках, здоровье, поведении, дисциплинарных ситуациях или иных обстоятельствах, охраняемых законодательством Республики Казахстан.
15.14. Егер мұндай жазба Қазақстан Республикасының заңнамасын, Мектептің ішкі актілерін, басқа адамдардың құқықтарын, қалыпты білім беру процесін немесе Мектепте болу тәртібін бұзатын болса, Ата-ана мен Білім алушы педагогтерді, Мектеп қызметкерлерін, басқа білім алушыларды, ата-аналарды және өзге де адамдарды жасырын аудио-, фото- немесе бейнежазбаға түсіруге құқылы емес.	15.14. Родитель и Учащийся не вправе осуществлять скрытую аудио-, фото- или видеозапись педагогов, работников Школы, других учащихся, родителей и иных лиц, если такая запись нарушает законодательство Республики Казахстан, внутренние акты Школы, права других лиц, нормальный образовательный процесс или порядок пребывания в Школе.
15.15. Ата-ана, Білім алушы немесе олардың мүддесінде әрекет ететін адамдар фото-, бейне-, аудиоматериалдарды, хат алмасуды, құжаттарды, дербес деректерді немесе өзге де мәліметтерді заңсыз таратқан жағдайда Мектеп бұзушылықты тоқтатуды, материалдарды жоюды, теріске шығаруды, залалды өтеуді талап етуге және уәкілетті органдарға, сотқа, құқық қорғау органдарына және өзге де құзыретті ұйымдарға жүгінуге құқылы.	15.15. В случае незаконного распространения Родителем, Учащимся или лицами, действующими в их интересах, фото-, видео-, аудиоматериалов, переписки, документов, персональных данных или иных сведений Школа вправе требовать прекращения нарушения, удаления материалов, опровержения, возмещения ущерба и обращаться в уполномоченные органы, суд, правоохранительные органы и иные компетентные организации.
15.16. Мектеп жанжалды жағдайларды, тәртіптік бұзушылықтарды, Ата-ананың өтініштерін қарау, сондай-ақ Мектептің Білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және өзге де адамдардың құқықтарын қорғау үшін бейнебақылау камераларының жазбаларын, фото-, бейне-, аудиоматериалдарды, скриншоттарды, хат алмасуды, LMS мен электрондық журнал материалдарын және өзге де мәліметтерді пайдалануға құқылы.	15.16. Школа вправе использовать записи с камер видеонаблюдения, фото-, видео-, аудиоматериалы, скриншоты, переписку, материалы LMS, электронного журнала и иные сведения для рассмотрения конфликтных ситуаций, дисциплинарных нарушений, обращений Родителя, защиты прав Школы, Учащихся, работников Школы и иных лиц.
15.17. Бейнебақылау камераларының жазбалары, Мектептің ішкі фото-, бейне- және аудиоматериалдары Мектептің ішкі материалдары болып табылады және Ата-анаға, үшінші тұлғаларға немесе ұйымдарға тек Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің ішкі актілерінде немесе Мектептің шешімінде көзделген жағдайларда, тәртіппен және көлемде беріледі.	15.17. Записи с камер видеонаблюдения, внутренние фото-, видео- и аудиоматериалы Школы являются внутренними материалами Школы и предоставляются Родителю, третьим лицам или организациям только в случаях, порядке и объеме, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы или решением Школы.
Ата-ана жанжалды жағдайға, жарақатқа, тәртіптік оқиғаға, өтінішке немесе өзге де мән-жайға байланысты бейнебақылау камераларының жазбасын, фото-, бейне-, аудиоматериалдарды немесе өзге де материалдарды беру туралы өтінішпен жүгінген жағдайда Мектеп мұндай өтінішті Қазақстан Республикасының дербес деректер, бала құқықтары, жеке өмірді қорғау және үшінші тұлғалардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын ескере отырып қарайды.	В случае обращения Родителя о предоставлении записи с камер видеонаблюдения, фото-, видео-, аудиоматериалов или иных материалов, связанных с конфликтной ситуацией, травмой, дисциплинарным случаем, обращением или иным обстоятельством, Школа рассматривает такое обращение с учетом законодательства Республики Казахстан о персональных данных, правах ребенка, охране частной жизни и защите прав третьих лиц.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
15.18. Егер мұндай материалда басқа білім алушылардың, ата-аналардың, Мектеп қызметкерлерінің дербес деректері, қолжетімділігі шектеулі мәліметтер, қызметтік ақпарат, ішкі тексеру материалдары, қауіпсіздік туралы мәліметтер қамтылса не мұндай материалды беру басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуы мүмкін болса, Мектеп Ата-анаға жазбаны, фото-, бейне- немесе аудиоматериалды беруден бас тартуға құқылы.	15.18. Школа вправе отказать Родителю в предоставлении записи, фото-, видео- или аудиоматериала, если такой материал содержит персональные данные других учащихся, родителей, работников Школы, сведения ограниченного доступа, служебную информацию, материалы внутренней проверки, сведения о безопасности либо если предоставление такого материала может нарушить права и законные интересы других лиц.
15.19. Мектеп білім беру процесі шегінде Білім алушыны психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастырады, ол бейімделуге, әлеуметтенуге, жанжалдардың алдын алуға, эмоциялық тұрақтылықты дамытуға, білім беру процесін қолдауға және қауіпсіз білім беру ортасын құруға бағытталған.	15.19. Школа организует психологическое сопровождение Учащегося в пределах образовательного процесса, направленное на адаптацию, социализацию, профилактику конфликтов, развитие эмоциональной устойчивости, поддержку образовательного процесса и создание безопасной образовательной среды.
15.20. Психологиялық сүйемелдеу мыналарды қамтуы мүмкін:	15.20. Психологическое сопровождение может включать:
15.21. Әдеттегі педагогикалық бақылау мен профилактикалық жұмыс шеңберінен шығатын психологиялық диагностика, скринингтер, сауалнама жүргізу және психологиялық сүйемелдеудің өзге де нысандары Ата-ананың бөлек келісімі ескеріле отырып не мұндай сүйемелдеу Білім алушының немесе өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болған жағдайларда жүргізіледі.	15.21. Психологическая диагностика, скрининги, анкетирование и иные формы психологического сопровождения, выходящие за рамки обычного педагогического наблюдения и профилактической работы, проводятся с учетом отдельного согласия Родителя либо в случаях, когда такое сопровождение необходимо для защиты жизни, здоровья, безопасности, прав и законных интересов Учащегося или иных лиц.
15.21.1) Білім алушының бейімделуін және мінез-құлқын бақылау;	15.21.1) наблюдение за адаптацией и поведением Учащегося;
15.21.2) психологиялық диагностика, скринингтер, сауалнама жүргізу, әңгімелесулер және жұмыстың өзге де инвазивті емес нысандары;	15.21.2) психологическую диагностику, скрининги, анкетирование, беседы и иные неинвазивные формы работы;
15.21.3) жеке және топтық консультациялар;	15.21.3) индивидуальные и групповые консультации;
15.21.4) профилактикалық әңгімелесулер;	15.21.4) профилактические беседы;
15.21.5) коммуникацияны, эмоциялық интеллектті дамытуға, буллингтің, жанжалдардың, девиантты мінез-құлықтың және әлеуметтік дезадаптацияның алдын алуға бағытталған тренингтер, сабақтар, жаттығулар және іс-шаралар;	15.21.5) тренинги, занятия, упражнения и мероприятия, направленные на развитие коммуникации, эмоционального интеллекта, профилактику буллинга, конфликтов, девиантного поведения и социальной дезадаптации;
15.21.6) Білім алушының бейімделуі, мінез-құлқы, оқуы, қарым-қатынасы және қауіпсіздігі мәселелері бойынша педагогтерге, әкімшілікке және Ата-анаға берілетін ұсынымдар;	15.21.6) рекомендации педагогам, администрации и Родителю по вопросам адаптации, поведения, обучения, общения и безопасности Учащегося;
15.21.7) мектеп психологының құзыреті және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары шегінде ішкі материалдарды, бақылауларды, қорытындыларды, ұсынымдарды және өзге де құжаттарды ресімдеу.	15.21.7) оформление внутренних материалов, наблюдений, заключений, рекомендаций и иных документов в пределах компетенции школьного психолога и требований законодательства Республики Казахстан.
15.22. Мектептегі психологиялық сүйемелдеу медициналық, психиатриялық, психотерапиялық, клиникалық немесе өзге де мамандандырылған медициналық көмек болып табылмайды, медициналық ұйымдардағы диагностика мен емдеуді алмастырмайды және медициналық диагноз қою болып табылмайды.	15.22. Психологическое сопровождение в Школе не является медицинской, психиатрической, психотерапевтической, клинической или иной специализированной медицинской помощью, не заменяет диагностику и лечение в медицинских организациях и не является постановкой медицинского диагноза.
15.23. Мамандандырылған медициналық, психологиялық, психиатриялық, әлеуметтік немесе өзге де көмекті талап ететін мән-жайлар анықталған кезде Мектеп Ата-анаға тиісті мамандарға, медициналық ұйымдарға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына немесе өзге де құзыретті ұйымдарға жүгінуді ұсынуға құқылы.	15.23. При выявлении обстоятельств, требующих специализированной медицинской, психологической, психиатрической, социальной или иной помощи, Школа вправе рекомендовать Родителю обратиться к соответствующим специалистам, медицинским организациям, органам опеки и попечительства или иным компетентным организациям.
15.24. Егер мұндай әрекеттер Білім алушының және басқа адамдардың құқықтарын, қауіпсіздігін және заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса, Ата-ана Білім алушыны психологиялық сүйемелдеу мәселелері бойынша Мектеппен адал өзара іс-қимыл жасауға, қажетті	15.24. Родитель обязан добросовестно взаимодействовать со Школой по вопросам психологического сопровождения Учащегося, предоставлять необходимые сведения, участвовать во встречах, консультациях и профилактических мероприятиях, если такие действия

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
мәліметтерді ұсынуға, кездесулерге, консультацияларға және профилактикалық іс-шараларға қатысуға міндетті.	необходимы для защиты прав, безопасности и законных интересов Учащегося и других лиц.
15.25. Егер Ата-ана Білім алушыны психологиялық сүйемелдеуден бас тартса, мұндай бас тарту Мектеп белгілеген тәртіппен ресімделеді. Бұл ретте Ата-ананың бас тартуы Білім алушының, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтары мен заңды мүдделеріне қатер төнген жағдайларда Мектептің ден қою шараларын қолдануына кедергі келтірмейді.	15.25. Если Родитель отказывается от психологического сопровождения Учащегося, такой отказ оформляется в порядке, установленном Школой. При этом отказ Родителя не препятствует Школе принимать меры реагирования в случаях угрозы жизни, здоровью, безопасности, правам и законным интересам Учащегося, других учащихся, работников Школы или иных лиц.
15.26. Білім алушының өміріне немесе денсаулығына қатер төну, буллинг, зорлық-зомбылық, қатыгездік көрсету, қадағалаусыз қалу, отбасылық қолайсыздық, девиантты мінез-құлық, өзіне немесе басқа адамдарға зиян келтіру қауіпі белгілері болған кезде Мектеп өз құзыреті шегінде қажетті шаралар қабылдауға, оның ішінде Ата-анаға хабарлауға, ішкі қарау жүргізуге, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, ішкі істер органдарына, медициналық ұйымдарға және өзге де құзыретті органдарға жүгінуге құқылы.	15.26. При наличии признаков угрозы жизни или здоровью Учащегося, буллинга, насилия, жестокого обращения, безнадзорности, семейного неблагополучия, девиантного поведения, риска причинения вреда себе или другим лицам Школа вправе принять необходимые меры в пределах своей компетенции, включая уведомление Родителя, проведение внутреннего рассмотрения, обращение в органы опеки и попечительства, комиссию по делам несовершеннолетних, органы внутренних дел, медицинские организации и иные компетентные органы.
15.27. Психологиялық сүйемелдеу шеңберінде алынған мәліметтер құпия ақпаратқа жатады және оларды Мектеп тек Білім алушыны сүйемелдеу, білім беру процесін ұйымдастыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Білім алушының, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында ғана пайдаланады.	15.27. Сведения, полученные в рамках психологического сопровождения, относятся к конфиденциальной информации и используются Школой только в целях сопровождения Учащегося, организации образовательного процесса, обеспечения безопасности, защиты прав и законных интересов Учащегося, других учащихся, работников Школы и исполнения требований законодательства Республики Казахстан.
15.28. Мектеп психологиялық сүйемелдеу шеңберінде алынған мәліметтерді Ата-анаға, Мектеп әкімшілігіне, педагогтерге, медицина қызметкеріне, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, ішкі істер органдарына, медициналық ұйымдарға және өзге де құзыретті адамдарға тек Білім алушының және өзге де адамдардың құқықтарын, өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін және заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті көлемде ғана беруге құқылы.	15.28. Школа вправе передавать сведения, полученные в рамках психологического сопровождения, Родителю, администрации Школы, педагогам, медицинскому работнику, органам опеки и попечительства, комиссии по делам несовершеннолетних, органам внутренних дел, медицинским организациям и иным компетентным лицам только в объеме, необходимом для защиты прав, жизни, здоровья, безопасности и законных интересов Учащегося и иных лиц.
15.29. Ата-ана мынаны түсінетінін растайды: Мектептегі психологиялық сүйемелдеу Білім алушыны және білім беру процесін қолдауға бағытталған, ал зиян келтіруге, құқықтарды шектеуге немесе бала құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті шектен тыс отбасылық өмірге араласуға бағытталмаған.	15.29. Родитель подтверждает, что понимает: психологическое сопровождение в Школе направлено на поддержку Учащегося и образовательного процесса, а не на причинение вреда, ограничение прав или вмешательство в семейную жизнь сверх пределов, необходимых для защиты прав и законных интересов ребенка.
15.30. Осы офертада реттелмеген фото-, бейнетүсірілім мен аудиозажабаға, материалдарды жариялауға, жазбаларды пайдалануға, психологиялық сүйемелдеуге және құпиялылыққа қатысты барлық мәселелер Ата-ананың бөлек келісімдерімен, Мектептің ішкі актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.	15.30. Все вопросы фото-, видео-, аудиофиксации, публикации материалов, использования записей, психологического сопровождения и конфиденциальности, не урегулированные настоящей офертой, регулируются отдельными соглашениями Родителя, внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.
16-параграф. Тәртіптік шаралар, оқудан шығару және жекелеген қызметтерге рұқсатты тоқтату	Параграф 16. Дисциплинарные меры, отчисление и прекращение допуска к отдельным услугам
16.1. Білім алушы осы офертаны, ішкі тәртіптеме қағидаларын, Мектепке келу қағидаларын, білім алушылардың мінез-құлық қағидаларын, қауіпсіздік қағидаларын, педагогтердің талаптарын, Мектептің ішкі актілерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, Мектеп Білім алушыға педагогикалық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық және тәртіптік сипаттағы шараларды қолдануға құқылы.	16.1. Школа вправе применять к Учащемуся меры педагогического, воспитательного, организационного и дисциплинарного характера в случае нарушения Учащимся настоящей оферты, правил внутреннего распорядка, правил посещения Школы, правил поведения учащихся, правил безопасности, требований педагогов, внутренних актов Школы и законодательства Республики Казахстан.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
16.2. Ден қою шараларын қолданудың мақсаты – жазалаудың өзін мақсат ету емес, тәртіпті қалпына келтіру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Білім алушының, басқа білім алушылардың, педагогтердің, Мектеп қызметкерлерінің, ата-аналардың және өзге де адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қалыпты білім беру процесін қамтамасыз ету.	16.2. Целью применения мер реагирования является не наказание как самоцель, а восстановление порядка, обеспечение безопасности, защита прав и законных интересов Учащегося, других учащихся, педагогов, работников Школы, родителей и иных лиц, а также обеспечение нормального образовательного процесса.
16.3. Білім алушыға мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:	16.3. К Учащемуся могут применяться следующие меры:
16.3.1) ауызша ескерту;	16.3.1) устное замечание;
16.3.2) Білім алушымен жеке әңгімелесу;	16.3.2) индивидуальная беседа с Учащимся;
16.3.3) Ата-ананы хабардар ету;	16.3.3) уведомление Родителя;
16.3.4) Ата-ананы Мектепке шақыру;	16.3.4) вызов Родителя в Школу;
16.3.5) жазбаша ескерту;	16.3.5) письменное предупреждение;
16.3.6) бұзушылық туралы актіні ресімдеу;	16.3.6) оформление акта нарушения;
16.3.7) Білім алушыдан, Ата-анадан, педагогтерден, Мектеп қызметкерлерінен және өзге де адамдардан түсініктемелер алу;	16.3.7) получение объяснений от Учащегося, Родителя, педагогов, работников Школы и иных лиц;
16.3.8) сынып жетекшісінің, педагогтің, психологтің, әкімшіліктің немесе Мектептің өзге де қызметкерлерінің қатысуымен профилактикалық әңгімелесу жүргізу;	16.3.8) проведение профилактической беседы с участием классного руководителя, педагога, психолога, администрации или иных работников Школы;
16.3.9) мәселені комиссияда, педагогикалық кеңесте немесе Мектептің өзге де алқалы органында қарау;	16.3.9) рассмотрение вопроса на комиссии, педагогическом совете или ином коллегиальном органе Школы;
16.3.10) қосымша қызметтен, үйірмеден, секциядан, спорттық, шығармашылық немесе өзге де белсенділіктен уақытша шеттету;	16.3.10) временное отстранение от дополнительной услуги, кружка, секции, спортивной, творческой или иной активности;
16.3.11) Ата-анамен өзара іс-қимылды жазбаша немесе ресми электрондық форматқа ауыстыру;	16.3.11) перевод взаимодействия с Родителем в письменный или официальный электронный формат;
16.3.12) келтірілген залалды Ата-ана арқылы өтеу туралы талап қою;	16.3.12) требование о возмещении причиненного ущерба через Родителя;
16.3.13) қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, ішкі істер органдарына, білім беру органдарына, медициналық ұйымдарға және өзге де құзыретті органдарға жүгіну;	16.3.13) обращение в органы опеки и попечительства, комиссию по делам несовершеннолетних, органы внутренних дел, органы образования, медицинские организации и иные компетентные органы;
16.3.14) осы офертада, Мектептің ішкі актілерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Білім алушыны Мектептен оқудан шығару мәселесін қарау.	16.3.14) рассмотрение вопроса об отчислении Учащегося из Школы в случаях и порядке, предусмотренных настоящей офертой, внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.
16.4. Ден қою шаралары бұзушылықтың сипатын, Білім алушының жасын, бұзушылықтың мән-жайларын, кінә дәрежесін, қайталануын, салдарын, Білім алушының бұзушылықтан кейінгі мінез-құлқын, Ата-ананың ұстанымын, өмірге, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке қатердің болуын, сондай-ақ басқа білім алушылар мен Мектеп қызметкерлерінің құқықтарын қорғау қажеттігін ескере отырып қолданылады.	16.4. Меры реагирования применяются с учетом характера нарушения, возраста Учащегося, обстоятельств нарушения, степени вины, повторности, последствий, поведения Учащегося после нарушения, позиции Родителя, наличия угрозы жизни, здоровью или безопасности, а также необходимости защиты прав других учащихся и работников Школы.
16.5. Мектеп Білім алушының немесе Ата-ананың бұзушылығын актімен, қызметтік жазбамен, түсініктемемен, баянатпен, фото-, бейне-, аудиоматериалдармен, бейнебақылау камераларының деректерімен, хат алмасумен, LMS-тің, электрондық журналдың, сабаққа қатысу журналдарының деректерімен, куәгерлердің түсіндірмелерімен және өзге де жол берілетін тәсілдермен тіркеуге құқылы.	16.5. Школа вправе фиксировать нарушение Учащегося или Родителя актом, служебной запиской, объяснением, докладной, фото-, видео-, аудиоматериалами, данными камер видеонаблюдения, перепиской, данными LMS, электронного журнала, журналов посещаемости, свидетельскими пояснениями и иными допустимыми способами.
16.6. Білім алушының немесе Ата-ананың түсініктеме беруден, актіге қол қойудан, құжатпен танысудан немесе жағдайды қарауға қатысудан бас тартуы Мектептің тиісті актіні ресімдеуіне және өз құзыреті шегінде шаралар қолдануына кедергі болмайды.	16.6. Отказ Учащегося или Родителя от предоставления объяснений, подписания акта, ознакомления с документом или участия в рассмотрении ситуации не препятствует Школе оформить соответствующий акт и принять меры в пределах своей компетенции.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
16.7. Ата-ана мінез-құлық, тәртіп, сабаққа қатысу, қауіпсіздік, денсаулық, жанжалды жағдайлар, келтірілген залал мәселелерін немесе Ата-ананың қатысуын талап ететін өзге де мән-жайларды талқылау үшін әкімшіліктің, сынып жетекшісінің, педагогтің, психологтің, медицина қызметкерінің немесе өзге де уәкілетті адамның шақыруы бойынша Мектепке келуге міндетті.	16.7. Родитель обязан явиться в Школу по вызову администрации, классного руководителя, педагога, психолога, медицинского работника или иного уполномоченного лица для обсуждения вопросов поведения, дисциплины, посещаемости, безопасности, здоровья, конфликтных ситуаций, причиненного ущерба или иных обстоятельств, требующих участия Родителя.
16.8. Ата-ананың Мектептің шақыруы бойынша келмеуі, өзара іс-қимылдан жалтаруы, түсініктемелер немесе құжаттар беруден бас тартуы Мектептің мәселені қолда бар материалдар негізінде қарауына кедергі болмайды.	16.8. Неявка Родителя по вызову Школы, уклонение от взаимодействия, отказ от предоставления объяснений или документов не препятствуют Школе рассмотреть вопрос на основании имеющихся материалов.
16.9. Білім алушы тарапынан жасалған өрескел бұзушылық деп, оның ішінде, мыналар танылуы мүмкін:	16.9. Грубым нарушением со стороны Учащегося могут признаваться, в том числе:
16.9.1) Білім алушының, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттер;	16.9.1) действия, создающие угрозу жизни, здоровью или безопасности Учащегося, других учащихся, работников Школы или иных лиц;
16.9.2) физикалық зорлық-зомбылық, төбелес, дене жарақатын салу, қорқыту, қудалау, буллинг, қорлау, жәбірлеу, бопсалау, үрейлендіру немесе өзге де агрессиялық мінез-құлық;	16.9.2) физическое насилие, драка, нанесение телесных повреждений, угрозы, преследование, буллинг, унижение, травля, шантаж, запугивание или иное агрессивное поведение;
16.9.3) оқу тәртібін жүйелі түрде бұзу, сабақтарды, іс-шараларды, оқу сабақтарын, үйірмелерді, секцияларды немесе өзге де белсенділіктерді үзу;	16.9.3) систематическое нарушение учебной дисциплины, срыв уроков, мероприятий, занятий, кружков, секций или иных активностей;
16.9.4) педагогтерге, Мектеп қызметкерлеріне, басқа білім алушыларға, ата-аналарға немесе өзге де адамдарға қатысты өрескел құрметтемеушілік, қорлау, қорқыту, қысым көрсету немесе арандатушылық мінез-құлық;	16.9.4) грубое неуважение, оскорбление, угрозы, давление или провокационное поведение в отношении педагогов, работников Школы, других учащихся, родителей или иных лиц;
16.9.5) Мектептің, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың мүлкін бүлдіру, жою, зақымдау, ластау, жоғалту немесе заңсыз пайдалану;	16.9.5) порча, уничтожение, повреждение, загрязнение, утеря или незаконное использование имущества Школы, других учащихся, работников Школы или третьих лиц;
16.9.6) Мектеп аумағынан өз бетімен кету, сабақтарды, іс-шараларды, сапарларды, экскурсияларды немесе Мектептің жауапкершілігіндегі өзге де болу орнын өз бетімен тастап кету;	16.9.6) самовольный уход с территории Школы, самовольное покидание занятий, мероприятий, поездок, экскурсий или иного места нахождения под ответственностью Школы;
16.9.7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Мектептің ішкі актілерімен тыйым салынған не білім беру ортасына қатер төндіретін заттарды, заттектерді, материалдарды, құрылғыларды немесе ақпаратты алып келу, сақтау, беру, пайдалану немесе тарату;	16.9.7) принесение, хранение, передача, использование или распространение предметов, веществ, материалов, устройств или информации, запрещенных законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы либо создающих угрозу образовательной среде;
16.9.8) заңсыз фото-, бейне- немесе аудиотіркеу, дербес деректерді, құпия мәліметтерді, білім алушылардың, педагогтердің, Мектеп қызметкерлерінің, ата-аналардың немесе өзге де адамдардың қатысуымен түсірілген материалдарды тарату;	16.9.8) незаконная фото-, видео- или аудиофиксация, распространение персональных данных, конфиденциальных сведений, материалов с участием учащихся, педагогов, работников Школы, родителей или иных лиц;
16.9.9) анық емес, ар-намысқа тиетін, қорлайтын, беделін түсіретін немесе басқа адамдардың құқықтарын бұзатын мәліметтерді тарату;	16.9.9) распространение недостоверных, порочащих, оскорбительных, дискредитирующих или нарушающих права других лиц сведений;
16.9.10) академиялық адалдық қағидаларын бұзу, көшіру, құжаттарды, бағаларды, қолтаңбаларды, анықтамаларды, электрондық деректерді немесе өзге де мәліметтерді қолдан жасау;	16.9.10) нарушение правил академической честности, списывание, подделка документов, оценок, подписей, справок, электронных данных или иных сведений;
16.9.11) LMS-ті, электрондық журналды, білім беру платформаларын, мектеп құрылғыларын, интернетті, аккаунттарды, логиндерді, парольдерді және өзге де цифрлық ресурстарды пайдалану қағидаларын бұзу;	16.9.11) нарушение правил пользования LMS, электронным журналом, образовательными платформами, школьными устройствами, интернетом, аккаунтами, логинами, паролями и иными цифровыми ресурсами;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
16.9.12) әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық не осындай құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасау;	16.9.12) совершение административного или уголовного правонарушения либо действий, содержащих признаки такого правонарушения;
16.9.13) өзінің сипаты, салдары немесе қайталануы бойынша басқа адамдардың құқықтарын, қауіпсіздікті, тәртіпті, білім беру процесін немесе Мектептің қалыпты қызметін бұзатын өзге де әрекеттер.	16.9.13) иные действия, которые по своему характеру, последствиям или повторности нарушают права других лиц, безопасность, дисциплину, образовательный процесс или нормальную деятельность Школы.
16.10. Ауызша ескертуден, Ата-ананы хабардар етуден, жазбаша ескертуден, профилактикалық әңгімелесуден немесе өзге де ден қою шарасынан кейін Білім алушының осы офертаны, Мектептің ішкі актілерін, мінез-құлық, тәртіп, сабаққа қатысу немесе қауіпсіздік қағидаларын қайталап бұзуы бірнеше мәрте жасалған бұзушылық деп танылады.	16.10. Неоднократным нарушением признается повторное нарушение Учащимся настоящей оферты, внутренних актов Школы, правил поведения, дисциплины, посещаемости или безопасности после устного замечания, уведомления Родителя, письменного предупреждения, профилактической беседы или иной меры реагирования.
16.11. Жекелеген бұзушылықтар, егер олар басқа адамдардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтары мен заңды мүдделеріне қатер төндірсе не елеулі теріс салдарларға әкеп соқтырса, алғаш рет немесе қайталап жасалғанына қарамастан, өрескел деп танылуы мүмкін.	16.11. Отдельные нарушения могут быть признаны грубыми независимо от того, совершены они впервые или повторно, если они создали угрозу жизни, здоровью, безопасности, правам и законным интересам других лиц либо повлекли существенные негативные последствия.
16.12. Егер Білім алушының мінез-құлқы қауіпсіздікке қатер төндірсе, тиісті қызметтің қағидаларын бұзса, басқа білім алушыларға кедергі келтірсе немесе қызмет көрсетуге бөгет болса, Мектеп Білім алушыны қосымша қызметке, үйірмеге, секцияға, спорт сабағына, шығармашылық сабаққа, іс-шараға, сапарға, конкурсқа, олимпиадаға, ұзартылған күнге, тұруға немесе өзге де ілеспе қызметке қатысудан уақытша шеттетуге құқылы.	16.12. Школа вправе временно отстранить Учащегося от участия в дополнительной услуге, кружке, секции, спортивном занятии, творческом занятии, мероприятии, поездке, конкурсе, олимпиаде, продленном дне, проживании или иной сопутствующей услуге, если поведение Учащегося создает угрозу безопасности, нарушает правила соответствующей услуги, мешает другим учащимся или препятствует оказанию услуги.
16.13. Медициналық рұқсат, форма, аяқ киім, керек-жарақ, Ата-ананың келісімі, төлем, расталған қаржыландыру болмаған кезде не өмірге, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке қауіп төндіретін мән-жайлар болған кезде Мектеп Білім алушыны сабаққа, үйірмеге, секцияға, спорттық белсенділікке, сапарға, іс-шараға немесе өзге де қызметке жібермеуге құқылы.	16.13. Школа вправе не допустить Учащегося к занятию, кружку, секции, спортивной активности, поездке, мероприятию или иной услуге при отсутствии медицинского допуска, формы, обуви, инвентаря, согласия Родителя, оплаты, подтвержденного финансирования либо при наличии обстоятельств, создающих риск для жизни, здоровья или безопасности.
16.14. Ата-ананың немесе Білім алушының белгіленген талаптарды орындамауына байланысты себептер бойынша Білім алушыны жекелеген қызметке жібермеу Мектеп тарапынан жасалған бұзушылық болып табылмайды.	16.14. Недопуск Учащегося к отдельной услуге по причинам, связанным с невыполнением Родителем или Учащимся установленных требований, не является нарушением со стороны Школы.
16.15. Білім алушы Мектептен тек Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында, бала құқықтары туралы заңнамада, осы офертада және Мектептің ішкі актілерінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, міндетті мектеп жасындағы Білім алушының білім алуды жалғастыруын қамтамасыз ету қажеттігі ескеріле отырып, оқудан шығарылуы мүмкін. Оқудан шығару мәселесін қарау үшін мыналар негіз бола алады:	16.15. Учащийся может быть отчислен из Школы только по основаниям и в порядке, предусмотренным законодательством Республики Казахстан об образовании, законодательством о правах ребенка, настоящей офертой и внутренними актами Школы, с учетом необходимости обеспечения продолжения получения образования Учащимся обязательного школьного возраста. Основаниями для рассмотрения вопроса об отчислении могут быть:
16.15.1) шығу себебі көрсетілген Ата-ананың жазбаша өтініші негізінде;	16.15.1) на основании письменного заявления Родителя с указанием причины выбытия;
16.15.2) Білім алушының басқа білім беру ұйымына ауыстырылуына байланысты;	16.15.2) в связи с переводом Учащегося в другую организацию образования;
16.15.3) медициналық, ұйымдастырушылық, құқықтық немесе өзге де объективті себептер бойынша оқуды жалғастырудың мүмкін болмауына байланысты;	16.15.3) в связи с невозможностью продолжения обучения по медицинским, организационным, правовым или иным объективным причинам;
16.15.4) Білім алушы әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық не осындай құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасаған кезде, егер Мектепте одан әрі оқу басқа адамдардың қауіпсіздігіне, құқықтары мен	16.15.4) при совершении Учащимся административного или уголовного правонарушения либо действий, содержащих признаки такого правонарушения, если дальнейшее обучение в Школе создает риски

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
заңды мүдделеріне немесе қалыпты білім беру процесіне қауіп төндірсе;	для безопасности, прав и законных интересов других лиц или нормального образовательного процесса;
16.15.5) Білім алушы ішкі тәртіптеме қағидаларын, мінез-құлық қағидаларын, қауіпсіздік қағидаларын, осы офертаны немесе Мектептің ішкі актілерін өрескел бұзған кезде;	16.15.5) при грубом нарушении Учащимся правил внутреннего распорядка, правил поведения, правил безопасности, настоящей оферты или внутренних актов Школы;
16.15.6) Білім алушы ішкі тәртіптеме қағидаларын, мінез-құлық қағидаларын, қауіпсіздік қағидаларын, осы офертаны немесе Мектептің ішкі актілерін бірнеше мәрте бұзған кезде;	16.15.6) при неоднократном нарушении Учащимся правил внутреннего распорядка, правил поведения, правил безопасности, настоящей оферты или внутренних актов Школы;
16.15.7) дәлелді себепсіз оқу сабақтарын жүйелі түрде жіберу кезінде;	16.15.7) при систематических пропусках учебных занятий без уважительных причин;
16.15.8) оқу сабақтарын дәлелді себепсіз қатарынан 10 оқу күнінен астам не Мектептің ішкі актілеріне сәйкес сабаққа қатысуды елеулі түрде бұзу деп танылатын өзге де көлемде жіберу кезінде;	16.15.8) при пропуске учебных занятий без уважительной причины более 10 учебных дней подряд либо в ином объеме, признаваемом существенным нарушением посещаемости согласно внутренним актам Школы;
16.15.9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің ішкі актілерінде және Мектептің уәкілетті органдарының шешімдерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен академиялық үлгермеушілік кезінде;	16.15.9) при академической неуспеваемости в случаях и порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы и решениями уполномоченных органов Школы;
16.15.10) Ата-ана сабаққа қатысуды қамтамасыз ету, құжаттарды ұсыну, Мектеппен өзара іс-қимыл жасау, расталған қаржыландыру болмаған және ақылы оқытуға жеке келісім болған кезде ақылы негізгі оқытуға ақы төлеу жөніндегі міндеттерін жүйелі түрде орындамаған кезде, егер мұндай орындамау білім беру қатынастарын жалғастыруға кедергі келтірсе және Білім алушының білім алу құқығын бұзбаса;	16.15.10) при систематическом невыполнении Родителем обязанностей по обеспечению посещаемости, предоставлению документов, взаимодействию со Школой, оплате платного основного обучения при отсутствии подтвержденного финансирования и наличии отдельного согласия на платное обучение, если такое невыполнение препятствует продолжению образовательных отношений и не нарушает право Учащегося на образование;
16.15.11) білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе өзге де қаржыландыру тетігі тоқтатылған, күші жойылған, тоқтатыла тұрған, расталмаған немесе оны пайдалану мүмкін болмаған кезде, егер Ата-ана оқытуды ақылы негізде жалғастырудан бас тартса не тиісті қосымшаға қол қоймаса;	16.15.11) при прекращении, аннулировании, приостановлении, неподтверждении или невозможности использования образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования, если Родитель отказался от продолжения обучения на платной основе либо не подписал соответствующее приложение;
16.15.12) расталған білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе өзге де қаржыландыру тетігі болмаған жағдайда ақылы негізгі оқыту бойынша берешек болған кезде;	16.15.12) при наличии задолженности по платному основному обучению в случае отсутствия подтвержденного образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования;
16.15.13) Білім алушының мінез-құлқы басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қатер төндірген кезде, оның ішінде психологиялық-педагогикалық қызмет, медицина қызметкері немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдары агрессия, жүйелі буллинг, зорлық-зомбылық немесе өзге де расталған деструктивті мінез-құлық жағдайларын тіркеген кезде;	16.15.13) при поведении Учащегося, создающем угрозу жизни, здоровью или безопасности других учащихся, работников Школы или иных лиц, в том числе при зафиксированных психолого-педагогической службой, медицинским работником или органами опеки и попечительства случаях агрессии, систематического буллинга, насилия или иного подтвержденного деструктивного поведения;
16.15.14) Ата-ананың Мектептің білім беру, әкімшілік, әдістемелік, кадрлық немесе басқару процесіне жүйелі түрде араласуы, Мектеп қызметкерлеріне қысым көрсетуі, жанжалды немесе тұрақсыздандыратын орта қалыптастыруы өздігінен Білім алушыны оқудан шығару үшін автоматты негіз болып табылмайды. Мұндай жағдайларда Мектеп Ата-анаға жауапкершілік туралы параграфта көзделген шараларды, оның ішінде жеке қолжетімділікті шектеуді, өзара іс-қимылды жазбаша форматқа ауыстыруды, уәкілетті органдарға немесе сотқа жүгінуді қолданады;	16.15.14) систематическое вмешательство Родителя в образовательный, административный, методический, кадровый или управленческий процесс Школы, оказание давления на работников Школы, создание конфликтной или дестабилизирующей среды само по себе не является автоматическим основанием для отчисления Учащегося. В таких случаях Школа применяет меры к Родителю, предусмотренные параграфом об ответственности, включая ограничение личного доступа, перевод взаимодействия в письменный формат, обращение в уполномоченные органы или суд;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
16.15.15) Педагогикалық кеңестің немесе Мектептің өзге де уәкілетті органының білім беру қатынастарын жалғастырудың мүмкін еместігі туралы шешімі бойынша;	16.15.15) по решению Педагогического совета или иного уполномоченного органа Школы о невозможности продолжения образовательных отношений;
16.15.16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы офертада, Мектептің ішкі актілерінде немесе уәкілетті органдардың міндетті талаптарында көзделген өзге де негіздер бойынша.	16.15.16) по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан, настоящей офертой, внутренними актами Школы или обязательными требованиями уполномоченных органов.
16.16. Тәртіпті, Мектеп қағидаларын бұзуға, академиялық үлгермеушілікке, сабақты жүйелі жіберуге, білім беру қатынастарын жалғастырудың мүмкін еместігіне немесе өзге де елеулі мән-жайларға байланысты негіздер бойынша Білім алушыны оқудан шығару қарау материалдарын, Ата-ананың ұстанымын, істің мән-жайларын, Педагогикалық кеңестің немесе Мектептің өзге де уәкілетті органының шешімін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Білім алушының білім алу құқығын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып жүзеге асырылады.	16.16. Отчисление Учащегося по основаниям, связанным с нарушением дисциплины, правил Школы, академической неуспеваемостью, систематическими пропусками, невозможностью продолжения образовательных отношений или иными существенными обстоятельствами, осуществляется с учетом материалов рассмотрения, позиции Родителя, обстоятельств дела, решения Педагогического совета или иного уполномоченного органа Школы, требований законодательства Республики Казахстан и необходимости обеспечения права Учащегося на образование.
16.17. Басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей қатер төнген жағдайларды қоспағанда, Білім алушыны оқудан шығару туралы шешім қабылданғанға дейін Мектеп мынадай рәсімді сақтайды:	16.17. До принятия решения об отчислении Учащегося, за исключением случаев непосредственной угрозы жизни, здоровью, безопасности, правам и законным интересам других учащихся, работников Школы или иных лиц, Школа соблюдает следующую процедуру:
16.17.1) оқудан шығару мәселесін қарауға негіз болған мән-жайларды актімен, қызметтік жазбамен, LMS деректерімен, педагогтердің материалдарымен, түсініктемелермен, хат алмасумен, фото-, бейне-, аудиоматериалдармен немесе өзге де жол берілетін тәсілдермен тіркейді;	16.17.1) фиксирует обстоятельства, послужившие основанием для рассмотрения вопроса об отчислении, актом, служебной запиской, данными LMS, материалами педагогов, объяснениями, перепиской, фото-, видео-, аудиоматериалами или иными допустимыми способами;
16.17.2) қаралып жатқан мәселе туралы Ата-ананы өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабардар етеді;	16.17.2) уведомляет Родителя о рассматриваемом вопросе через официальные каналы взаимодействия;
16.17.3) Ата-анаға және қажет болған кезде Білім алушыға түсініктемелер, құжаттар, медициналық анықтамалар, растамалар және мәселені қарау үшін маңызы бар өзге де мәліметтер ұсыну мүмкіндігін береді;	16.17.3) предоставляет Родителю и, при необходимости, Учащемуся возможность представить объяснения, документы, медицинские справки, подтверждения и иные сведения, имеющие значение для рассмотрения вопроса;
16.17.4) бұзушылықтың сипатын, Білім алушының жасын, қайталануын, салдарын, қауіпсіздікке қатердің болуын не болмауын, Ата-ананың ұстанымын, Білім алушының бұзушылықтан кейінгі мінез-құлқын, сондай-ақ неғұрлым жеңіл ден қою шараларын қолдану мүмкіндігін қарайды;	16.17.4) рассматривает характер нарушения, возраст Учащегося, повторность, последствия, наличие либо отсутствие угрозы безопасности, позицию Родителя, поведение Учащегося после нарушения, а также возможность применения менее строгих мер реагирования;
16.17.5) қажет болған кезде мәселені комиссияда, Педагогикалық кеңесте немесе Мектептің өзге де уәкілетті органында қарайды;	16.17.5) при необходимости рассматривает вопрос на комиссии, Педагогическом совете или ином уполномоченном органе Школы;
16.17.6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Білім алушының білім алу құқығын және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып шешім қабылдайды.	16.17.6) принимает решение с учетом требований законодательства Республики Казахстан, права Учащегося на образование и необходимости обеспечения безопасной образовательной среды.
Егер білім беру қатынастарын тоқтату үшін дербес заңды негіздер болмаса, Білім алушыны оқудан шығару даудың, шағымның, өтініштің немесе қосымша қызметтер бойынша берешектің болғаны үшін Ата-анаға ықпал ету шарасы ретінде қолданылмауға тиіс.	Отчисление Учащегося не должно применяться как мера воздействия на Родителя за наличие спора, жалобы, обращения или задолженности по дополнительным услугам, если отсутствуют самостоятельные законные основания для прекращения образовательных отношений.
16.18. Деректен қорық талап ететін мән-жайлар болған кезде Мектеп мәселе түпкілікті қаралғанға дейін қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін уақытша шаралар қолдануға, оның ішінде Білім алушының жекелеген қызметтерге, іс-шараларға немесе белсенділіктерге қатысуын уақытша шектеуге құқылы.	16.18. При наличии обстоятельств, требующих незамедлительного реагирования, Школа вправе принять временные меры для обеспечения безопасности и порядка до окончательного рассмотрения вопроса, включая временное ограничение участия Учащегося в отдельных услугах, мероприятиях или активностях.
16.19. Егер Білім алушының мінез-құлқы басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өміріне,	16.19. Если поведение Учащегося создает непосредственную угрозу жизни, здоровью, безопасности, правам или законным интересам

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтарына немесе заңды мүдделеріне тікелей қатер төндірсе, Мектеп Ата-ананы және құзыретті органдарды дереу хабардар етуге, сондай-ақ өз құзыреті шегінде одан әрі зиян келтіруге жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға құқылы.	других учащихся, работников Школы или иных лиц, Школа вправе незамедлительно уведомить Родителя и компетентные органы, а также принять меры по недопущению дальнейшего причинения вреда в пределах своей компетенции.
16.20. Оқудан шығару туралы шешім Мектептің бұйрығымен ресімделеді. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Мектептің шешімінде өзгеше көзделмесе, білім беру қатынастарының тоқтатылу күні оқудан шығару туралы бұйрықта көрсетілген күн болып табылады.	16.20. Решение об отчислении оформляется приказом Школы. Датой прекращения образовательных отношений является дата, указанная в приказе об отчислении, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан или решением Школы.
16.21. Мектеп оқудан шығару туралы Ата-ананы өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабардар етеді. Егер хабарлама Ата-ана берген байланыс деректері бойынша жіберілсе және Ата-ана олардың өзгергені туралы Мектепке уақтылы хабарламаса, хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.	16.21. Школа уведомляет Родителя об отчислении через официальные каналы взаимодействия. Уведомление считается направленным надлежащим образом, если оно направлено по контактному данным, предоставленным Родителем, и Родитель своевременно не сообщил Школе об их изменении.
16.22. Білім алушы оқудан шығарылған кезде Мектеп өз құзыреті шегінде шығуды ресімдеу, құжаттарды қайтару, мәліметтерді LMS-те, ҰБДҚ-да, ішкі құжаттарда, ақпараттық жүйелерде, ваучерлік жүйеде және өзге де есепке алу нысандарында көрсету жөніндегі қажетті әрекеттерді жасайды.	16.22. При отчислении Учащегося Школа производит необходимые действия по оформлению выбытия, возврату документов, отражению сведений в LMS, НОБД, внутренних документах, информационных системах, ваучерной системе и иных учетных формах в пределах своей компетенции.
16.23. Оқудан шығарылған немесе шарттық қатынастар тоқтатылған кезде Ата-ана іс жүзінде көрсетілген ақылы қызметтер, тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, қызметтер пакеттері, тұру, залал, берешек, өсімпұл және өзге де міндеттемелер бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүргізуге міндетті.	16.23. При отчислении или прекращении договорных отношений Родитель обязан произвести окончательный расчет по фактически оказанным платным услугам, питанию, дополнительным образовательным услугам, кружкам, секциям, пакетам услуг, проживанию, ущербу, задолженности, пене и иным обязательствам.
16.24. Білім алушыны оқудан шығару Ата-ананы іс жүзінде көрсетілген қызметтерді, берешекті, өсімпұлды, залалды, шығындарды және осы офертаға, қосымшаларға, өтініштерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуге жататын өзге де сомаларды төлеу міндетінен босатпайды.	16.24. Отчисление Учащегося не освобождает Родителя от обязанности оплатить фактически оказанные услуги, задолженность, пеню, ущерб, убытки и иные суммы, подлежащие оплате по настоящей оферте, приложениям, заявлениям и законодательству Республики Казахстан.
16.25. Білім алушының құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен Ата-анаға немесе өкілеттіктері тиісінше расталған өзге де заңды өкілге қайтарылады.	16.25. Документы Учащегося возвращаются Родителю или иному законному представителю, полномочия которого подтверждены надлежащим образом, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Школы.
16.26. Егер адамның өкілеттіктері расталмаса немесе күмән туғызса, не құжаттарды мұндай адамға беру Білім алушының немесе басқа заңды өкілдің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуы мүмкін болса, Мектеп бұл адамға құжаттарды беруден бас тартуға құқылы.	16.26. Школа вправе отказать в передаче документов лицу, полномочия которого не подтверждены, вызывают сомнения либо если передача документов такому лицу может нарушить права и законные интересы Учащегося или другого законного представителя.
16.27. Ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында оқудан шығару, ауыстыру, құжаттарды алу, мектепті таңдау, тұрғылықты жер немесе өкілдік ету тәртібі мәселесі бойынша дау болған кезде Мектеп қолда бар құжаттардың, сот актілерінің, қорғаншылық және қамқоршылық органдары актілерінің, мемлекеттік ақпараттық жүйелер деректерінің және өзге де міндетті құжаттардың негізінде әрекет етеді.	16.27. При наличии спора между родителями или законными представителями по вопросу отчисления, перевода, получения документов, выбора школы, места проживания или порядка представительства Школа действует на основании имеющихся документов, судебных актов, актов органов опеки и попечительства, данных государственных информационных систем и иных обязательных документов.
16.28. Мектептің Білім алушының мінез-құлқына, Ата-ананың әрекеттеріне, сабақ жіберуге, қауіпсіздікке төнген қатерге немесе бала құқықтарының бұзылуына байланысты қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға, ішкі істер органдарына, білім беру органдарына, медициналық ұйымдарға, сотқа немесе өзге де құзыретті органдарға жүгінуі Ата-ана құқықтарының бұзылуы болып табылмайды және Білім алушының, басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің және Мектептің өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады.	16.28. Обращение Школы в органы опеки и попечительства, комиссию по делам несовершеннолетних, органы внутренних дел, органы образования, медицинские организации, суд или иные компетентные органы в связи с поведением Учащегося, действиями Родителя, пропусками, угрозой безопасности или нарушением прав ребенка не является нарушением прав Родителя и осуществляется в целях защиты прав и законных интересов Учащегося, других учащихся, работников Школы и самой Школы.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
16.29. Мектеп Ата-ананы немесе Білім алушыны әкімшілік, қылмыстық немесе өзге де жария-құқықтық жауапкершілікке өз бетінше тартпайды, бірақ мәселені құзыретті органдардың өкілеттіктері шегінде қарауы үшін оларға ақпарат пен материалдар жіберуге құқылы.	16.29. Школа не привлекает Родителя или Учащегося к административной, уголовной или иной публично-правовой ответственности самостоятельно, но вправе направить информацию и материалы в компетентные органы для рассмотрения вопроса в пределах их полномочий.
16.30. Егер ден қою шаралары қолданылғаннан кейін Ата-ана және/немесе Білім алушы бұзушылықты жойса, тәртіпті қалпына келтірсе, залалды өтесе, сабаққа қатысуды қамтамасыз етсе, жанжалды мінез-құлықты тоқтатса немесе Мектептің өзге де талаптарын орындаса, Мектеп осы оферта мен Мектептің ішкі актілері сақталған жағдайда өз қалауы бойынша білім беру қатынастарын жалғастыруға құқылы.	16.30. Если после применения мер реагирования Родитель и/или Учащийся устранили нарушение, восстановили порядок, возместили ущерб, обеспечили посещаемость, прекратили конфликтное поведение или выполнили иные требования Школы, Школа вправе по своему усмотрению продолжить образовательные отношения при условии соблюдения настоящей оферты и внутренних актов Школы.
16.31. Мектептің бір жағдайда тәртіптік шараны қолдану, оқудан шығару немесе жекелеген қызметке рұқсатты тоқтату құқығын пайдаланбауы Мектептің қайталанған немесе өзге де бұзушылық кезінде болашақта тиісті шараларды қолданудан бас тартқанын білдірмейді.	16.31. Неиспользование Школой права на применение дисциплинарной меры, отчисление или прекращение допуска к отдельной услуге в одном случае не означает отказа Школы от применения соответствующих мер в будущем при повторном или ином нарушении.
17-параграф. Оферта талаптарын өзгерту, қолданылу мерзімі және шарттық қатынастарды бұзу	Параграф 17. Изменение условий оферты, срок действия и расторжение договорных отношений
17.1. Осы оферта оны Мектеп бекіткен күннен бастап күшіне енеді және Ата-ана офертаны акцептеген сәттен бастап Мектеп пен Ата-ана арасындағы қатынастарға қолданылады.	17.1. Настоящая оферта вступает в силу с даты ее утверждения Школой и применяется к отношениям между Школой и Родителем с момента акцепта оферты Родителем.
17.2. Мектеп пен Ата-ана арасындағы шарттық қатынастар, егер акцепт-өтініште, қосымшада, Тараптардың жеке келісінде, Мектептің бұйрығында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге сәт белгіленбесе, Ата-ана осы офертаны акцептеген сәттен бастап туындайды.	17.2. Договорные отношения между Школой и Родителем возникают с момента акцепта настоящей оферты Родителем, если иной момент не установлен заявлением-акцептом, приложением, отдельным соглашением Сторон, приказом Школы или законодательством Республики Казахстан.
17.3. Білім алушыны негізгі оқыту жөніндегі білім беру қатынастары, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің шешімінде немесе Тараптардың жеке келісінде өзгеше көзделмесе, Мектептің бұйрығында көрсетілген Білім алушыны оқуға қабылдау күнінен бастап туындайды.	17.3. Образовательные отношения по основному обучению Учащегося возникают с даты зачисления Учащегося, указанной в приказе Школы, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан, решением Школы или отдельным соглашением Сторон.
17.4. Осы оферта Білім алушының Мектепте оқуының бүкіл кезеңінде, сондай-ақ оқу тоқтатылғаннан кейін өз табиғаты бойынша шығудан, оқудан шығарудан немесе шарттық қатынастарды бұзудан кейін де күшін сақтайтын міндеттемелер бөлігінде қолданылады.	17.4. Настоящая оферта действует в течение всего периода обучения Учащегося в Школе, а также после прекращения обучения в части обязательств, которые по своей природе продолжают действовать после выбытия, отчисления или расторжения договорных отношений.
17.5. Оқу тоқтатылғаннан кейін күшін сақтайтын міндеттемелерге, оның ішінде мыналар жатады:	17.5. К обязательствам, сохраняющим действие после прекращения обучения, относятся, в том числе:
17.5.1) нақты көрсетілген қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелер;	17.5.1) обязательства по оплате фактически оказанных услуг;
17.5.2) берешек пен өсімпұлды өтеу жөніндегі міндеттемелер;	17.5.2) обязательства по погашению задолженности и пени;
17.5.3) залал мен шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемелер;	17.5.3) обязательства по возмещению ущерба и убытков;
17.5.4) Мектептің мүлкін қайтару жөніндегі міндеттемелер;	17.5.4) обязательства по возврату имущества Школы;
17.5.5) құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелер;	17.5.5) обязательства по соблюдению конфиденциальности;
17.5.6) дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттемелер;	17.5.6) обязательства по защите персональных данных;
17.5.7) Мектептің, Мектеп қызметкерлерінің, білім алушылар мен ата-аналардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау жөніндегі міндеттемелер;	17.5.7) обязательства по защите чести, достоинства и деловой репутации Школы, работников Школы, учащихся и родителей;
17.5.8) бухгалтерлік, салықтық, білім беру, архивтік және өзге де есепке алуға байланысты міндеттемелер;	17.5.8) обязательства, связанные с бухгалтерским, налоговым, образовательным, архивным и иным учетом;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
17.5.9) осы офертаның және Қазақстан Республикасы заңнамасының мағынасы бойынша шарттық қатынастар тоқтатылғаннан кейін де қолданылуға тиіс өзге де міндеттемелер.	17.5.9) иные обязательства, которые по смыслу настоящей оферты и законодательства Республики Казахстан должны действовать после прекращения договорных отношений.
17.6. Мектепке бұрын қабылданған және оқуын жалғастырып жатқан Білім алушылар үшін осы офертаның талаптары оны Ата-ана акцептеген, акцепт-өтінішке қол қойған, оқуды жалғастырған, LMS, egov.kz порталы, ЭЦҚ, SMS-растау арқылы құжаттарға қол қойған, таңдалған ақылы қызметтерге ақы төлеген, қызметтерді таңдаған не Мектептің жаңартылған шарттық базасымен келісетінін куәландыратын өзге де әрекеттер жасаған сәттен бастап қолданылады.	17.6. Для Учащихся, ранее зачисленных в Школу и продолжающих обучение, условия настоящей оферты применяются с момента ее акцепта Родителем, подписания заявления-акцепта, продолжения обучения, подписания документов через LMS, портал egov.kz, ЭЦП, SMS-подтверждение, оплаты выбранных платных услуг, выбора услуг либо совершения иных действий, свидетельствующих о согласии Родителя с обновленной договорной базой Школы.
17.7. Егер Мектеп пен Ата-ана арасында бұрын білім беру қызметтерін көрсету туралы жеке шарт жасалған болса, осы офертаның талаптары, егер қосымша келісімде, акцепт-өтініште, Мектептің хабарламасында немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті талаптарында өзгеше көзделмесе, Ата-ана офертаны акцептеген сәттен бастап Тараптардың қатынастарына қолданылады.	17.7. Если между Школой и Родителем ранее был заключен индивидуальный договор об оказании образовательных услуг, условия настоящей оферты применяются к отношениям Сторон с момента ее акцепта Родителем, если иное не предусмотрено дополнительным соглашением, заявлением-акцептом, уведомлением Школы или обязательными требованиями законодательства Республики Казахстан.
17.8. Мектеп осы офертаны, оның қосымшаларын, қызметтер каталогын, Мектептің ішкі актілерін, қағидаларды, ережелерді, қызметтер құнын, төлем кестелерін, жеңілдіктерді, қызметтер пакеттерін, қызметтер тізбесін және өзге де талаптарды болашақ кезеңдер үшін өзгертуге және толықтыруға құқылы.	17.8. Школа вправе изменять и дополнять настоящую оферту, приложения к ней, каталог услуг, внутренние акты Школы, правила, положения, стоимость услуг, графики оплаты, скидки, пакеты услуг, перечень услуг и иные условия на будущие периоды.
17.9. Осы офертаға және оның қосымшаларына өзгерістер офертаның, қосымшаның, қызметтер каталогының жаңа редакциясын, Мектеп директорының бұйрығын, Мектептің ішкі актісін не Ата-анаға өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы жеткізілген өзге де құжатты бекіту жолымен енгізілуі мүмкін.	17.9. Изменения в настоящую оферту и приложения к ней могут быть внесены путем утверждения новой редакции оферты, приложения, каталога услуг, приказа директора Школы, внутреннего акта Школы либо иного документа, доведенного до Родителя через официальные каналы взаимодействия.
17.10. Мектеп Ата-анаға осы офертаның, қосымшалардың, қызметтер каталогының, қызметтер құнының, қағидалардың және өзге де елеулі талаптардың өзгерістері туралы хабарламаның жіберілу фактісін тіркеуге мүмкіндік беретін өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы, оның ішінде Мектептің сайты, LMS, электрондық пошта, жеке кабинет, жазбаша хабарлама, ақпараттық жүйе немесе Мектеп айқындаған өзге де арна арқылы хабарлайды. Бағаның елеулі өзгерістері, шарттық қатынастарды бұзу және наразылықтар үшін жазбаша немесе электрондық тіркелетін арналар басым тәртіппен пайдаланылады; мессенджер, егер ол адресатты және хабарламаның мазмұнын сәйкестендіруге мүмкіндік берсе, хабарлаудың қосымша тәсілі ретінде қолданылуы мүмкін.	17.10. Школа уведомляет Родителя об изменениях настоящей оферты, приложений, каталога услуг, стоимости услуг, правил и иных существенных условий через официальные каналы взаимодействия, позволяющие зафиксировать факт направления уведомления, включая сайт Школы, LMS, электронную почту, личный кабинет, письменное уведомление, информационную систему или иной канал, определенный Школой. Для существенных изменений цены, расторжения и претензий приоритетно используются письменные или электронные фиксируемые каналы; мессенджер может применяться как дополнительный способ уведомления, если он позволяет идентифицировать адресата и содержание сообщения.
17.11. Осы оферта талаптарының өзгерістері Ата-анаға Мектеп хабарламада, офертаның жаңа редакциясында, қосымшада, қызметтер каталогында, бұйрықта немесе өзге де құжатта көрсеткен күннен бастап қолданылады, бірақ тиісті өзгерістер туралы хабарлама Ата-анаға өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы жіберілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен ерте қолданылмайды.	17.11. Изменения условий настоящей оферты применяются к Родителю с даты, указанной Школой в уведомлении, новой редакции оферты, приложении, каталоге услуг, приказе или ином документе, но не ранее чем по истечении 30 (тридцати) календарных дней с даты направления Родителю уведомления о соответствующих изменениях через официальные каналы взаимодействия.
17.12. Өзгерістер күшіне енгеннен кейін Мектеп қызметтерін пайдалануды жалғастыру Ата-ананың келісімін тек қосымша және ілеспе қызметтерге қатысты және тек мұндай өзгерістер Ата-анаға тиісінше жеткізілген және оның тиісті қызметтерден бас тартуға ақылға қонымды мүмкіндігі болған жағдайда ғана растайды. Елеулі талаптардың, оның ішінде ақылы негізгі оқыту құнының және Ата-ананың немесе Білім алушының құқықтарын тікелей қозғайтын өзге де талаптардың өзгеруі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Ата-анаға тек оның айқын акцепті (жаңа акцепт-өтінішке, қосымшаға қол қоюы не жеке кабинет немесе өзге де тіркелетін тәсіл арқылы растауы) болған кезде ғана қолданылады.	17.12. Продолжение пользования услугами Школы после вступления изменений в силу подтверждает согласие Родителя только в отношении дополнительных и сопутствующих услуг и только при условии, что такие изменения были надлежащим образом доведены до Родителя и у него имелась разумная возможность отказаться от соответствующих услуг. Изменение существенных условий, в том числе стоимости основного платного обучения и иных условий, непосредственно затрагивающих права Родителя или Учащегося, применяется к Родителю только при наличии его явного акцепта (подписания нового заявления-акцепта, приложения либо подтверждения через личный кабинет или иной

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
	фиксируемый способ), если иное не установлено законодательством Республики Казахстан.
17.13. Ақылы қызметтер құнының өзгеруі, егер қызметтер каталогында, қосымшада, Тараптардың келісімінде немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті талаптарында өзгеше көзделмесе, Ата-ана төлеп қойған кезеңге қолданылмайды.	17.13. Изменение стоимости платных услуг не распространяется на уже оплаченный Родителем период, если иное не предусмотрено каталогом услуг, приложением, соглашением Сторон или обязательными требованиями законодательства Республики Казахстан.
17.14. Білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасы, жекелеген ваучер немесе өзге де қаржыландыру тетігі талаптарының өзгеруі, егер мұндай өзгерісті мемлекеттік органдар, оператор, тіркеуші, эмитент, ақпараттық жүйе немесе өзге де құзыретті тұлға жүзеге асырса, Мектептің еркіне байланысты емес.	17.14. Изменение условий образовательного ваучера, государственного образовательного заказа, программы финансирования дополнительных услуг, отдельного ваучера или иного механизма финансирования не зависит от воли Школы, если такое изменение осуществляется государственными органами, оператором, регистратором, эмитентом, информационной системой или иным компетентным лицом.
17.15. Білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе өзге де қаржыландыру тетігі өзгертілген, тоқтатылған, тоқтатыла тұрған, жойылған, бұғатталған немесе расталмаған жағдайда Мектеп төлем талаптарын өзгертуге, Ата-анаға оқуды ақылы негізде жалғастыруды ұсынуға, қайта есептеу жүргізуге, қосымшаға қол қоюға немесе осы офертада белгіленген тәртіппен шарттық қатынастарды тоқтатуға құқылы.	17.15. В случае изменения, прекращения, приостановления, аннулирования, блокирования или неподтверждения образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования Школа вправе изменить условия оплаты, предложить Родителю продолжение обучения на платной основе, произвести перерасчет, подписать приложение или прекратить договорные отношения в порядке, установленном настоящей офертой.
17.16. Мектеп пен Ата-ана арасындағы шарттық қатынастар мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:	17.16. Договорные отношения между Школой и Родителем могут быть прекращены:
17.16.1) Ата-ананың бастамасы бойынша;	17.16.1) по инициативе Родителя;
17.16.2) Мектептің бастамасы бойынша;	17.16.2) по инициативе Школы;
17.16.3) Тараптардың келісімі бойынша;	17.16.3) по соглашению Сторон;
17.16.4) Білім алушының басқа білім беру ұйымына ауыстырылуына байланысты;	17.16.4) в связи с переводом Учащегося в другую организацию образования;
17.16.5) Білім алушының оқудан шығарылуына байланысты;	17.16.5) в связи с отчислением Учащегося;
17.16.6) Ата-ана оқуды ақылы негізде жалғастырудан бас тартқан кезде білім беру ваучерінің, мемлекеттік білім беру тапсырысының немесе өзге де қаржыландыру тетігінің тоқтатылуына, расталмауына, жойылуына, тоқтатыла тұруына немесе оны пайдалану мүмкіндігінің болмауына байланысты;	17.16.6) в связи с прекращением, неподтверждением, аннулированием, приостановлением или невозможностью использования образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования при отказе Родителя от продолжения обучения на платной основе;
17.16.7) Мектепке байланысты емес себептер бойынша қызметтерді одан әрі көрсету мүмкіндігінің болмауына байланысты;	17.16.7) в связи с невозможностью дальнейшего оказания услуг по причинам, не зависящим от Школы;
17.16.8) осы офертада, қосымшаларда, Мектептің ішкі актілерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.	17.16.8) по иным основаниям, предусмотренным настоящей офертой, приложениями, внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.
17.17. Ата-ана, егер қосымшада, Тараптардың келісімінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзім белгіленбесе, оқу тоқтатылуының болжамды күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын Мектепке жазбаша өтініш беру арқылы шарттық қатынастарды өз бастамасы бойынша бұзуға құқылы. Бұл ретте Ата-ана көрсетілген мерзім өткенге дейін де қызметтерден бас тартуға құқылы; бұл жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 403-бабына сәйкес тек нақты көрсетілген қызметтердің құны ғана төленуге жатады.	17.17. Родитель вправе расторгнуть договорные отношения по своей инициативе путем подачи письменного заявления в Школу не менее чем за 10 календарных дней до предполагаемой даты прекращения обучения, если иной срок не установлен приложением, соглашением Сторон или законодательством Республики Казахстан. При этом Родитель вправе отказаться от услуг и до истечения указанного срока; в этом случае оплате подлежит только стоимость фактически оказанных услуг в соответствии со статьей 403 Гражданского кодекса Республики Казахстан.
17.18. Шарттық қатынастарды бұзу туралы өтініште Ата-ана шығу себебін, оқу тоқтатылуының болжамды күнін, ауысқан жағдайда жаңа білім беру ұйымы туралы мәліметтерді, сондай-ақ Білім алушының шығуын ресімдеу үшін қажетті өзге де мәліметтерді көрсетеді.	17.18. В заявлении о расторжении договорных отношений Родитель указывает причину выбытия, предполагаемую дату прекращения обучения, сведения о новой организации образования при переводе, а

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
	также иные сведения, необходимые для оформления выбытия Учащегося.
17.19. Ата-ананың шарттық қатынастарды бұзу туралы өтініш беруінің өзі Ата-ананы нақты көрсетілген қызметтерді, берешекті, өсімпұлды, залалды, шығындарды және Мектеп алдындағы өзге де міндеттемелерді төлеу міндетінен босатпайды.	17.19. Подача заявления Родителя о расторжении договорных отношений сама по себе не освобождает Родителя от обязанности оплатить фактически оказанные услуги, задолженность, пеню, ущерб, убытки и иные обязательства перед Школой.
17.20. Ата-ананың бастамасы бойынша шарттық қатынастар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Ата-ананың өтінішінде немесе Мектептің шешімінде өзгеше көзделмесе, Білім алушыны оқудан шығару немесе оның шығуы туралы Мектеп бұйрығында көрсетілген күннен бастап тоқтатылады.	17.20. Договорные отношения по инициативе Родителя прекращаются с даты, указанной в приказе Школы об отчислении или выбытии Учащегося, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан, заявлением Родителя или решением Школы.
17.21. Мектеп мынадай жағдайларда шарттық қатынастарды біржақты тәртіппен бұзуға құқылы:	17.21. Школа вправе расторгнуть договорные отношения в одностороннем порядке в случаях:
17.21.1) Ата-ананың немесе Білім алушының осы офертаның, қосымшалардың, өтініштердің, қызметтер каталогының немесе Мектептің ішкі актілерінің талаптарын бұзуы;	17.21.1) нарушения Родителем или Учащимся условий настоящей оферты, приложений, заявлений, каталога услуг или внутренних актов Школы;
17.21.2) Ата-ананың қажетті құжаттарды, мәліметтерді, келісімдерді, растауларды немесе электрондық қол қоюларды ұсынбауы;	17.21.2) непредоставления Родителем необходимых документов, сведений, согласий, подтверждений или электронных подписаний;
17.21.3) Ата-ананың анық емес, толық емес, мерзімі өткен немесе қайшылықты құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы;	17.21.3) предоставления Родителем недостоверных, неполных, просроченных или противоречивых документов и сведений;
17.21.4) Ата-ананың ақылы оқытуға келісімі болмаған кезде білім беру ваучерінің, мемлекеттік білім беру тапсырысының немесе өзге де қаржыландыру тетігінің расталмауы, тоқтатылуы, тоқтатыла тұруы, жойылуы, бұғатталуы немесе оны пайдалану мүмкіндігінің болмауы;	17.21.4) неподтверждения, прекращения, приостановления, аннулирования, блокирования или невозможности использования образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования при отсутствии согласия Родителя на платное обучение;
17.21.5) расталған білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе өзге де қаржыландыру тетігі болмаған кезде ақылы негізгі оқыту бойынша берешектің болуы;	17.21.5) наличия задолженности по платному основному обучению при отсутствии подтвержденного образовательного ваучера, государственного образовательного заказа или иного механизма финансирования;
17.21.6) таңдалған ақылы қызметтер бойынша төлем мерзімін жүйелі түрде өткізу;	17.21.6) систематической просрочки оплаты выбранных платных услуг;
17.21.7) Білім алушының ішкі тәртіптеме қағидаларын, мінез-құлық қағидаларын, қауіпсіздік қағидаларын, тәртіпті немесе Мектептің өзге де ішкі актілерін өрескел немесе бірнеше рет бұзуы;	17.21.7) грубого или неоднократного нарушения Учащимся правил внутреннего распорядка, правил поведения, правил безопасности, дисциплины или иных внутренних актов Школы;
17.21.8) дәлелді себептерсіз сабақтарды жүйелі түрде жіберу;	17.21.8) систематических пропусков занятий без уважительных причин;
17.21.9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің ішкі актілерінде және Мектептің уәкілетті органдарының шешімдерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен академиялық үлгермеушілік;	17.21.9) академической неуспеваемости в случаях и порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы и решениями уполномоченных органов Школы;
17.21.10) Білім алушының әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық не мұндай құқық бұзушылықтың белгілері бар әрекеттер жасауы;	17.21.10) совершения Учащимся административного или уголовного правонарушения либо действий, содержащих признаки такого правонарушения;
17.21.11) растайтын материалдар (актілер, психологиялық-педагогикалық қызметтің, медицина қызметкерлерінің немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қорытындылары) болған кезде Білім алушының немесе Ата-ананың басқа білім алушылардың, Мектеп қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне нақты қатер төндіретін мінез-құлқы;	17.21.11) поведения Учащегося или Родителя, создающего реальную угрозу жизни, здоровью или безопасности других учащихся, работников Школы или иных лиц, при наличии подтверждающих материалов (актов, заключений психолого-педагогической службы, медицинских работников или органов опеки и попечительства);

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
17.21.12) Ата-ананың Мектептің білім беру, әкімшілік, әдістемелік, кадрлық, қаржылық, шаруашылық немесе басқару процесіне жүйелі түрде араласуы;	17.21.12) систематического вмешательства Родителя в образовательный, административный, методический, кадровый, финансовый, хозяйственный или управленческий процесс Школы;
17.21.13) Ата-ананың педагогтерге, әкімшілікке, Мектеп қызметкерлеріне, білім алушыларға, ата-аналарға немесе өзге де адамдарға қысым көрсетуі;	17.21.13) оказания Родителем давления на педагогов, администрацию, работников Школы, учащихся, родителей или иных лиц;
17.21.14) Ата-ананың, Білім алушының немесе олардың мүддесінде әрекет ететін адамдардың анық емес, абыройға нұқсан келтіретін, құпия, қорлайтын немесе басқа адамдардың құқықтарын бұзатын мәліметтерді таратуы;	17.21.14) распространения Родителем, Учащимся или лицами, действующими в их интересах, недостоверных, порочащих, конфиденциальных, оскорбительных или нарушающих права других лиц сведений;
17.21.15) Ата-ананың немесе Білім алушының Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы, бала құқықтары туралы, педагог мәртебесі туралы, ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау туралы заңнамасын бұзуы;	17.21.15) нарушения Родителем или Учащимся законодательства Республики Казахстан о персональных данных, правах ребенка, статусе педагога, защите чести, достоинства и деловой репутации;
17.21.16) медициналық, ұйымдастырушылық, құқықтық, санитариялық, техникалық немесе өзге де объективті себептер бойынша білім беру қызметтерін одан әрі көрсету мүмкіндігінің болмауы;	17.21.16) невозможности дальнейшего оказания образовательных услуг по медицинским, организационным, правовым, санитарным, техническим или иным объективным причинам;
17.21.17) Педагогикалық кеңестің немесе Мектептің өзге де уәкілетті органының білім беру қатынастарын жалғастыру мүмкін еместігі туралы шешім қабылдауы;	17.21.17) принятия Педагогическим советом или иным уполномоченным органом Школы решения о невозможности продолжения образовательных отношений;
17.21.18) осы офертада, қосымшаларда, Мектептің ішкі актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.	17.21.18) иных случаях, предусмотренных настоящей офертой, приложениями, внутренними актами Школы или законодательством Республики Казахстан.
17.22. Шарттық қатынастар Мектептің бастамасы бойынша бұзылған кезде Мектеп, егер осы офертада, Мектептің ішкі актілерінде, Мектептің уәкілетті органының шешімінде өзге мерзім көзделмесе немесе мән-жайлар дереу ден қоюды талап етпесе, шарттық қатынастар тоқтатылуының болжамды күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын Ата-анаға өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабарлама жібереді. Ата-ананың уәкілетті мемлекеттік органдарға, прокуратураға немесе сотқа құқыққа сыйымды жүгінуі шарттық қатынастарды бұзуға негіз болып табылмайды.	17.22. При расторжении договорных отношений по инициативе Школы Школа направляет Родителю уведомление через официальные каналы взаимодействия не менее чем за 10 календарных дней до предполагаемой даты прекращения договорных отношений, если иной срок не предусмотрен настоящей офертой, внутренними актами Школы, решением уполномоченного органа Школы или если обстоятельства требуют незамедлительного реагирования. Правомерное обращение Родителя в уполномоченные государственные органы, прокуратуру или суд не является основанием для расторжения договорных отношений.
17.23. Білім алушының немесе Ата-ананың мінез-құлқы басқа адамдардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтары мен заңды мүдделеріне не Мектептің қалыпты жұмысына тікелей қатер төндіретін жағдайларда Мектеп алдын ала хабарлаудың 10 күндік мерзімін сақтамай, кейіннен Ата-анаға хабарлай отырып, дереу ден қою шараларын қабылдауға құқылы.	17.23. В случаях, когда поведение Учащегося или Родителя создает непосредственную угрозу жизни, здоровью, безопасности, правам и законным интересам других лиц либо нормальной работе Школы, Школа вправе принять незамедлительные меры реагирования без соблюдения предварительного 10-дневного срока уведомления, с последующим уведомлением Родителя.
17.24. Шарттық қатынастарды бұзу немесе Білім алушыны оқудан шығару Мектептің бұйрығымен ресімделеді.	17.24. Расторжение договорных отношений или отчисление Учащегося оформляется приказом Школы.
17.25. Шарттық және білім беру қатынастары тоқтатылған күн болып, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мектептің шешімінде немесе Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Мектептің бұйрығында көрсетілген күн есептеледі.	17.25. Датой прекращения договорных и образовательных отношений считается дата, указанная в приказе Школы, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан, решением Школы или соглашением Сторон.
17.26. Шарттық қатынастар тоқтатылған кезде Мектеп нақты көрсетілген қызметтер, берешек, өсімпұл, залал, шығындар, ақшалай қаражатты қайтару және Ата-ананың өзге де міндеттемелері бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізеді.	17.26. При прекращении договорных отношений Школа производит окончательный расчет по фактически оказанным услугам, задолженности, пене, ущербу, убыткам, возврату денежных средств и иным обязательствам Родителя.
17.27. Қызметтер үшін төлем, егер қызметтер каталогында немесе Тараптардың келісімінде өзге тәртіп белгіленбесе, Мектептің бұйрығында, Ата-ананың өтінішінде, қосымшада, қызметке арналған	17.27. Оплата за услуги начисляется до даты прекращения образовательных отношений или прекращения оказания соответствующей услуги, указанной в приказе Школы, заявлении

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
шартта немесе өзге де құжатта көрсетілген, білім беру қатынастары тоқтатылатын немесе тиісті қызметті көрсету тоқтатылатын күнге дейін есептеледі. Төлем тек нақты көрсетілген қызметтер үшін ғана есептеледі; қызметтерді пайдалану нақты тоқтатылғаннан кейінгі кезең үшін төлем есептелмейді.	Родителя, приложении, договоре на услугу или ином документе, если иной порядок не установлен каталогом услуг или соглашением Сторон. Плата начисляется только за фактически оказанные услуги; за период после фактического прекращения пользования услугами оплата не начисляется.
17.28. Шарттық қатынастар бұзылған кезде ақшалай қаражатты қайтару қызмет көрсетудің нақты кезеңі, берешек, өсімпұл, залал, Мектептің шығыстары, қызметтер каталогының, қосымшалардың, қызметтерге арналған шарттардың талаптары және Қазақстан Республикасының заңнамасы ескеріле отырып, тек нақты көрсетілмеген және қайтарылуға жататын қызметтер үшін ғана жүргізіледі.	17.28. Возврат денежных средств при расторжении договорных отношений производится только за фактически не оказанные и подлежащие возврату услуги с учетом фактического периода оказания услуг, задолженности, пени, ущерба, расходов Школы, условий каталога услуг, приложений, договоров на услуги и законодательства Республики Казахстан.
17.29. Ата-ананың бастамасы бойынша шарттық қатынастар мерзімінен бұрын бұзылған, қызметтен бас тартылған, қызметтер пакеті өзгертілген немесе оқу тоқтатылған кезде Мектеп, егер қызметтер каталогында немесе Тараптардың келісімінде өзге тәртіп белгіленбесе, бұрын берілген жеңілдіктерді, жеңілдетулерді, қызметтер пакеттерін және арнайы талаптарды нақты көрсетілген қызметтер мен жеңілдік ескерілмеген базалық құнды негізге ала отырып қайта есептеуге құқылы. Мұндай қайта есептеу тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл болып табылмайды.	17.29. При досрочном расторжении договорных отношений, отказе от услуги, изменении пакета услуг или прекращении обучения по инициативе Родителя Школа вправе произвести перерасчет ранее предоставленных скидок, льгот, пакетов услуг и специальных условий исходя из фактически оказанных услуг и базовой стоимости без учета скидок, если иной порядок не установлен каталогом услуг или соглашением Сторон. Такой перерасчет не является неустойкой или штрафом.
17.30. Шарттық қатынастар бұзылған кезде Ата-ана Білім алушыға уақытша пайдалануға берілген оқулықтарды, кітаптарды, жабдықты, мүлікті, рұқсаттамаларды, құрылғыларды, материалдарды және өзге де заттарды Мектепке қайтаруға міндетті.	17.30. При расторжении договорных отношений Родитель обязан вернуть Школе учебники, книги, оборудование, имущество, пропуска, устройства, материалы и иные предметы, переданные Учащемуся во временное пользование.
17.31. Мектептің мүлкі қайтарылмаған, зақымдалған, жоғалған немесе бүлінген жағдайда Ата-ана осы офертада көзделген тәртіппен оның құнын, жөндеу, қалпына келтіру немесе ауыстыру құнын өтеуге міндетті.	17.31. В случае невозврата, повреждения, утери или порчи имущества Школы Родитель обязан возместить его стоимость, стоимость ремонта, восстановления или замены в порядке, предусмотренном настоящей офертой.
17.32. Білім алушының құжаттары оның шығуы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мектептің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен ресімделгеннен кейін Ата-анаға немесе өкілеттілері тиісінше расталған өзге де заңды өкілге қайтарылады.	17.32. Документы Учащегося возвращаются Родителю или иному законному представителю, полномочия которого подтверждены надлежащим образом, после оформления выбытия Учащегося в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Школы.
17.33. Ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында ауыстыру, оқудан шығару, құжаттарды алу, мектепті таңдау, тұрғылықты жер немесе өкілдік ету тәртібі мәселелері бойынша дау болған кезде Мектеп қолда бар құжаттардың, сот актілерінің, қорғаншылық және қамқоршылық органдары актілерінің, мемлекеттік ақпараттық жүйелер деректерінің және өзге де міндетті құжаттардың негізінде әрекет етеді.	17.33. При наличии спора между родителями или законными представителями по вопросу перевода, отчисления, получения документов, выбора школы, места проживания или порядка представительства Школа действует на основании имеющихся документов, судебных актов, актов органов опеки и попечительства, данных государственных информационных систем и иных обязательных документов.
17.34. Шарттық қатынастарды бұзу Ата-ананы шарттық қатынастар тоқтатылған күнге дейін туындаған берешекті, өсімпұлды, нақты көрсетілген қызметтерді, залалды, шығындарды, өндіріп алу жөніндегі шығыстарды және өзге де міндеттемелерді төлеу міндетінен босатпайды.	17.34. Расторжение договорных отношений не освобождает Родителя от обязанности оплатить задолженность, пению, фактически оказанные услуги, ущерб, убытки, расходы по взысканию и иные обязательства, возникшие до даты прекращения договорных отношений.
17.35. Шарттық қатынастарды бұзу Ата-ана мен Білім алушыны құпиялылықты сақтау, дербес деректерді таратпау, Мектептің, педагогтердің, қызметкерлердің, білім алушылар мен ата-аналардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтірмеу міндетінен босатпайды.	17.35. Расторжение договорных отношений не освобождает Родителя и Учащегося от обязанности соблюдать конфиденциальность, не распространять персональные данные, не нарушать честь, достоинство и деловую репутацию Школы, педагогов, работников, учащихся и родителей.
17.36. Егер шарттық қатынастарды бұзуға Тараптардың бірінің осы офертаны елеулі түрде бұзуы негіз болса, екінші Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.	17.36. Если основанием для расторжения договорных отношений стало существенное нарушение настоящей оферты одной из Сторон, другая Сторона вправе требовать возмещения причиненных убытков в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
17.37. Осы офертаның бір немесе бірнеше ережесі қолданысының тоқтатылуы, егер мұндай өзгерістердің мәнінен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасынан өзгеше туындамаса, офертаның қалған ережелерінің қолданысын тоқтатпайды.	17.37. Прекращение действия одного или нескольких положений настоящей оферты не прекращает действие остальных положений оферты, если иное не вытекает из существа таких изменений или законодательства Республики Казахстан.
17.38. Мектептің шарттық қатынастарды бұзу құқығын бір жағдайда пайдаланбауы Мектептің мұндай құқықтан бас тартқанын білдірмейді және тиісті негіздер болған кезде оны болашақта қолдануға кедергі келтірмейді.	17.38. неиспользование Школой права на расторжение договорных отношений в одном случае не означает отказа Школы от такого права и не препятствует его применению в будущем при наличии соответствующих оснований.
18-параграф. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары және өзге де объективті мән-жайлар	Параграф 18. Обстоятельства непреодолимой силы и иные объективные обстоятельства
18.1. Егер осы оферта бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы не тиісінше орындалмауы Тарап ақылға қонымды түрде алдын ала болжай, болғызбай немесе жоя алмаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының не өзге де объективті мән-жайлардың салдары болса, Тараптар мұндай орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.	18.1. Стороны освобождаются от ответственности за полное или частичное неисполнение либо ненадлежащее исполнение обязательств по настоящей оферте, если такое неисполнение или ненадлежащее исполнение явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы либо иных объективных обстоятельств, которые Сторона не могла разумно предвидеть, предотвратить или устранить.
18.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына және өзге де объективті мән-жайларға, оның ішінде мыналар жатады:	18.2. К обстоятельствам непреодолимой силы и иным объективным обстоятельствам относятся, в том числе:
18.2.1) жер сілкіністері, өрттер, су тасқындары, борандар, қатты жел, авариялар, техногендік оқиғалар, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар;	18.2.1) землетрясения, пожары, наводнения, бураны, сильный ветер, аварии, техногенные происшествия, чрезвычайные ситуации природного или техногенного характера;
18.2.2) эпидемиялар, пандемиялар, карантиндік, санитариялық, эпидемияға қарсы және өзге де шектеу іс-шаралары;	18.2.2) эпидемии, пандемии, карантинные, санитарные, противоэпидемиологические и иные ограничительные мероприятия;
18.2.3) мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, санитариялық, өртке қарсы, құқық қорғау, білім беру және өзге де уәкілетті органдардың актілері, шешімдері, нұсқамалары, тыйымдары, шектеулері, хабарламалары және өзге де әрекеттері;	18.2.3) акты, решения, предписания, запреты, ограничения, уведомления и иные действия государственных органов, органов местного исполнительного управления, санитарных, противопожарных, правоохранительных, образовательных и иных уполномоченных органов;
18.2.4) әскери іс-қимылдар, жаппай тәртіпсіздіктер, террористік қатерлер, қауіпсіздік қатерлері, эвакуация, Мектептің ғимаратына немесе аумағына қолжетімділіктің бұғатталуы;	18.2.4) военные действия, массовые беспорядки, террористические угрозы, угрозы безопасности, эвакуация, блокировка доступа к зданию или территории Школы;
18.2.5) авариялар, электр энергиясын, жылуды, суды, байланысты, интернетті, коммуналдық қызметтерді берудің ажыратылуы немесе шектелуі;	18.2.5) аварии, отключения или ограничения подачи электрической энергии, тепла, воды, связи, интернета, коммунальных услуг;
18.2.6) LMS-тің, электрондық журналдың, білім беру платформаларының, egov.kz порталының, веб-порталдың, білім беру ваучерлерінің мемлекеттік электрондық тізілімінің, цифрлық жүйенің, банктік және төлем жүйелерінің, оператор, тіркеуші, эмитент жүйелерінің және өзге де сыртқы ақпараттық жүйелердің техникалық іркілістері, қолжетімсіздігі, қателері, бұғатталуы, кідірістері немесе дұрыс жұмыс істемеуі;	18.2.6) технические сбои, недоступность, ошибки, блокировки, задержки или некорректная работа LMS, электронного журнала, образовательных платформ, портала egov.kz, веб-портала, государственного электронного реестра образовательных ваучеров, цифровой системы, банковских и платежных систем, систем оператора, регистратора, эмитента и иных внешних информационных систем;
18.2.7) Мектепке байланысты емес себептер бойынша қаржыландырудың болмауы, қаржыландырудың кешігуі, қаржыландырудың тоқтатыла тұруы, білім беру ваучерінің, мемлекеттік білім беру тапсырысының, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасының, жеке ваучердің немесе өзге де қаржыландыру тетігінің бұғатталуы, расталмауы немесе күшінің жойылуы;	18.2.7) отсутствие финансирования, задержка финансирования, приостановление финансирования, блокировка, неподтверждение или аннулирование образовательного ваучера, государственного образовательного заказа, программы финансирования дополнительных услуг, отдельного ваучера или иного механизма финансирования по причинам, не зависящим от Школы;
18.2.8) Мектеп алмастыру немесе қызметті ұйымдастыруды өзгерту жөнінде ақылға қонымды шаралар қабылдаған жағдайда, педагогтердің, жаттықтырушылардың, мамандардың, Мектеп қызметкерлерінің, тамақтандыруды орындаушының немесе өзге де	18.2.8) болезнь, отсутствие, увольнение, смерть, невозможность выхода на работу педагогов, тренеров, специалистов, работников Школы, исполнителя питания или иных привлеченных лиц при условии, что Школа принимает разумные меры по замене или изменению организации услуги;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
тартылған тұлғалардың ауруы, болмауы, жұмыстан босатылуы, қайтыс болуы, жұмысқа шыға алмауы;	
18.2.9) Мектептің еркіне байланысты емес және міндеттемелердің қалыпты орындалуына кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар.	18.2.9) иные обстоятельства, не зависящие от воли Школы и препятствующие нормальному исполнению обязательств.
18.3. Осы параграфта көрсетілген мән-жайлардың қолданылу кезеңінде Мектеп қызметтер көрсетудің форматын, кестесін, орнын, уақытын, тәртібін, тәсілін өзгертуге, сабақтарды басқа мерзімге ауыстыруға, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдануға, жекелеген қызметтерді уақытша тоқтата тұруға, сабақтарды тең бағалы сабақтармен алмастыруға не өзге де ақылға қонымды ұйымдастырушылық шаралар қабылдауға құқылы.	18.3. На период действия обстоятельств, указанных в настоящем параграфе, Школа вправе изменять формат, расписание, место, время, порядок, способ оказания услуг, переносить занятия, применять дистанционные образовательные технологии, временно приостанавливать отдельные услуги, заменять занятия равноценными либо принимать иные разумные организационные меры.
18.4. Егер Мектеп білім беру процесін жалғастыру үшін ақылға қонымды шаралар қабылдаса, осы параграфта көрсетілген мән-жайларға байланысты қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану, сабақ кестесін өзгерту, сабақтарды басқа мерзімге ауыстыру, оқыту форматын алмастыру немесе қызметтер көрсету тәртібін уақытша өзгерту Мектеп тарапынан қызметтерді тиісінше көрсетпеу болып табылмайды.	18.4. Применение дистанционных образовательных технологий, изменение расписания, перенос занятий, замена формата обучения или временное изменение порядка оказания услуг в связи с обстоятельствами, указанными в настоящем параграфе, не является ненадлежащим оказанием услуг со стороны Школы, если Школа принимает разумные меры для продолжения образовательного процесса.
18.5. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары немесе өзге де объективті мән-жайлар жекелеген қосымша немесе ілесіп қызметтерді көрсетуге уақытша кедергі келтірсе, Мектеп өз таңдауы бойынша мыналарға құқылы:	18.5. Если обстоятельства непреодолимой силы или иные объективные обстоятельства временно препятствуют оказанию отдельных дополнительных или сопутствующих услуг, Школа вправе по своему выбору:
18.5.1) қызмет көрсетуді басқа мерзімге ауыстыруға;	18.5.1) перенести оказание услуги;
18.5.2) алмастыратын қызмет ұсынуға;	18.5.2) предоставить заменяющую услугу;
18.5.3) қызмет көрсету форматын өзгертуге;	18.5.3) изменить формат оказания услуги;
18.5.4) қызмет құнын болашақ кезеңнің есебіне есепке жатқызуға;	18.5.4) зачесть стоимость услуги в счет будущего периода;
18.5.5) егер мұндай қайта есептеу қызметтер каталогында, қосымшада, жеке шартта немесе Мектептің шешімінде көзделсе, қайта есептеу жүргізуге.	18.5.5) произвести перерасчет, если такой перерасчет предусмотрен каталогом услуг, приложением, отдельным договором или решением Школы.
18.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары немесе өзге де объективті мән-жайлар қызмет көрсетуді ұзақ кезең ішінде мүмкін емес етсе, Тараптар міндеттемелердің одан әрі орындалуын қосымша келісімге қол қою, талаптарды өзгерту, қайта есептеу, қызметтерді басқа мерзімге ауыстыру немесе шарттық қатынастарды бұзу арқылы реттеуге құқылы.	18.6. Если обстоятельства непреодолимой силы или иные объективные обстоятельства делают невозможным оказание услуги в течение длительного периода, Стороны вправе урегулировать дальнейшее исполнение обязательств путем подписания дополнительного соглашения, изменения условий, перерасчета, переноса услуг или расторжения договорных отношений.
18.7. Міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған Тарап, мүмкіндігі болған кезде, екінші Тарапты өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабардар етуге міндетті.	18.7. Сторона, для которой возникли обстоятельства, препятствующие исполнению обязательств, обязана при наличии возможности уведомить другую Сторону через официальные каналы взаимодействия.
18.8. Мектеп осы параграфта көрсетілген мән-жайлардың туындағаны туралы Ата-ананы ресми сайт, LMS, электрондық пошта, мессенджерлер, жеке кабинет, хабарландырулар, жазбаша хабарламалар немесе өзара іс-қимылдың өзге де ресми арналары арқылы хабардар етуге құқылы.	18.8. Школа вправе уведомлять Родителя о возникновении обстоятельств, указанных в настоящем параграфе, через официальный сайт, LMS, электронную почту, мессенджеры, личный кабинет, объявления, письменные уведомления или иные официальные каналы взаимодействия.
18.9. Егер мұндай мән-жайлар Мектептің кінәсінен туындамаса, Ата-ана қызметтер көрсету форматының, кестесінің, тәртібінің өзгертілгені, қашықтықтан білім беру технологияларының уақытша қолданылғаны, жекелеген қызметтердің басқа мерзімге ауыстырылғаны немесе тоқтатыла тұрғаны үшін Мектептен залалдарды өтеуді, өтемақы, айыппұлдар, моральдық зиян немесе өзге де төлемдер төлеуді талап етуге құқылы емес. Білім алушының өмірі мен денсаулығына	18.9. Родитель не вправе требовать от Школы возмещения убытков, компенсации, штрафов, морального вреда или иных выплат за изменение формата, расписания, порядка оказания услуг, временное применение дистанционных образовательных технологий, перенос или приостановление отдельных услуг, если такие обстоятельства возникли не по вине Школы. Ответственность Школы за вред жизни и здоровью Учащегося настоящим пунктом не исключается и не ограничивается.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
келтірілген зиян үшін Мектептің жауапкершілігі осы тармақпен жоққа шығарылмайды және шектелмейді.	
18.10. Егер Тараптардың келісімінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, еңсерілмейтін күш мән-жайларының немесе өзге де объективті мән-жайлардың туындауы Ата-ананы іс жүзінде көрсетілген қызметтерге ақы төлеу, сондай-ақ мұндай мән-жайлар басталғанға дейін туындаған берешекті, өсімпұлды, залалды, залалдарды және өзге де міндеттемелерді өтеу міндетінен босатпайды.	18.10. Возникновение обстоятельств непреодолимой силы или иных объективных обстоятельств не освобождает Родителя от обязанности оплатить фактически оказанные услуги, задолженность, пеню, ущерб, убытки и иные обязательства, возникшие до наступления таких обстоятельств, если иное не установлено соглашением Сторон или законодательством Республики Казахстан.
18.11. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына және өзге де объективті мән-жайларға байланысты, осы офертада реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мектептің ішкі актілеріне және Тараптардың келісімдеріне сәйкес шешіледі.	18.11. Все вопросы, связанные с обстоятельствами непреодолимой силы и иными объективными обстоятельствами, не урегулированные настоящей офертой, разрешаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан, внутренними актами Школы и соглашениями Сторон.
19-параграф. Өтініштер, наразылықтар және дауларды шешу тәртібі	Параграф 19. Порядок обращений, претензий и разрешения споров
19.1. Тараптар туындайтын мәселелерді, келіспеушіліктер мен дауларды келіссөздер, ресми хат алмасу, өтініштерді қарау, кездесулер өткізу, консультациялар және сотқа дейінгі реттеудің өзге де заңды тәсілдері арқылы шешуге шаралар қолданады.	19.1. Стороны принимают меры к разрешению возникающих вопросов, разногласий и споров путем переговоров, официальной переписки, рассмотрения обращений, проведения встреч, консультаций и иных законных способов досудебного урегулирования.
19.2. Ата-ананың Мектепке заңдық мәні бар барлық өтініштері, оның ішінде арыздар, наразылықтар, шағымдар, құжаттарды сұрату, қайта есептеу, ақшалай қаражатты қайтару, талаптарды өзгерту, қызметтерден бас тарту, ауыстыру, оқудан шығару, құжаттарды алу туралы талаптар және өзге де өтініштер Мектеп айқындаған өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы беріледі.	19.2. Все юридически значимые обращения Родителя к Школе, включая заявления, претензии, жалобы, запросы документов, требования о перерасчете, возврате денежных средств, изменении условий, отказе от услуг, переводе, отчислении, получении документов и иные обращения, подаются через официальные каналы взаимодействия, определенные Школой.
19.3. Өзара іс-қимылдың ресми арналарына мыналар жатқызылуы мүмкін:	19.3. К официальным каналам взаимодействия могут относиться:
19.3.1) Мектеп директорының атына жазбаша өтініш;	19.3.1) письменное заявление на имя директора Школы;
19.3.2) Мектептің электрондық поштасы;	19.3.2) электронная почта Школы;
19.3.3) LMS;	19.3.3) LMS;
19.3.4) жеке кабинет;	19.3.4) личный кабинет;
19.3.5) электрондық құжат айналымы;	19.3.5) электронный документооборот;
19.3.6) Мектеп өтініштерді қабылдау үшін ресми айқындаған мессенджер немесе телефон нөмірі;	19.3.6) мессенджер или телефонный номер, официально определенный Школой для приема обращений;
19.3.7) Мектеп Ата-ананың назарына жеткізген өзге де арналар.	19.3.7) иные каналы, доведенные Школой до сведения Родителя.
19.4. Егер Мектеп мұндай өтінішті ресми деп танымаса, бейресми ата-аналар чаттарындағы хабарлар, ауызша әңгімелер, әлеуметтік желілердегі пікірлер, жарияланымдар, аудио- және бейнехабарлар, үшінші тұлғаларға жіберілген хабарлар және коммуникацияның өзге де бейресми нысандары Мектепке жіберілген тиісті заңдық мәні бар өтініш болып есептелмейді.	19.4. Сообщения в неофициальных родительских чатах, устные разговоры, комментарии в социальных сетях, публикации, аудио- и видеосообщения, сообщения третьим лицам и иные неофициальные формы коммуникации не считаются надлежащим юридически значимым обращением в Школу, если Школа не признала такое обращение официальным.
19.5. Ата-ананың өтінішінде мыналар қамтылуға тиіс:	19.5. Обращение Родителя должно содержать:
19.5.1) Ата-ананың Т.А.Ә.;	19.5.1) ФИО Родителя;
19.5.2) Білім алушының Т.А.Ә.;	19.5.2) ФИО Учащегося;
19.5.3) Білім алушының сыныбы;	19.5.3) класс Учащегося;
19.5.4) Ата-ананың байланыс деректері;	19.5.4) контактные данные Родителя;
19.5.5) өтініштің мәні;	19.5.5) суть обращения;
19.5.6) нақты талап немесе сұрақ;	19.5.6) конкретное требование или вопрос;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
19.5.7) өтініш берілген күн;	19.5.7) дату обращения;
19.5.8) егер өтініш жазбаша нысанда берілсе, Ата-ананың қолы;	19.5.8) подпись Родителя, если обращение подается в письменной форме;
19.5.9) егер өтінішті Ата-ана емес адам берсе, сол адамның өкілеттіктерінің растамасы.	19.5.9) подтверждение полномочий лица, если обращение подает не Родитель.
19.6. Мектеп мынадай жағдайларда өтінішті мәні бойынша қараусыз қалдыруға не нақтылауды сұратуға құқылы:	19.6. Школа вправе оставить обращение без рассмотрения по существу либо запросить уточнение, если:
19.6.1) өтініш берушінің жеке басын анықтау мүмкін болмаса;	19.6.1) невозможно установить личность заявителя;
19.6.2) өтініш берушінің өкілеттіктерін растау мүмкін болмаса;	19.6.2) невозможно подтвердить полномочия заявителя;
19.6.3) өтініште мәселенің мәні немесе нақты талап қамтылмаса;	19.6.3) обращение не содержит сути вопроса или конкретного требования;
19.6.4) өтініште қорлау, қорқыту, былапыт сөздер, қысым көрсету, жала жабу немесе өзге де жол берілмейтін мәліметтер қамтылса;	19.6.4) обращение содержит оскорбления, угрозы, нецензурные выражения, давление, клевету или иные недопустимые сведения;
19.6.5) өтініш өзара іс-қимылдың ресми арнасы арқылы жіберілмесе және өтініш берушіні, оның өкілеттіктерін, талаптың мазмұнын немесе өтініш берілген күнді анық белгілеуге мүмкіндік бермесе;	19.6.5) обращение направлено не через официальный канал взаимодействия и не позволяет достоверно установить заявителя, его полномочия, содержание требования или дату обращения;
19.6.6) өтініш Ата-анаға ашылуы мүмкін емес басқа білім алушылар, ата-аналар, педагогтер немесе Мектеп қызметкерлері туралы мәліметтерге қатысты болса;	19.6.6) обращение касается сведений о других учащих, родителях, педагогах или работниках Школы, которые не могут быть раскрыты Родителю;
19.6.7) өтініш іс жүзінде Ата-ананың Мектептің білім беру, әдістемелік, кадрлық, әкімшілік, қаржылық, шаруашылық немесе басқару процесіне араласуын талап етсе, бұл ретте Мектеп Ата-ана құзыретінің шегі және мәселені қарау тәртібі туралы жалпы жауап беруге құқылы;	19.6.7) обращение фактически требует вмешательства Родителя в образовательный, методический, кадровый, административный, финансовый, хозяйственный или управленческий процесс Школы, при этом Школа вправе дать общий ответ о пределах компетенции Родителя и порядке рассмотрения вопроса;
19.6.8) өтініш Мектептің емес, мемлекеттік органдардың, соттың, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының, медициналық ұйымдардың немесе өзге де тұлғалардың құзыретіне жатса.	19.6.8) обращение относится к компетенции государственных органов, суда, органов опеки и попечительства, медицинских организаций или иных лиц, а не Школы.
19.7. Егер Ата-ананың өтініші құжаттар мен түсініктемелерді ұсынуды, LMS немесе бухгалтерлік есеп деректерін тексеруді, педагогтерден, Мектеп қызметкерлерінен, тамақтандыруды орындаушыдан, оператордан, тіркеушіден, эмитенттен, ақпараттық жүйеден немесе өзге де тұлғалардан мәліметтер алуды талап етсе, өтінішті қарау мерзімі тиісті мәліметтерді алу және тексеру үшін қажетті ақылға қонымды мерзімге ұзартылуы мүмкін.	19.7. Если обращение Родителя требует предоставления документов, объяснений, проверки данных LMS, бухгалтерского учета, сведений от педагогов, работников Школы, исполнителя питания, оператора, регистратора, эмитента, информационной системы или иных лиц, срок рассмотрения обращения может быть продлен на разумный срок, необходимый для получения и проверки соответствующих сведений.
19.8. Мектеп Ата-ананың өтініштерін ішкі тексеруді, қызметтік жазбаларды, қызметкерлердің түсініктемелерін, LMS-тің, электрондық журналдың, бейнебақылау камераларының деректерін, актілерді, хат алмасуды, құжаттарды, ақпараттық жүйелердің мәліметтерін және өзге де материалдарды ескере отырып қарауға құқылы.	19.8. Школа вправе рассматривать обращения Родителя с учетом внутренней проверки, служебных записок, объяснений работников, данных LMS, электронного журнала, камер видеонаблюдения, актов, переписки, документов, сведений информационных систем и иных материалов.
19.9. Мектептің Ата-ана өтінішіне жауабы өзара іс-қимылдың ресми арнасы арқылы, оның ішінде жазбаша жауап, электрондық пошта, LMS, жеке кабинет, мессенджер, электрондық құжат айналымы немесе Мектеп пайдаланатын өзге де арна арқылы жіберілуі мүмкін.	19.9. Ответ Школы на обращение Родителя может быть направлен через официальный канал взаимодействия, включая письменный ответ, электронную почту, LMS, личный кабинет, мессенджер, электронный документооборот или иной канал, используемый Школой.
19.10. Егер Мектептің хабарламалары, жауаптары, талаптары, шоттары, салыстырып тексеру актілері, ескертулері, наразылықтары және өзге де хабарлары Ата-ана ұсынған байланыс деректері бойынша өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы жіберілсе және Ата-ана мұндай деректердің өзгергені туралы Мектепті уақтылы хабардар етпесе, олар тиісінше жіберілген болып есептеледі.	19.10. Уведомления, ответы, требования, счета, акты сверки, предупреждения, претензии и иные сообщения Школы считаются направленными надлежащим образом, если они направлены по контактному данным, предоставленным Родителем, через официальные каналы взаимодействия, и Родитель своевременно не уведомил Школу об изменении таких данных.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
19.11. Ата-ана өтініштер қаралған кезде Мектеппен адал өзара іс-қимыл жасауға, құжаттарды, түсініктемелерді, растамаларды ұсынуға, кездесулерге келуге, мән-жайларды тексеруге кедергі келтірмеуге және Мектеп қызметкерлеріне қысым көрсетпеуге міндетті.	19.11. Родитель обязан добросовестно взаимодействовать со Школой при рассмотрении обращений, предоставлять документы, объяснения, подтверждения, являться на встречи, не препятствовать проверке обстоятельств и не оказывать давление на работников Школы.
19.12. Ата-ана тексерілмеген, көрінеу анық емес немесе Мектептің, педагогтердің, Мектеп қызметкерлерінің, білім алушылар мен ата-аналардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратпауға және үшінші тұлғалардың дербес деректерін жария етпеуге міндеттенеді. Осы шектеу Ата-ананы уәкілетті мемлекеттік органдарға, прокуратураға, сотқа жүгіну, заң көмегін алу және заңда белгіленген тәртіппен білім беру саясаты мәселелерін жария талқылауға қатысу құқығынан айырмайды.	19.12. Родитель обязуется не распространять непроверенные, заведомо недостоверные или порочащие честь, достоинство и деловую репутацию Школы, педагогов, работников Школы, учащихся и родителей сведения и не разглашать персональные данные третьих лиц. Настоящее ограничение не лишает Родителя права обращаться в уполномоченные государственные органы, прокуратуру, суд, получать юридическую помощь и участвовать в публичном обсуждении вопросов образовательной политики в установленном законом порядке.
19.13. Егер Мектептің шешімінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Ата-ананың өтініш, шағым, наразылық немесе арыз беруі осы офертаның қолданылуын, таңдалған қызметтерге ақы төлеу міндетін, Мектептің ішкі актілерін сақтау міндетін, Білім алушының сабаққа қатысуын қамтамасыз ету міндетін және Ата-ананың өзге де міндеттемелерін тоқтата тұрмайды.	19.13. Подача Родителем обращения, жалобы, претензии или заявления не приостанавливает действие настоящей оферты, обязанность оплаты выбранных услуг, обязанность соблюдения внутренних актов Школы, обязанность обеспечения посещаемости Учащегося и иные обязательства Родителя, если иное не установлено решением Школы или законодательством Республики Казахстан.
19.14. Қаржылық дау болған кезде Тараптар есеп айырысуларды салыстырып тексеруге құқылы. Берешектің, артық төлемнің мөлшерін, қайта есептеуді немесе қайтаруды айқындау үшін Мектептің бухгалтерлік есеп деректері, төлем құжаттары, шоттар, актілер, төлем жүйелерінің мәліметтері, қызметтер каталогы, Ата-ананың өтініштері және қызмет көрсетудің нақты кезеңі пайдаланылады.	19.14. При наличии финансового спора Стороны вправе провести сверку расчетов. Данные бухгалтерского учета Школы, платежные документы, счета, акты, сведения платежных систем, каталог услуг, заявления Родителя и фактический период оказания услуг используются для определения размера задолженности, переплаты, перерасчета или возврата.
19.15. Сабаққа қатысу, үлгерім, мінез-құлық, тәртіп, қызметтер көрсету, тамақтандыру, қосымша сабақтар, үйірмелер, секциялар мәселелері немесе өзге де мән-жайлар бойынша дау болған кезде Мектеп LMS-тің, электрондық журналдың, сабаққа қатысу журналдарының деректерін, актілерді, қызметтік жазбаларды, қызметкерлердің түсініктемелерін, бейнебақылау камераларының деректерін, сабақ кестесін, Ата-ананың өтініштерін және өзге де материалдарды басшылыққа алуға құқылы.	19.15. При наличии спора по вопросам посещаемости, успеваемости, поведения, дисциплины, оказания услуг, питания, дополнительных занятий, кружков, секций или иных обстоятельств Школа вправе руководствоваться данными LMS, электронного журнала, журналов посещаемости, актов, служебных записок, объяснений работников, камер видеонаблюдения, расписания, заявлений Родителя и иных материалов.
19.16. Білім беру ваучеріне, мемлекеттік білім беру тапсырысына, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасына, жекелеген ваучерге, ақпараттық жүйелерге, операторға, тіркеушіге, эмитентке немесе уәкілетті органдарға байланысты даулар тиісті тұлғалардың құзыретін және тиісті жүйелердің ресми деректерін ескере отырып шешіледі.	19.16. Споры, связанные с образовательным ваучером, государственным образовательным заказом, программой финансирования дополнительных услуг, отдельным ваучером, информационными системами, оператором, регистратором, эмитентом или уполномоченными органами, разрешаются с учетом компетенции соответствующих лиц и официальных данных соответствующих систем.
19.17. Мектеп мемлекеттік органдардың, оператордың, тіркеушінің, эмитенттің, соттың, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының, медициналық ұйымдардың, банктердің, төлем жүйелерінің, тамақтандыруды орындаушының немесе өзге де дербес тұлғалардың құзыретіне жататын мәселелерді шешуге міндетті емес.	19.17. Школа не обязана разрешать вопросы, относящиеся к компетенции государственных органов, оператора, регистратора, эмитента, суда, органов опеки и попечительства, медицинских организаций, банков, платежных систем, исполнителя питания или иных самостоятельных лиц.
19.18. Дауды келіссөздер, ресми хат алмасу немесе наразылық тәртібі арқылы реттеу мүмкін болмаған кезде дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.	19.18. При невозможности урегулировать спор путем переговоров, официальной переписки или претензионного порядка спор подлежит разрешению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
19.19. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзім белгіленбесе, Ата-ананың наразылықтары мен өтініштерін Мектеп олар өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы алынған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды. Жауап Ата-анаға жазбаша нысанда (оның ішінде электрондық нысанда) жіберіледі. Осы тәртіпті сақтау дауды сотқа дейінгі реттеу болып табылады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Мектептің жауабы болмаған не келісімге қол	19.19. Претензии и обращения Родителя рассматриваются Школой в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента их получения через официальные каналы взаимодействия, если иной срок не установлен законодательством Республики Казахстан. Ответ направляется Родителю в письменной форме (в том числе электронной). Соблюдение настоящего порядка является досудебным урегулированием спора. По истечении указанного срока при отсутствии ответа Школы либо при

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
жеткізілмеген жағдайда Ата-ана уәкілетті органдарға немесе сотқа жүгінуге құқылы.	недостижении согласия Родитель вправе обратиться в уполномоченные органы или суд.
19.20. Тараптардың келісімі бойынша дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медиация тәртібімен реттеуге берілуі мүмкін.	19.20. По соглашению Сторон спор может быть передан на урегулирование в порядке медиации в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
19.21. Егер берешек, Мектеп құқықтарының бұзылуы, қауіпсіздікке төнген қатер, іскерлік беделге нұқсан келтіру, дербес деректерді тарату, мүлікке келтірілген залал немесе өзге де бұзушылық соттық қорғауды талап етсе не сотқа дейінгі тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша міндетті болып табылмаса, Мектеп қосымша сотқа дейінгі наразылықсыз сотқа жүгінуге құқылы.	19.21. Школа вправе обратиться в суд без дополнительной досудебной претензии, если задолженность, нарушение прав Школы, угроза безопасности, нарушение деловой репутации, распространение персональных данных, ущерб имуществу или иное нарушение требует судебной защиты либо если досудебный порядок не является обязательным по законодательству Республики Казахстан.
19.22. Ата-ана Тараптар арасындағы барлық қатынастардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетінін растайды. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті нормаларында өзгеше тікелей көзделмесе, өзге мемлекеттердің құқығын қолдануға, дауды өзге юрисдикцияда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген қағидалар бойынша қарауға жол берілмейді.	19.22. Родитель подтверждает, что все отношения между Сторонами регулируются законодательством Республики Казахстан. Применение права иных государств, рассмотрение спора в иной юрисдикции или по правилам, не предусмотренным законодательством Республики Казахстан, не допускается, если иное прямо не предусмотрено обязательными нормами законодательства Республики Казахстан.
19.23. Осы офертада реттелмеген барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.	19.23. Все споры, не урегулированные настоящей офертой, разрешаются в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.
20-параграф. Қорытынды ережелер және қосымшалар	Параграф 20. Заключительные положения и приложения
20.1. Осы оферта Мектеп пен Ата-ана арасындағы шарттық қатынастардың жалпы талаптарын айқындайтын бірыңғай құжат болып табылады және акцепт-өтінішпен, жекелеген қызметтерге арналған өтініштермен, қызметтер каталогымен, қосымшалармен, Ата-ананың келісімдерімен және Мектептің ішкі актілерімен бірге қолданылады.	20.1. Настоящая оферта является единым документом, определяющим общие условия договорных отношений между Школой и Родителем, и применяется совместно с заявлением-акцептом, заявлениями на отдельные услуги, каталогом услуг, приложениями, соглашениями Родителя и внутренними актами Школы.
20.2. Осы офертаға барлық қосымшалар, акцепт-өтініштер, қызметтерге арналған өтініштер, қызметтер каталогтары, төлем кестелері, қағидалар, ережелер, келісімдер, хабарламалар, шоттар, салыстырып тексеру актілері, электрондық растаулар және Білім алушының оқуына және қызметтер көрсетуге байланысты ресімделген өзге де құжаттар Мектеп пен Ата-ана арасындағы шарттық қатынастардың бөлігі болып табылады.	20.2. Все приложения к настоящей оферте, заявления-акцепты, заявления на услуги, каталоги услуг, графики оплаты, правила, положения, согласия, уведомления, счета, акты сверки, электронные подтверждения и иные документы, оформленные в связи с обучением Учащегося и оказанием услуг, являются частью договорных отношений между Школой и Родителем.
20.3. Осы офертаға мынадай құжаттар қоса берілуі мүмкін:	20.3. К настоящей оферте могут прилагаться следующие документы:
20.3.1) Ата-ананың немесе заңды өкілдің акцепт-өтініші;	20.3.1) заявление-акцепт Родителя или законного представителя;
20.3.2) білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы және мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетігі бойынша оқыту шарттары туралы қосымша;	20.3.2) приложение об условиях обучения по образовательному ваучеру, государственному образовательному заказу и иному механизму государственного финансирования;
20.3.3) қызметтер каталогы, құны, жеңілдіктер, қызметтер пакеттері және төлем тәртібі;	20.3.3) каталог услуг, стоимость, скидки, пакеты услуг и порядок оплаты;
20.3.4) Білім алушыны тамақтандыруды ұйымдастыру туралы қосымша немесе жеке шарт;	20.3.4) приложение или отдельный договор об организации питания Учащегося;
20.3.5) қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасы, жекелеген ваучерлер және қызметтер пакеттері туралы қосымша;	20.3.5) приложение о дополнительных образовательных услугах, кружках, секциях, программе финансирования дополнительных услуг, отдельных ваучерах и пакетах услуг;
20.3.6) мақсаттары, деректер санаттары, міндетті алушылары, қолданылу мерзімі және келісімді кері қайтарып алу тәртібі көрсетілген, дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға және беруге арналған жеке келісім;	20.3.6) отдельное согласие на сбор, обработку, хранение, использование и передачу персональных данных с указанием целей, категорий данных, обязательных получателей, срока действия и порядка отзыва согласия;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
20.3.7) Білім алушы бейнеленген фото- және бейнематериалдарды жария түрде жариялауға келісім немесе одан бас тарту;	20.3.7) согласие или отказ на публичную публикацию фото- и видеоматериалов с изображением Учащегося;
20.3.8) білім беру процесі шеңберінде Білім алушыны психологиялық сүйемелдеуге келісім;	20.3.8) согласие на психологическое сопровождение Учащегося в пределах образовательного процесса;
20.3.9) Мектептің ішкі тәртіптеме қағидаларымен танысқанын растау;	20.3.9) подтверждение ознакомления с правилами внутреннего распорядка Школы;
20.3.10) Мектепке келу қағидаларымен танысқанын растау;	20.3.10) подтверждение ознакомления с правилами посещения Школы;
20.3.11) төлем туралы ережемен танысқанын растау;	20.3.11) подтверждение ознакомления с положением об оплате;
20.3.12) тамақтандыру туралы ережемен танысқанын растау;	20.3.12) подтверждение ознакомления с положением о питании;
20.3.13) қосымша білім беру қызметтері туралы ережемен танысқанын растау;	20.3.13) подтверждение ознакомления с положением о дополнительных образовательных услугах;
20.3.14) Мектеп мүлкін пайдалану қағидаларымен танысқанын растау;	20.3.14) подтверждение ознакомления с правилами пользования имуществом Школы;
20.3.15) Білім алушының оқуына және қызметтер көрсетуге байланысты Мектеп бекіткен немесе Ата-ана қол қойған өзге де құжаттар.	20.3.15) иные документы, утвержденные Школой или подписанные Родителем в связи с обучением Учащегося и оказанием услуг.
20.4. Егер тиісті қатынастар офертаның өзімен, Ата-ананың өтінішімен, қызметтер каталогымен, шотпен, хабарламамен, электрондық растаумен, қызметті іс жүзінде таңдаумен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелсе, жекелеген қосымшаның болмауы осы офертаны Мектеп пен Ата-ана арасындағы шарттық қатынастардың жалпы талаптары бөлігінде қолдануға кедергі келтірмейді. Бұл ретте нақты ақылы қызметтің құны, оны көрсету кезеңі, төлем тәртібі, қызметтен бас тарту тәртібі, қайта есептеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібі тиісті қызмет қосылғанға дейін Ата-анаға жеткізілуге және Ата-ананың өтінішімен, қосымшамен, қызметтер каталогымен, шотпен, төлеммен, электрондық растаумен не өзге де тіркелетін тәсілмен расталуға тиіс. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Тараптардың жеке жазбаша келісімінде өзгеше тікелей көзделмесе, Мектептің ішкі актілері, қызметтер каталогы, хабарламалар және өзге де құжаттар Ата-анаға оның жағдайын кері күшпен нашарлататын бөлігінде қолданылмайды.	20.4. Отсутствие отдельного приложения не препятствует применению настоящей оферты в части общих условий договорных отношений между Школой и Родителем, если соответствующие отношения урегулированы самой офертой, заявлением Родителя, каталогом услуг, счетом, уведомлением, электронным подтверждением, фактическим выбором услуги или законодательством Республики Казахстан. При этом стоимость конкретной платной услуги, период ее оказания, порядок оплаты, порядок отказа от услуги, порядок перерасчета и возврата денежных средств должны быть доведены до Родителя до подключения соответствующей услуги и подтверждены заявлением Родителя, приложением, каталогом услуг, счетом, оплатой, электронным подтверждением либо иным фиксируемым способом. Внутренние акты Школы, каталог услуг, уведомления и иные документы не применяются к Родителю в части ухудшения его положения задним числом, если иное прямо не предусмотрено законодательством Республики Казахстан или отдельным письменным соглашением Сторон.
20.5. Егер жекелеген қосымшада нақты қызмет бойынша арнайы талаптар қамтылса, мұндай арнайы талаптар, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы офертаның мәніне қайшы келмесе, тиісті қызметке осы офертаның жалпы талаптарынан басым қолданылады.	20.5. Если отдельное приложение содержит специальные условия по конкретной услуге, такие специальные условия применяются к соответствующей услуге преимущественно перед общими условиями настоящей оферты, если они не противоречат законодательству Республики Казахстан и существу настоящей оферты.
20.6. Егер осы офертаның, қосымшаның немесе Мектептің ішкі актісінің қандай да бір ережесі жарамсыз, заңсыз немесе қолданылмайтын деп танылса, бұл осы офертаның, қосымшалардың қалған ережелерінің және тұтастай шарттық қатынастардың жарамдылығына әсер етпейді.	20.6. Если какое-либо положение настоящей оферты, приложения или внутреннего акта Школы будет признано недействительным, незаконным или неприменимым, это не влияет на действительность остальных положений настоящей оферты, приложений и договорных отношений в целом.
20.7. Осы офертамен, өтініштермен, қосымшалармен, қызметтер каталогымен және Мектептің ішкі актілерімен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.	20.7. Вопросы, не урегулированные настоящей офертой, заявлениями, приложениями, каталогом услуг и внутренними актами Школы, регулируются законодательством Республики Казахстан.
20.8. Осы оферта қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Егер Ата-ана акцентті бір мезгілде екі тілдік нұсқа бойынша жасаса не акценттің тілдік нұсқасын анық айқындау мүмкін болмаса, Тараптар, мұндай редакция акцентке дейін Ата-анаға жеткізілген жағдайда, Мектеп негізгі ретінде орналастырған және бекіткен оферта редакциясын басшылыққа алады.	20.8. Настоящая оферта составлена на казахском и русском языках. Если Родитель совершил акцент одновременно на двух языковых версиях либо невозможно достоверно определить языковую версию акцента, Стороны руководствуются редакцией оферты, размещенной и утвержденной Школой в качестве основной, при условии, что такая редакция была доведена до Родителя до акцента.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ
20.9. Ата-ана осы офертаны акцептегенге дейін оған оферта талаптарымен, қосымшалармен, қызметтер каталогымен, Мектептің ішкі актілерімен, төлем тәртібімен, ваучерлік қаржыландыру шарттарымен, тамақтандыру қағидаларымен, қосымша қызметтермен, дербес деректермен, фото- және бейнематериалдармен, психологиялық сүйемелдеумен және өзге де елеулі талаптармен танысу мүмкіндігі берілгенін растайды. Негізгі құжаттармен танысу акцепт-өтініште, танысу туралы жеке белгіде, электрондық жүйеде немесе өзге де расталатын құжатта тіркеледі.	20.9. Родитель подтверждает, что до акцепта настоящей оферты ему была предоставлена возможность ознакомиться с условиями оферты, приложениями, каталогом услуг, внутренними актами Школы, порядком оплаты, условиями ваучерного финансирования, правилами питания, дополнительными услугами, персональными данными, фото- и видеоматериалами, психологическим сопровождением и иными существенными условиями. Ознакомление с ключевыми документами фиксируется в заявлении-акцепте, отдельной отметке об ознакомлении, электронной системе или ином подтверждаемом документе.
20.10. Осы офертаны акцептеу Ата-ананың мыналарды растайтынын білдіреді:	20.10. Акцепт настоящей оферты означает, что Родитель:
20.10.1) осы офертаның талаптарын оқып шыққанын және түсінгенін;	20.10.1) прочитал и понял условия настоящей оферты;
20.10.2) осы офертаның талаптарын толық және сөзсіз қабылдайтынын;	20.10.2) принимает условия настоящей оферты полностью и безусловно;
20.10.3) Білім алушының мүддесінде әрекет ететінін;	20.10.3) действует в интересах Учащегося;
20.10.4) Білім алушының мүдделерін білдіруге заңды өкілеттіктерінің бар екенін;	20.10.4) имеет законные полномочия представлять интересы Учащегося;
20.10.5) Мектепке анық құжаттар мен мәліметтер ұсынаатынын;	20.10.5) предоставляет Школе достоверные документы и сведения;
20.10.6) таңдалған ақылы қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттерді қабылдайтынын;	20.10.6) принимает обязанности по оплате выбранных платных услуг;
20.10.7) сабаққа қатысуды, тәртіпті, қауіпсіздікті, тәрбиені қамтамасыз ету және Мектеппен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі міндеттерді қабылдайтынын;	20.10.7) принимает обязанности по обеспечению посещаемости, дисциплины, безопасности, воспитания и взаимодействия со Школой;
20.10.8) осы офертаны орындау үшін қажетті көлемде дербес деректердің өңделуіне және берілуіне келісетінін;	20.10.8) соглашается с обработкой и передачей персональных данных в объеме, необходимом для исполнения настоящей оферты;
20.10.9) МЖМБС бойынша негізгі оқыту мен қосымша ақылы немесе қаржыландырылатын қызметтер арасындағы айырмашылықты түсінетінін;	20.10.9) понимает различие между основным обучением по ГОСО и дополнительными платными или финансируемыми услугами;
20.10.10) білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы, қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламасы, жекелеген ваучер немесе өзге де қаржыландыру тетігі тек расталған құқық болған кезде және расталған көлем шегінде қолданылатынын түсінетінін.	20.10.10) понимает, что образовательный ваучер, государственный образовательный заказ, программа финансирования дополнительных услуг, отдельный ваучер или иной механизм финансирования применяются только при наличии подтвержденного права и в пределах подтвержденного объема.
20.11. Егер осы офертаның талаптары, қол қойылған қосымшалар, таңдалған қызметтердің келісілген бағасы және Мектептің ішкі актілері Ата-анаға танысу үшін ұсынылса, орналастырылса немесе өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы жіберілсе, ал танысу фактісі немесе танысу мүмкіндігі акцепт-өтінішпен, танысу туралы белгімен, электрондық жүйемен, хабарламамен немесе өзге де жол берілетін дәлелмен расталса, Ата-ана мұндай құжаттардың талаптарын білмегеніне сілтеме жасауға құқылы емес.	20.11. Родитель не вправе ссылаться на незнание условий настоящей оферты, подписанных приложений, согласованной цены выбранных услуг и внутренних актов Школы, если такие документы были предоставлены Родителю для ознакомления, размещены или направлены через официальные каналы взаимодействия, а факт ознакомления или возможность ознакомления подтверждаются заявлением-акцептом, отметкой об ознакомлении, электронной системой, уведомлением или иным допустимым доказательством.
4.3. Использование мобильных телефонов и иных устройств во время занятий допускается только в порядке, установленном Школой. Запрещается несанкционированная фото-, видео- и аудиофиксация и распространение материалов с участием других лиц без законного основания.

5. Питание и пребывание

5.1. Питание организуется в порядке, предусмотренном Положением об организации питания (Приложение № 5). В столовой Учащийся соблюдает правила поведения и гигиены.

5.2. Во время перемен и пребывания в Школе Учащийся соблюдает требования безопасности и указания работников Школы.

6. Взаимодействие с Родителями

6.1. Обращения, заявления и уведомления подаются через официальные каналы взаимодействия, определённые Школой.

6.2. Родитель обязан являться в Школу по обоснованному вызову для обсуждения вопросов обучения, посещаемости, поведения, здоровья и безопасности Учащегося.

7. Ответственность

7.1. Нарушение настоящих Правил влечёт меры реагирования, предусмотренные параграфом 16 Оферты, с учётом характера нарушения, возраста Учащегося и необходимости обеспечения права на образование.

7.2. Вопросы, не урегулированные настоящими Правилами, регулируются Офертой, иными внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.

Утверждено приказом директора Школы № _____ от «__» _____ 20__ г.

ЖАРИЯ ОФЕРТАҒА № 7 ҚОСЫМША

Білім алушылардың мінез-құлық қағидалары

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» ЖШС (GYLYM MEKTEBI). 2026 жылғы 01 қыркүйектен бастап қолданылады.

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Қағидалар Мектептің жария офертасының (бұдан әрі – «Оферта») ажырамас бөлігі болып табылады және Білім алушылардың мінез-құлық нормаларын айқындайды.
- 1.2. Қағидалар Білім алушының жасын, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің басымдығын ескере отырып қолданылады және қауіпсіз әрі құрметке негізделген білім беру ортасын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Білім алушының негізгі міндеттері

- 2.1. Педагогтерге, Мектеп қызметкерлеріне, басқа білім алушыларға және олардың ата-аналарына құрметпен қарау; сыпайылық пен қадір-қасиет нормаларын сақтау.
- 2.2. Адал оқу, сабақтарға қатысу, білім беру процесі шеңберінде оқу тапсырмалары мен педагогтердің талаптарын орындау.
- 2.3. Тәртіпті, сабақ кестесін, қауіпсіздік талаптарын, Мектептің санитариялық және өзге де қағидаларын сақтау.
- 2.4. Мектептің, басқа білім алушылар мен қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарау.

3. Жол берілмейтін мінез-құлық

Оның ішінде мыналарға тыйым салынады:

- 3.1. физикалық зорлық-зомбылық, төбелес, қоқан-лоққы, соңына түсу, буллинг, қудалау, қорлау, бопсалау, қорқыту және өзге де агрессивті мінез-құлық;
- 3.2. білім беру процесіне кез келген қатысушыға қатысты балағаттау, дөрекілік, кемсітушілік;
- 3.3. мүлікті бүлдіру, зақымдау, жою немесе заңсыз пайдалану;
- 3.4. сабақтар мен іс-шараларды ұзу, тәртіпті жүйелі түрде бұзу;
- 3.5. академиялық адалдықты бұзу (көшіру, құжаттарды, бағаларды, қолтаңбаларды, электрондық деректерді қолдан жасау);
- 3.6. заңсыз фото-, бейне- және аудиотіркеу, сондай-ақ басқа адамдардың материалдарын немесе дербес деректерін заңды негізсіз тарату;
- 3.7. білім беру процесіне басқа қатысушылар туралы анық емес, абыройға нұқсан келтіретін немесе балағаттайтын мәліметтерді тарату;
- 3.8. LMS-ті, электрондық журналды, мектеп құрылғыларын, аккаунттарды және өзге де цифрлық ресурстарды пайдалану қағидаларын бұзу;
- 3.9. заңнамада немесе Мектептің ішкі актілерінде тыйым салынған заттар мен заттектерді алып кіру, сақтау немесе пайдалану.

4. Цифрлық этика

- 4.1. Білім алушы Мектептің цифрлық ресурстарын басқа адамдардың құқықтарын және құпиялылық режимін бұзбай, адал пайдаланады.
- 4.2. Басқа білім алушылар, ата-аналар және Мектеп қызметкерлері туралы құпия мәліметтер заңды негізсіз және уәкілетті адамдардың келісімінсіз таратылуға жатпайды.

5. Көтермелеу және ден қою шаралары

- 5.1. Мектеп Білім алушыларды оқудағы, тәртіптегі, шығармашылықтағы, спорттағы және қоғамдық өмірдегі жетістіктері үшін Мектеп белгілеген нысандарда көтермелеуге құқылы.
- 5.2. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін бұзушылықтың сипатын, Білім алушының жасын, бұзушылықтың қайталануын, салдарын және Білім алушының білім алу құқығын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, Офертаның 16-параграфында көзделген ден қою шаралары қолданылады. Оқудан шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында және Офертада белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен ғана қолданылады және құқыққа сыйымды өтініштер немесе шағымдар үшін ықпал ету шарасы ретінде пайдаланылмайды.

6. Қорытынды ережелер

Осы Қағидаларда реттелмеген мәселелер Офертамен, Мектептің өзге де ішкі актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Мектеп директорының 20__ ж. «__» _____ № _____ бұйрығымен бекітілген.

ПРИЛОЖЕНИЕ № 7 К ПУБЛИЧНОЙ ОФЕРТЕ

Правила поведения учащихся

ТОО «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» (GYLYM MEKTEBI). Действует с 01 сентября 2026 года.

1. Общие положения

1.1. Настоящие Правила являются неотъемлемой частью публичной оферты Школы (далее – «Оферта») и определяют нормы поведения Учащихся.

1.2. Правила применяются с учётом возраста Учащегося, приоритета его прав и законных интересов и направлены на обеспечение безопасной и уважительной образовательной среды.

2. Основные обязанности Учащегося

2.1. Уважительно относиться к педагогам, работникам Школы, другим учащимся и их родителям; соблюдать нормы вежливости и достоинства.

2.2. Добросовестно учиться, посещать занятия, выполнять учебные задания и требования педагогов в рамках образовательного процесса.

2.3. Соблюдать дисциплину, расписание, требования безопасности, санитарные и иные правила Школы.

2.4. Бережно относиться к имуществу Школы, других учащихся и работников.

3. Недопустимое поведение

Запрещается, в том числе:

3.1. физическое насилие, драки, угрозы, преследование, буллинг, травля, унижение, шантаж, запугивание и иное агрессивное поведение;

3.2. оскорбление, грубость, дискриминация в отношении любого участника образовательного процесса;

3.3. порча, повреждение, уничтожение или незаконное использование имущества;

3.4. срыв занятий и мероприятий, систематическое нарушение дисциплины;

3.5. нарушение академической честности (списывание, подлог документов, оценок, подписей, электронных данных);

3.6. незаконная фото-, видео- и аудиофиксация и распространение материалов или персональных данных других лиц без законного основания;

3.7. распространение недостоверных, порочащих или оскорбительных сведений о других участниках образовательного процесса;

3.8. нарушение правил пользования LMS, электронным журналом, школьными устройствами, аккаунтами и иными цифровыми ресурсами;

3.9. пронос, хранение или использование запрещённых законодательством или внутренними актами Школы предметов и веществ.

4. Цифровая этика

4.1. Учащийся использует цифровые ресурсы Школы добросовестно, не нарушая прав других лиц и режима конфиденциальности.

4.2. Конфиденциальные сведения о других учащихся, родителях и работниках Школы не подлежат распространению без законного основания и согласия уполномоченных лиц.

5. Поощрения и меры реагирования

5.1. Школа вправе поощрять Учащихся за успехи в учёбе, дисциплине, творчестве, спорте и общественной жизни в формах, установленных Школой.

5.2. За нарушение настоящих Правил применяются меры реагирования, предусмотренные параграфом 16 Оферты, с учётом характера нарушения, возраста Учащегося, повторности, последствий и необходимости обеспечения права Учащегося на образование. Отчисление применяется только по основаниям и в порядке, установленным законодательством Республики Казахстан и Офертой, и не используется как мера воздействия за правомерные обращения или жалобы.

6. Заключительные положения

Вопросы, не урегулированные настоящими Правилами, регулируются Офертой, иными внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.

Утверждено приказом директора Школы № _____ от «___» _____ 20__ г.

ЖАРИЯ ОФЕРТАҒА № 8 ҚОСЫМША

Білім беру ваучері, мемлекеттік білім беру тапсырысы және мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетіктері бойынша оқыту шарттары туралы ереже

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» ЖШС (GYLYM MEKTEBI), БСН 221040010748, Қазақстан Республикасы, Екібастұз қаласы, Естай Беркімбаев көшесі, 120-ғимарат.

Жария офорта редакциясы: 2026 жылғы «18» маусым. 2026 жылғы «01» қыркүйектен бастап қолданылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Мектептің жария офортасының (бұдан әрі – «Офорта») ажырамас бөлігі болып табылады және Білім алушының оқуына білім беру ваучерін, мемлекеттік білім беру тапсырысын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мемлекеттік қаржыландырудың өзге де тетіктерін қолданудың шарттарын, тәртібін және салдарын айқындайды.

1.2. Осы Ереже Офортаның 20.3-тармағының 2) тармақшасын орындау үшін қабылданды және Офортаның 5-параграфымен, Қызметтер каталогымен (№ 2 қосымша) және Акцепт-өтінішпен (№ 1 қосымша) бірге қолданылады.

1.3. Осы Ережеде пайдаланылатын терминдер Офортаның 2-параграфында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мағыналарда қолданылады.

1.4. Мемлекеттік қаржыландыру расталған көлем шегінде тек мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) бойынша негізгі оқытуды ғана өтейді. Тамақтандыру, қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар, тьюторлық, өзіндік дайындық, бейімдеу, ұзартылған күн және өзге де ілеспе қызметтер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тиісті бағдарламаның талаптарында өзгеше тікелей көзделмесе, мемлекеттік қаржыландырумен өтелмейді.

2. Білім алушыны қаржыландыру туралы мәліметтер

Білім алушының Т.А.Ә.	
Білім алушының ЖСН-і	
Сыныбы / оқыту тілі	_____ сынып / ☐ қазақ тілі ☐ орыс тілі
Қаржыландыру тетігі	☐ білім беру ваучері ☐ мемлекеттік білім беру тапсырысы ☐ өзге тетік: _____ ☐ қаржыландыру жоқ
Эмитент / уәкілетті орган	
Растаудың (ваучердің, шарттың, шешімнің) нөмірі мен күні	
Қаржыландырудың расталған көлемі, теңге/ай	
Қаржыландырудың қолданылу кезеңі	20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ дейін
Каталог бойынша негізгі оқыту құны, теңге/ай	
Ата-ана төлеуге тиіс айырма (бар болса), теңге/ай	

Қаржыландырудың расталған көлемінен асатын айырманы Ата-ана тек қол қойылған № 17 қосымша (ақылы негізгі оқытуға келісім) болған кезде ғана төлейді.

3. Қаржыландыруды қолдану негіздері

3.1. Ата-ана үшін тегін негізгі оқыту шарттарын қолдануға мыналардың бір мезгілде болуы негіз болып табылады:

3.1.1) Ата-ананың өтініші (Акцепт-өтініш не қаржыландыру бағдарламасына қатысуға арналған жеке өтініш);

3.1.2) Білім алушының тиісті қаржыландыру тетігіне құқығы туралы расталған мәліметтер;

3.1.3) қаржыландыру мәртебесінің мемлекеттік ақпараттық жүйеде, тізілімде не уәкілетті органның құжатында расталуы;

3.1.4) Білім алушының директордың бұйрығымен Мектепке іс жүзінде оқуға қабылдануы.

3.2. Қаржыландыру мәртебесі расталғанға дейін Мектеп Ата-ана үшін тегін негізгі оқыту шарттарын қолдануды кейінге қалдыруға құқылы. Шарттарды қолданудың кейінге қалдырылуы оқуға қабылдаудан бас тарту болып табылмайды және білім беру процесін тоқтата тұрмайды.

3.3. Білім алушының алдыңғы оқу жылында қаржыландыруға құқығының болуы мұндай құқықтың келесі оқу жылында автоматты түрде сақталуын білдірмейді. Егер тиісті бағдарламаның қағидаларында өзгеше белгіленбесе, растау әрбір оқу жылына жеке ресімделеді.

3.4. Мектеп қаржыландырудың кепілді түрде алынуы, сақталуы, ұзартылуы немесе қалпына келтірілуі жөнінде міндеттемелер қабылдамайды және уәкілетті органдар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелер операторларының шешімдері, әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді.

4. Ата-ананың міндеттері

4.1. Ата-ана қаржыландыруды ресімдеу, растау, ұзарту және сақтау үшін қажетті барлық әрекеттерді уақтылы және толық көлемде жасауға міндетті, оның ішінде:

4.1.1) уәкілетті органға не мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы өтініш беру;

4.1.2) Мектепке Білім алушы туралы және өзі туралы анық құжаттар мен мәліметтер ұсыну;

4.1.3) электрондық сәйкестендіру мен растау рәсімдерінен өту, оның ішінде ЭЦҚ, SMS-растау, egov.kz порталы, жеке кабинет немесе тиісті жүйе қолданатын өзге де тәсіл арқылы;

4.1.4) мәліметтердің өзектілігін қолдап отыру және өзгерістер туралы Мектепті дереу хабардар ету;

4.1.5) Білім алушыны қаржыландыруға қатысты кез келген шешімдердің, хабарламалардың немесе сұрау салулардың уәкілетті органнан келіп түскені туралы Мектепті хабардар ету – оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

4.2. Ата-ана Білім алушының сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Ата-ана мынаны түсінетінін растайды: сабаққа қатысу қаржыландыруды растау, оны сақтау және оның көлемі үшін, сондай-ақ Мектеп пен уәкілетті орган арасындағы есеп айырысулар үшін маңызды болуы мүмкін.

4.3. Ата-ана қаржыландыру құқығының тоқтатылуына, тоқтатыла тұруына немесе өзгеруіне әкеп соғатын кез келген мән-жайдың басталғаны туралы, оның ішінде Білім алушының басқа білім беру ұйымына ауысуы, тұрғылықты жерінің өзгеруі, отбасы құрамының немесе заңды өкіл мәртебесінің өзгеруі туралы Мектепті дереу хабардар етуге міндетті.

4.4. Егер құжаттар мен мәліметтерді ұсынбау, уақтылы ұсынбау немесе анық емес құжаттар мен мәліметтер ұсыну қаржыландырудан бас тартуға, оны тоқтата тұруға, жоюға, бюджет қаражатын қайтаруға не уәкілетті органның төлемнен бас тартуына әкеп соққан болса, мұның салдары үшін Ата-ана жауапты болады.

5. Мектептің міндеттері

5.1. Мектеп қаржыландыру көзіне қарамастан, Білім алушы Мектепте есепте тұрған бүкіл кезең ішінде оның МЖМБС бойынша негізгі оқытуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

5.2. Мектеп өз тарапынан қаржыландыру бағдарламасына қатысу үшін қажетті әрекеттерді, оның ішінде білім беру ұйымының құзыретіне жатқызылған шектерде мемлекеттік ақпараттық жүйелерде мәліметтер беруді және растауды жүзеге асырады.

5.3. Мектеп қаржыландырудың расталғаны, тоқтатыла тұрғаны, өзгергені, жойылғаны немесе тоқтатылғаны туралы мәліметтердің алынғаны жөнінде Ата-ананы өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабардар етеді – тиісті мән-жай Мектепке белгілі болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей.

5.4. Мектеп әрбір Білім алушы бойынша қолданылған қаржыландырудың есебін жүргізеді және оны Ата-анамен есеп айырысуларда, шоттарда және салыстырып тексеру актілерінде көрсетеді.

6. Ата-ана төлейтін соманы есептеу тәртібі

6.1. Есептік кезең үшін Ата-ана төлеуге тиіс сома мына формула бойынша айқындалады:

Төленетін сома = Каталог бойынша таңдалған қызметтер пакетінің құны – Сол кезеңдегі мемлекеттік қаржыландырудың расталған көлемі – Берілген жеңілдіктер

6.2. Мемлекеттік қаржыландыру тек МЖМБС бойынша негізгі оқыту құнының есебіне ғана есепке алынады және тамақтандырудың, қосымша білім беру қызметтерінің, үйірмелердің, секциялардың және өзге де ілеспе қызметтердің құнын азайтпайды.

6.3. Егер қаржыландырудың расталған көлемі Каталог бойынша негізгі оқыту құнынан аз болса, айырманы Ата-ана тек оның жеке жазбаша келісімі (№ 17 қосымша) болған кезде ғана төлейді. Мұндай келісім болмаған кезде Мектеп осы Ереженің 8-бөлімінде көзделген тәртіпті қолдануға құқылы.

6.4. Егер қаржыландырудың расталған көлемі Каталог бойынша негізгі оқыту құнынан асып түссе, асып кеткен сома, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Ата-анаға төленуге, өзге қызметтердің есебіне есепке алынуға немесе өзгеше пайдаланылуға жатпайды.

6.5. Есептік кезең ішінде қаржыландыру көлемі өзгерген кезде қайта есептеу тиісті көлем қолданыста болған оқу күндерінің санына барабар жүргізіледі.

7. Қаржыландыруды тоқтата тұру, жою және растамау

7.1. Мектепке байланысты емес себептер бойынша қаржыландыру жойылған, тоқтатыла тұрған, тоқтатылған, расталмаған, бұғатталған, оны пайдалану мүмкін болмаған не оны Мектеп алмаған жағдайда мынадай тәртіп қолданылады:

Мән-жай	Мектептің әрекеттері	Ата-ана үшін салдары
Қаржыландыру есептік кезеңнің басына қарай расталмаған	Соманы және мерзімді көрсете отырып, Ата-ананы хабардар ету (А-11 / А-07 нысаны)	Негізгі оқыту жалғасады; төлем мәселесі 8-бөлім бойынша шешіледі
Қаржыландыру тоқтатыла тұрған	Ата-ананы хабардар ету; уәкілетті органнан мәліметтер сұрату	Ата-ананың тоқтата тұру себебін 10 жұмыс күні ішінде жою міндеті
Қаржыландыру Ата-анаға байланысты себептер бойынша жойылған	Ата-ананы хабардар ету; жойылған күннен бастап қайта есептеу	№ 17 қосымша болған кезде жойылған күннен бастап негізгі оқытуға ақы төлеу
Қаржыландыру уәкілетті органның шешімі бойынша тоқтатылған	Ата-ананы хабардар ету; 8-бөлім бойынша нұсқалар ұсыну	Ата-ананың ақылы оқыту мен басқа білім беру ұйымына ауысу арасында таңдау жасауы

7.2. Қаржыландырудың тоқтатылуы немесе расталмауы өздігінен білім беру процесін дереу тоқтату үшін негіз болып табылмайды. Білім алушы мәселе осы Ереженің 8-бөлімінің тәртібімен шешілгенге дейін не шарттық қатынастар Офертаның 17-параграфының тәртібімен тоқтатылғанға дейін оқуын жалғастырады.

7.3. Егер бюджет қаражатын қайтару Мектептен Ата-анаға немесе Білім алушыға байланысты себептер бойынша (анық емес мәліметтер, сабаққа қатыспау, құжаттарды ұсынбау) талап етілсе, Ата-ана Мектепке тиісті соманы уәкілетті органның құжаты қоса берілген Мектеп хабарламасының негізінде өтейді.

8. Ақылы негізгі оқытуға көшу

8.1. Расталған қаржыландыру болмаған кезде Мектеп Ата-анаға мыналарды көрсете отырып хабарлама жібереді: қаржыландыру болмаған кезеңді; осы кезеңдегі негізгі оқыту құнын; төлем мерзімі мен тәртібін; балама нұсқаларды.

8.2. Ата-ана хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мына нұсқалардың бірін таңдайды:

8.2.1) № 17 қосымшаға қол қою және негізгі оқыту ақысын өз бетінше төлеу;

8.2.2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Білім алушыны басқа білім беру ұйымына ауыстыруға бастамашылық жасау;

8.2.3) бұл туралы Мектепті хабардар ете отырып, қаржыландыру құқығын қалпына келтіру немесе растау үшін уәкілетті органға жүгіну.

8.3. Негізгі оқытуға ақы төлеу Ата-анаға тек қол қойылған № 17 қосымшада көрсетілген күннен бастап қана жүктеледі және, егер Ата-ана бұған тікелей және жазбаша нысанда келісім білдірмесе, қол қоюға дейінгі кезең үшін кері күшпен есептелмейді.

8.4. Ата-ананың 8.2-тармақта белгіленген мерзімде жауап бермеуі төлем жасау міндетін туғызбайды, бірақ Офертаның 17-параграфының тәртібімен шарттық қатынастарды тоқтату туралы мәселені қарауға және Білім алушыны білім беру ұйымына орналастыру қажеттігі туралы білім беру саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге негіз болып табылады.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Мемлекеттік қаржыландыруды тағайындауға, оның көлеміне, расталуына, тоқтатыла тұруына немесе тоқтатылуына байланысты дауларды Ата-ана уәкілетті органмен тікелей шешеді. Мектеп өз құзыреті шегінде жәрдем көрсетеді және өзінде бар құжаттарды ұсынады.

9.2. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Офертамен, Қызметтер каталогымен, Мектептің ішкі актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

GYLYM МЕКТЕБІ директорының 20__ ж. «__» _____ № _____ бұйрығымен бекітілді.

Директор _____ / _____ М.О.

ПРИЛОЖЕНИЕ № 8 К ПУБЛИЧНОЙ ОФЕРТЕ

Положение об условиях обучения по образовательному ваучеру, государственному образовательному заказу и иным механизмам государственного финансирования

ТОО «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» (GYLYM МЕКТЕБІ), БИН 221040010748, Республика Казахстан, г. Экибастуз, ул. Естая Беркимбаева, зд. 120.

Редакция публичной оферты: «18» июня 2026 года. Действует с «01» сентября 2026 года.

1. Общие положения

1.1. Настоящее Положение является неотъемлемой частью публичной оферты Школы (далее – «Оферта») и определяет условия, порядок и последствия применения к обучению Учащегося образовательного ваучера, государственного образовательного заказа и иных механизмов государственного финансирования, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

1.2. Настоящее Положение принято во исполнение подпункта 2) пункта 20.3 Оферты и применяется совместно с параграфом 5 Оферты, Каталогом услуг (Приложение № 2) и Заявлением-акцептом (Приложение № 1).

1.3. Термины, используемые в настоящем Положении, применяются в значениях, установленных параграфом 2 Оферты и законодательством Республики Казахстан.

1.4. Государственное финансирование покрывает исключительно основное обучение по государственному общеобязательному стандарту образования (ГОСО) в пределах подтвержденного объема. Питание, дополнительные образовательные услуги, кружки, секции, тьюторство, самоподготовка, адаптация, продленный день и иные сопутствующие услуги государственным финансированием не покрываются, если иное прямо не предусмотрено законодательством Республики Казахстан или условиями соответствующей программы.

2. Сведения о финансировании Учащегося

ФИО Учащегося	
ИИН Учащегося	
Класс / язык обучения	_____ класс / ☐ казахский ☐ русский
Механизм финансирования	☐ образовательный ваучер ☐ государственный образовательный заказ ☐ иной механизм: _____ ☐ финансирование отсутствует
Эмитент / уполномоченный орган	
Номер и дата подтверждения (ваучера, договора, решения)	
Подтвержденный объем финансирования, тг/мес	
Период действия финансирования	с «___» _____ 20__ г. по «___» _____ 20__ г.
Стоимость основного обучения по Каталогу, тг/мес	
Разница, подлежащая оплате Родителем (при наличии), тг/мес	

Разница, превышающая подтвержденный объем финансирования, подлежит оплате Родителем только при наличии подписанного Приложения № 17 (согласие на платное основное обучение).

3. Основания применения финансирования

3.1. Основанием для применения условий бесплатного для Родителя основного обучения является одновременное наличие:

3.1.1) заявления Родителя (Заявление-акцепт либо отдельное заявление на участие в программе финансирования);

3.1.2) подтвержденных сведений о праве Учащегося на соответствующий механизм финансирования;

3.1.3) подтверждения статуса финансирования в государственной информационной системе, реестре либо документе уполномоченного органа;

3.1.4) фактического зачисления Учащегося в Школу приказом директора.

3.2. До подтверждения статуса финансирования Школа вправе отложить применение условий бесплатного для Родителя основного обучения. Отложение применения условий не является отказом в зачислении и не приостанавливает образовательный процесс.

3.3. Наличие у Учащегося права на финансирование в предыдущем учебном году не означает автоматического сохранения такого права в последующем учебном году. Подтверждение оформляется на каждый учебный год отдельно, если иное не установлено правилами соответствующей программы.

3.4. Школа не принимает на себя обязательства по гарантированному получению, сохранению, продлению или восстановлению финансирования и не отвечает за решения, действия или бездействие уполномоченных органов и операторов государственных информационных систем.

4. Обязанности Родителя

4.1. Родитель обязан своевременно и в полном объеме совершить все действия, необходимые для оформления, подтверждения, продления и сохранения финансирования, включая:

4.1.1) подачу заявления в уполномоченный орган либо через государственную информационную систему;

4.1.2) предоставление Школе достоверных документов и сведений об Учащемся и о себе;

4.1.3) прохождение процедур электронной идентификации и подтверждения, включая ЭЦП, SMS-подтверждение, портал egov.kz, личный кабинет или иной способ, применяемый соответствующей системой;

4.1.4) поддержание актуальности сведений и незамедлительное уведомление Школы об изменениях;

4.1.5) уведомление Школы о поступлении из уполномоченного органа любых решений, уведомлений или запросов, касающихся финансирования Учащегося, – в течение 3 (трёх) рабочих дней с даты получения.

4.2. Родитель обязан обеспечивать посещаемость Учащегося. Родитель подтверждает, что понимает: посещаемость может иметь значение для подтверждения, сохранения и объёма финансирования, а также для расчётов между Школой и уполномоченным органом.

4.3. Родитель обязан незамедлительно уведомить Школу о наступлении любого обстоятельства, влекущего прекращение, приостановление или изменение права на финансирование, включая перевод Учащегося в другую организацию образования, изменение места жительства, изменение состава семьи или статуса законного представителя.

4.4. Родитель несёт ответственность за последствия непредоставления, несвоевременного предоставления или предоставления недостоверных документов и сведений, если это повлекло отказ в финансировании, его приостановление, аннулирование, возврат бюджетных средств либо отказ уполномоченного органа в оплате.

5. Обязанности Школы

5.1. Школа обеспечивает организацию основного обучения Учащегося по ГОСО независимо от источника финансирования в течение всего периода, пока Учащийся числится в Школе.

5.2. Школа осуществляет со своей стороны действия, необходимые для участия в программе финансирования, включая подачу и подтверждение сведений в государственных информационных системах в пределах, отнесённых к компетенции организации образования.

5.3. Школа информирует Родителя через официальные каналы взаимодействия о получении сведений о подтверждении, приостановлении, изменении, аннулировании или прекращении финансирования – не позднее 5 (пяти) рабочих дней с даты, когда Школе стало известно о соответствующем обстоятельстве.

5.4. Школа ведёт учёт применённого финансирования по каждому Учащемуся и отражает его в расчётах с Родителем, в счетах и в актах сверки.

6. Порядок расчёта суммы к оплате Родителем

6.1. Сумма, подлежащая оплате Родителем за расчётный период, определяется по формуле:

Сумма к оплате = Стоимость выбранного пакета услуг по КATALOGУ – Подтверждённый объём государственного финансирования за тот же период – Предоставленные скидки

6.2. Государственное финансирование засчитывается исключительно в счёт стоимости основного обучения по ГОСО и не уменьшает стоимость питания, дополнительных образовательных услуг, кружков, секций и иных сопутствующих услуг.

6.3. Если подтверждённый объём финансирования меньше стоимости основного обучения по КATALOGУ, разница подлежит оплате Родителем только при наличии его отдельного письменного согласия (Приложение № 17). При отсутствии такого согласия Школа вправе применить порядок, предусмотренный разделом 8 настоящего Положения.

6.4. Если подтверждённый объём финансирования превышает стоимость основного обучения по КATALOGУ, превышение не подлежит выплате Родителю, зачёту в счёт иных услуг или иному использованию, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.

6.5. При изменении объёма финансирования в течение расчётного периода перерасчёт производится пропорционально количеству учебных дней действия соответствующего объёма.

7. Приостановление, аннулирование и неподтверждение финансирования

7.1. В случае аннулирования, приостановления, прекращения, неподтверждения, блокирования, невозможности использования либо неполучения Школой финансирования по причинам, не зависящим от Школы, применяется следующий порядок:

Обстоятельство	Действия Школы	Последствия для Родителя
Финансирование не подтверждено к началу расчётного периода	Уведомление Родителя (форма А-11 / А-07) с указанием суммы и срока	Основное обучение продолжается; вопрос оплаты разрешается по разделу 8
Финансирование приостановлено	Уведомление Родителя; запрос сведений у уполномоченного органа	Обязанность Родителя устранить причину приостановления в течение 10 рабочих дней
Финансирование аннулировано по причинам, зависящим от Родителя	Уведомление Родителя; перерасчёт с даты аннулирования	Оплата основного обучения с даты аннулирования при наличии Приложения № 17
Финансирование прекращено по решению уполномоченного органа	Уведомление Родителя; предложение вариантов по разделу 8	Выбор Родителя между платным обучением и переводом в другую организацию образования

7.2. Прекращение или неподтверждение финансирования само по себе не является основанием для немедленного прекращения образовательного процесса. Учащийся продолжает обучение до разрешения вопроса в порядке раздела 8 настоящего Положения либо до прекращения договорных отношений в порядке параграфа 17 Оферты.

7.3. Если возврат бюджетных средств истребован от Школы по причинам, зависящим от Родителя или Учащегося (недостоверные сведения, непосещаемость, непредоставление документов), Родитель возмещает Школе соответствующую сумму на основании уведомления Школы с приложением документа уполномоченного органа.

8. Переход на платное основное обучение

8.1. При отсутствии подтверждённого финансирования Школа направляет Родителю уведомление с указанием: периода, за который финансирование отсутствует; стоимости основного обучения за этот период; срока и порядка оплаты; альтернативных вариантов.

8.2. Родитель в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты получения уведомления выбирает один из вариантов:

8.2.1) подписать Приложение № 17 и оплачивать основное обучение самостоятельно;

8.2.2) инициировать перевод Учащегося в другую организацию образования в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан;

8.2.3) обратиться в уполномоченный орган за восстановлением или подтверждением права на финансирование, уведомив об этом Школу.

8.3. Плата за основное обучение возлагается на Родителя исключительно с даты, указанной в подписанном Приложении № 17, и не может быть начислена ретроспективно за период, предшествующий подписанию, если Родитель не выразил на это согласие прямо и в письменной форме.

8.4. Отсутствие ответа Родителя в срок, установленный пунктом 8.2, не создаёт обязанности по оплате, но является основанием для рассмотрения вопроса о прекращении договорных отношений в порядке параграфа 17 Оферты и для уведомления уполномоченного органа в сфере образования о необходимости определения Учащегося в организацию образования.

9. Заключительные положения

9.1. Споры, связанные с назначением, объёмом, подтверждением, приостановлением или прекращением государственного финансирования, разрешаются Родителем непосредственно с уполномоченным органом. Школа оказывает содействие в пределах своей компетенции и предоставляет имеющиеся у неё документы.

9.2. Вопросы, не урегулированные настоящим Положением, регулируются Офертой, Каталогом услуг, внутренними актами Школы и законодательством Республики Казахстан.

Утверждено приказом директора GYLYM MEKTEBI № _____ от «__» _____ 20__ г.

Директор _____ / _____ М.П.

ЖАРИЯ ОФЕРТАҒА № 9 ҚОСЫМША

Қосымша білім беру қызметтері, үйірмелер, секциялар және қызметтер пакеттері туралы ереже

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» ЖШС (GYLYM MEKTEBI), БСН 221040010748, Қазақстан Республикасы, Екібастұз қаласы, Естай Беркімбаев көшесі, 120-ғимарат.

Жария офертаның редакциясы: 2026 жылғы «18» маусым. 2026 жылғы «01» қыркүйектен бастап қолданылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Офертаның ажырамас бөлігі болып табылады, Офертаның 20.3-тармағының 5) тармақшасын орындау үшін қабылданды және қосымша білім беру қызметтерін ұсыну, қосу, оларға ақы төлеу, оларды тоқтата тұру және тоқтату тәртібін айқындайды.

1.2. Қосымша білім беру қызметтері МЖМБС бойынша негізгі оқытудың құрамына кірмейді, одан тыс көрсетіледі және оларды Ата-ана ерікті түрде таңдайды.

1.3. Қосымша қызметтерді таңдау немесе олардан бас тарту Білім алушының МЖМБС бойынша негізгі білім алу құқығына, оны оқуға қабылдауға, ауыстыруға және аттестаттауға әсер етпейді.

2. Қосымша қызметтердің түрлері

Санаты	Құрамы	Ұйымдастыру нысаны
Үйірмелер мен секциялар	шығармашылық, спорттық, зияткерлік бірлестіктер	топтық, сабақ кестесі бойынша
STREAM-компонент	жобалық және зерттеу қызметі	топтық, сабақ кестесі бойынша
Тьюторлық	жеке білім беру траекториясын сүйемелдеу	жеке немесе шағын топ
Өзіндік дайындық	педагогтің сүйемелдеуімен үй тапсырмаларын орындау	топтық
Бейімдеу	жаңадан оқуға түскен және бейімделу қиындықтары бар білім алушыларды сүйемелдеу	топтық немесе жеке
Жеке сабақтар	оқу жоспарынан тыс жекелеген пәндер бойынша сабақтар	жеке
Ұзартылған күн	Білім алушының сабақтар аяқталғаннан кейін болуы	топтық
Өзге қызметтер	Қызметтер каталогы бойынша (№ 2 қосымша)	қызметтің сипаттамасы бойынша

Оқу жылында қолданылатын қызметтердің нақты тізбесі Мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі және Ата-анаға өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы жеткізіледі.

3. Қосу тәртібі

3.1. Қызмет мыналардың негізінде қосылады: Ата-ананың өтініші (Ф-01 нысаны), қызметті жеке кабинетте немесе LMS-те таңдау, таңдалған қызметтер пакеті не тиісті қызметке ақы төлеу.

3.2. Қызметті қосу талаптардың акцептін тек осы қызметке қатысты растайды және өзге қызметтер бойынша талаптарды өзгертпейді.

3.3. Егер Мектеп өзгеше көрсетпесе, қызмет Ата-ананың өтінішінде көрсетілген күннен бастап не төлем күнінен кейінгі есептік кезеңнің бірінші күнінен бастап қосылған болып есептеледі.

3.4. Мектеп мынадай жағдайларда қызметті қосудан бас тартуға құқылы: топта бос орын болмағанда; топтың ең аз толымдылығына қол жеткізілмегенде; Білім алушы қызметтің жас бойынша, медициналық немесе біліктілік талаптарына сәйкес келмегенде; медициналық рұқсат, нысанды киім, керек-жарақ немесе өзге де қажетті шарт болмағанда; бұрын көрсетілген қызметтер бойынша берешек болғанда.

4. Топтар, сабақ кестесі, толымдылық

4.1. Сабақтар Мектеп бекітетін сабақ кестесі бойынша өткізіледі. Сабақ кестесі оқу жылы ішінде Ата-анаға өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы хабарлана отырып түзетілуі мүмкін.

4.2. Топтың ең аз және ең көп толымдылығын Мектеп әрбір қызмет түрі бойынша белгілейді. Ең аз толымдылыққа қол жеткізілмеген кезде Мектеп топты ашпауға, топтарды біріктіруге не Ата-анаға балама қызметті немесе көрсетілмеген қызмет үшін төлемді қайтаруды ұсынуға құқылы.

4.3. Мектеп қызметтің көлемі мен мазмұнын сақтай отырып, педагогті ауыстыруға, топтардың құрамын, сабақтардың өткізілетін орны мен уақытын өзгертуге құқылы.

4.4. Мектептің кінәсінен өтпей қалған сабақ Ата-анаға хабарлана отырып, Мектептің таңдауы бойынша басқа уақытқа ауыстырылады не қайта есептеу арқылы өтеледі.

5. Сабақ жіберу және қайта есептеу

5.1. Білім алушы Мектепке байланысты емес себептермен қатыспаған сабақ көрсетілген болып есептеледі және 5.2-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта есептеуге жатпайды.

5.2. Қайта есептеу мынадай жағдайларда жүргізіледі: Білім алушының ауруы медициналық құжатпен расталғанда; карантин ресми түрде жарияланғанда; болмау Мектеппен кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жазбаша келісілгенде; сабақты Мектеп өз бастамасы бойынша басқа уақытқа ауыстырмастан болдырмағанда.

5.3. Қайта есептеу № 10 қосымшада белгіленген тәртіппен жүргізіледі және келесі есептік кезең үшін шот ұсынылған кезде ескеріледі.

5.4. Мектеп Білім алушы Мектепке байланысты емес себептермен жіберіп алған сабақтардың орнына қосымша, қайталама немесе жеке сабақтарды өтеусіз негізде өткізуге міндетті емес.

6. Қызметтен бас тарту және пакетті өзгерту

6.1. Ата-ана кез келген уақытта өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы Ф-02 нысаны бойынша өтініш беру арқылы қосымша қызметтен бас тартуға құқылы.

6.2. Егер Мектеп неғұрлым ерте күнді келіспесе, бас тарту өтініш берілген кезеңнен кейінгі есептік кезеңнің бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

6.3. Пакетке кіретін қызметтен бас тартқан кезде пакеттік жеңілдік қайта есептеледі: қалған қызметтердің ақысы бас тарту күшіне енген күннен бастап Каталогтың базалық құны бойынша есептеледі. Мұндай қайта есептеу тұрақсыздық айыбы, айыппұл немесе санкция болып табылмайды.

6.4. Бұрын ажыратылған қызметті қайта қосу бос орындар болған кезде және қайта қосу күні қолданыста болатын Каталог талаптарымен жүргізіледі.

7. Жекелеген сабақ түрлеріне рұқсат

7.1. Спорттық, хореографиялық, туристік және дене жүктемесіне байланысты өзге де бағыттағы сабақтарға Білім алушы белгіленген тәртіппен ресімделген медициналық рұқсат болған кезде жіберіледі.

7.2. Ата-ана Білім алушының дене жүктемелеріне қарсы көрсетілімдері, аллергиялары және денсаулық ерекшеліктері туралы мәліметтерді ұсынуға және оларды уақтылы жаңартып отыруға міндетті.

7.3. Медициналық рұқсат, нысанды киім, аяқ киім, керек-жарақ, қорғаныш құралдары болмаған кезде немесе сырқаттану белгілері байқалған кезде Мектеп Білім алушыны сабаққа жібермеуге құқылы. Көрсетілген негіздер бойынша жібермеу Мектептің қызмет көрсетуден біржақты бас тартуы болып табылмайды және қайта есептеуге әкеп соқпайды.

8. Қызметтер пакеттері

8.1. Қызметтер пакеті – Мектеп бірыңғай құн және пакеттік жеңілдік талаптарымен ұсынатын, алдын ала белгіленген қызметтер жиынтығы. Пакеттердің құрамы мен құны Қызметтер каталогымен (№ 2 қосымша) айқындалады.

8.2. Пакеттік жеңілдік пакеттің құрамына кіретін барлық қызметтің бүкіл төленген кезең ішінде қосылып тұруы шартымен беріледі.

8.3. Ата-ананың бастамасы бойынша пакеттің құрамын өзгерту Ф-02 нысаны бойынша, осы Ереженің 6.3-тармағының тәртібімен қайта есептеле отырып жүргізіледі.

8.4. Пакеттік жеңілдікті есептеу базасы, оны өзге жеңілдіктермен қосу тәртібі және қолданылу кезеңі Қызметтер каталогымен және Мектеп директорының бұйрығымен айқындалады.

9. Қосымша қызметтерді қаржыландыру бағдарламалары

9.1. Егер мұндай бағдарламалар қолданыста болса және Білім алушының оларға қатысуға расталған құқығы болса, жекелеген қосымша қызметтер мемлекеттік немесе өзге де қаржыландыру бағдарламалары есебінен, оның ішінде қосымша білім беруге арналған жекелеген ваучерлер есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

9.2. Мұндай бағдарламаларға құқықты растау, төленуге тиіс соманы есептеу және қаржыландыруды тоқтату салдары бөлігінде № 8 қосымшаның ережелері қолданылады.

9.3. Қосымша қызметті қаржыландыру тек расталған құқық болған кезде және расталған көлем шегінде қолданылады. Айырма Ата-ананың төлеуіне жатады.

10. Жауапкершілік және қорытынды ережелер

10.1. Егер қосымша қызметті іс жүзінде тартылған орындаушы көрсетсе, сапа мен қауіпсіздік үшін жауапкершілікті сол қызметті іс жүзінде көрсететін тұлға көтереді. Мектеп Білім алушының қызметке қолжетімділігін ұйымдастыруды және орындаушымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

10.2. Мектеп Офертаның 16.12-тармағының тәртібімен, А-06 нысаны бойынша хабарлама ресімдей отырып, Білім алушыны қосымша қызметтен уақытша шеттетуге құқылы.

10.3. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Офертамен, Қызметтер каталогымен, № 10 қосымшамен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

GYLYM МЕКТЕБІ директорының 20__ ж. «__» _____ № _____ бұйрығымен бекітілді.

Директор _____ / _____ М.О.

ПРИЛОЖЕНИЕ № 9 К ПУБЛИЧНОЙ ОФЕРТЕ

Положение о дополнительных образовательных услугах, кружках, секциях и пакетах услуг

ТОО «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» (GYLYM МЕКТЕБІ), БИН 221040010748, Республика Казахстан, г. Экибастуз, ул. Естая Беркимбаева, зд. 120.

Редакция публичной оферты: «18» июня 2026 года. Действует с «01» сентября 2026 года.

1. Общие положения

1.1. Настоящее Положение является неотъемлемой частью Оферты, принято во исполнение подпункта 5) пункта 20.3 Оферты и определяет порядок предоставления, подключения, оплаты, приостановления и прекращения дополнительных образовательных услуг.

1.2. Дополнительные образовательные услуги не входят в состав основного обучения по ГОСО, оказываются сверх него и выбираются Родителем добровольно.

1.3. Выбор или отказ от дополнительных услуг не влияет на право Учащегося на получение основного образования по ГОСО, на его зачисление, перевод и аттестацию.

2. Виды дополнительных услуг

Категория	Состав	Форма организации
Кружки и секции	творческие, спортивные, интеллектуальные объединения	групповая, по расписанию
STREAM-компонент	проектная и исследовательская деятельность	групповая, по расписанию
Тьюторство	сопровождение индивидуальной образовательной траектории	индивидуальная или малая группа
Самоподготовка	выполнение домашних заданий под сопровождением педагога	групповая
Адаптация	сопровождение вновь поступивших и учащихся с трудностями адаптации	групповая или индивидуальная
Индивидуальные занятия	занятия по отдельным предметам сверх учебного плана	индивидуальная
Продлённый день	пребывание Учащегося после окончания занятий	групповая
Иные услуги	по Каталогу услуг (Приложение № 2)	по описанию услуги

Конкретный перечень услуг, действующий в учебном году, утверждается приказом директора Школы и доводится до Родителя через официальные каналы взаимодействия.

3. Порядок подключения

3.1. Услуга подключается на основании: заявления Родителя (форма Ф-01), выбора услуги в личном кабинете или LMS, выбранного пакета услуг либо оплаты соответствующей услуги.

3.2. Подключение услуги подтверждает акцепт условий только в отношении этой услуги и не изменяет условий по иным услугам.

3.3. Услуга считается подключённой с даты, указанной в заявлении Родителя, либо с первого дня расчётного периода, следующего за датой оплаты, если иное не указано Школой.

3.4. Школа вправе отказать в подключении услуги при: отсутствии свободных мест в группе; недостижении минимальной наполняемости группы; несоответствии Учащегося возрастным, медицинским или квалификационным требованиям услуги; отсутствию медицинского допуска, формы, инвентаря или иного необходимого условия; наличии задолженности по ранее оказанным услугам.

4. Группы, расписание, наполняемость

4.1. Занятия проводятся по расписанию, утверждаемому Школой. Расписание может корректироваться в течение учебного года с уведомлением Родителя через официальные каналы взаимодействия.

4.2. Минимальная и максимальная наполняемость группы устанавливается Школой по каждому виду услуг. При недостижении минимальной наполняемости Школа вправе не открывать группу, объединить группы либо предложить Родителю альтернативную услугу или возврат оплаты за неоказанную услугу.

4.3. Школа вправе производить замену педагога, изменять состав групп, место и время проведения занятий при сохранении объёма и содержания услуги.

4.4. Занятие, не состоявшееся по вине Школы, переносится на другое время либо компенсируется перерасчётом по выбору Школы с уведомлением Родителя.

5. Пропуски и перерасчёт

5.1. Занятие, не посещённое Учащимся по причинам, не зависящим от Школы, считается оказанным и перерасчёту не подлежит, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 5.2.

5.2. Перерасчёт производится при: болезни Учащегося, подтверждённой медицинским документом; официально объявленном карантине; отсутствии, письменно согласованном со Школой не менее чем за 3 (три) рабочих дня; отмене занятия по инициативе Школы без переноса.

5.3. Перерасчёт производится в порядке, установленном Приложением № 10, и учитывается при выставлении счёта за следующий расчётный период.

5.4. Школа не обязана проводить дополнительные, повторные или индивидуальные занятия взамен пропущенных Учащимся по причинам, не зависящим от Школы, на безвозмездной основе.

6. Отказ от услуги и изменение пакета

6.1. Родитель вправе в любое время отказаться от дополнительной услуги путём подачи заявления по форме Ф-02 через официальные каналы взаимодействия.

6.2. Отказ вступает в силу с первого дня расчётного периода, следующего за периодом подачи заявления, если Школа не согласовала более раннюю дату.

6.3. При отказе от услуги, входящей в пакет, пакетная скидка пересчитывается: оставшиеся услуги тарифицируются по базовой стоимости Каталога с даты вступления отказа в силу. Такой перерасчёт не является неустойкой, штрафом или санкцией.

6.4. Повторное подключение ранее отключённой услуги производится при наличии свободных мест и на условиях Каталога, действующих на дату повторного подключения.

7. Допуск к отдельным видам занятий

7.1. К занятиям спортивной, хореографической, туристической и иной направленности, связанной с физической нагрузкой, Учащийся допускается при наличии медицинского допуска, оформленного в установленном порядке.

7.2. Родитель обязан предоставить сведения о противопоказаниях к физическим нагрузкам, аллергиях и особенностях здоровья Учащегося и своевременно их актуализировать.

7.3. Школа вправе не допустить Учащегося к занятию при отсутствии медицинского допуска, формы, обуви, инвентаря, средств защиты или при наличии признаков недомогания. Недопуск по указанным основаниям не является односторонним отказом Школы от оказания услуги и не влечёт перерасчёта.

8. Пакеты услуг

8.1. Пакет услуг — предустановленный набор услуг, предлагаемый Школой на условиях единой стоимости и пакетной скидки. Состав и стоимость пакетов определяются Каталогом услуг (Приложение № 2).

8.2. Пакетная скидка предоставляется при условии подключения всех услуг, входящих в состав пакета, в течение всего оплаченного периода.

8.3. Изменение состава пакета по инициативе Родителя производится по форме Ф-02 с перерасчётом в порядке пункта 6.3 настоящего Положения.

8.4. База начисления пакетной скидки, порядок её суммирования с иными скидками и период действия определяются Каталогом услуг и приказом директора Школы.

9. Программы финансирования дополнительных услуг

9.1. Отдельные дополнительные услуги могут финансироваться за счёт программ государственного или иного финансирования, включая отдельные ваучеры на дополнительное образование, если такие программы действуют и Учащийся имеет подтверждённое право на участие в них.

9.2. К таким программам применяются положения Приложения № 8 в части подтверждения права, расчёта суммы к оплате и последствий прекращения финансирования.

9.3. Финансирование дополнительной услуги применяется только при наличии подтверждённого права и в пределах подтверждённого объёма. Разница подлежит оплате Родителем.

10. Ответственность и заключительные положения

10.1. Если дополнительная услуга фактически оказывается привлечённым исполнителем, ответственность за качество и безопасность несёт лицо, фактически оказывающее услугу. Школа обеспечивает организацию доступа Учащегося к услуге и взаимодействие с исполнителем.

10.2. Школа вправе временно отстранить Учащегося от дополнительной услуги в порядке пункта 16.12 Оферты с оформлением уведомления по форме А-06.

10.3. Вопросы, не урегулированные настоящим Положением, регулируются Офертой, Каталогом услуг, Приложением № 10 и законодательством Республики Казахстан.

Утверждено приказом директора GYLYM MEKTEBI № _____ от «___» _____ 20__ г.

Директор _____ / _____ М.П.

ЖАРИЯ ОФЕРТАҒА № 10 ҚОСЫМША

Төлем, қайта есептеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібі туралы ереже

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы Екібастұз ғылым мектебі» ЖШС (GYLYM MEKTEBI), БСН 221040010748, Қазақстан Республикасы, Екібастұз қаласы, Естай Беркімбаев көшесі, 120-ғимарат.

Жария оферта редакциясы: 2026 жылғы «18» маусым. 2026 жылғы «01» қыркүйектен бастап қолданылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Офертаның ажырамас бөлігі болып табылады, Офертаның 20.3-тармағының 11) тармақшасын орындау үшін қабылданды және есептік кезеңді, төлем мерзімдері мен тәсілдерін, өсімпұл есептеу, қызметтерді тоқтата тұру, қайта есептеу және ақшалай қаражатты қайтару тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ереже Мектептің барлық ақылы қызметтеріне, оның ішінде ақылы негізгі оқытуға (№ 17 қосымша болған кезде), тамақтандыруға, қосымша білім беру қызметтеріне, үйірмелерге, секцияларға және өзге де ілеспе қызметтерге қолданылады.

2. Есептік кезең және құн

Есептік кезең	күнтізбелік ай
Оқу жылындағы төленетін айлардың саны	_____ (Мектеп толтырады)
I семестрдегі төленетін айлардың саны	_____
II семестрдегі төленетін айлардың саны	_____
Төлем енгізу мерзімі	төлем енгізілетін айдың _____ күніне дейін
Ата-ананың таңдауы бойынша төлем тәсілі	☐ ай сайын ☐ семестр үшін ☐ оқу жылы үшін
Мерзімін өткізгені үшін өсімпұл мөлшері	мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасының _____ %-ы
Өсімпұлдың шекті мөлшері	берешек сомасының _____ %-ынан аспайды
Ақшалай қаражатты Ата-анаға қайтару мерзімі	өтініш бойынша шешім қабылданған күннен бастап _____ жұмыс күні

2.1. Қызметтердің құны қызмет көрсетілетін күні қолданыста болатын Қызметтер каталогымен (№ 2 қосымша) айқындалады, бұл ретте расталған мемлекеттік қаржыландыру және берілген жеңілдіктер ескеріледі.

2.2. Егер Білім алушы оқуды есептік кезеңнің бірінші күнінен бастап бастамаса немесе қызметті бірінші күннен бастап қоспаса, бірінші кезең үшін құн оқу күндерінің санына барабар айқындалады.

3. Төлем мерзімдері мен тәсілдері

3.1. Төлем таңдалған кезең үшін аванспен (алдын ала төлеммен) осы Ереженің 2-бөлімінде, шотта немесе Акцепт-өтініште белгіленген мерзімде енгізіледі.

3.2. Төлем Мектептің банктік шотына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы, Мектеп қолданатын төлем жүйелері арқылы не Мектеп Ата-анаға жеткізген өзге де тәсілмен жүргізіледі.

3.3. Төлем жөніндегі міндет ақшалай қаражат Мектептің шотына есепке алынған күннен бастап орындалды деп есептеледі. Банктер мен төлем жүйелерінің комиссияларын Ата-ана қызметтер құнынан тыс төлейді.

3.4. Төлем кезінде Ата-ана төлемнің мақсатында Білім алушының Т.А.Ә.-сін, сыныбын және төлем енгізілетін кезеңді көрсетуге міндетті. Мұндай мәліметтер болмаған кезде Мектеп төлемді 4.2-тармақта белгіленген кезектілікпен есепке жатқызуға құқылы.

4. Төлемдерді есепке алу және өтеу кезектілігі

4.1. Түскен ақшалай қаражат Мектептің есепке алу жүйесінде Білім алушының дербес шотында есепке алынады.

4.2. Берешек болған кезде толық өтеу үшін жеткіліксіз түскен сома мынадай кезектілікпен есепке жатқызылады: 1) негізгі оқыту бойынша берешек (ақылы оқыту кезінде); 2) тамақтандыру бойынша берешек; 3) өзге де қызметтер бойынша берешек – туындау ретімен; 4) өсімпұл; 5) ағымдағы кезең.

4.3. Ата-ана өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы есеп айырысулардың жай-күйі туралы мәліметтерді және салыстырып тексеру актісін (А-08 нысаны) сұратуға құқылы.

5. Мерзімін өткізу, өсімпұл және қызметтерді тоқтата тұру

5.1. Төлем мерзімі бұзылған кезде Мектеп Ата-анаға берешек сомасын, оның пайда болу кезеңін және өтеу мерзімін көрсете отырып, берешек туралы хабарлама (А-07 нысаны) жібереді.

5.2. Өсімпұл осы Ереженің 2-бөлімінде белгіленген мөлшерде төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап нақты өтелген күнді қоса алғанда есептеледі.

5.3. Берешек 10 (он) күнтізбелік күннен астам болған кезде Мектеп Ата-ананы кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ете отырып, берешек өтелгенге дейін қосымша және ілеспе қызметтерді (тамақтандыру, үйірмелер, секциялар, тьюторлық, ұзартылған күн) көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

